



ҚАУІПСІЗДІК

САПА

ТҰРАҚТЫЛЫҚ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

/// 2020

МАЗМҰНЫ



2020 жылдың негізгі жетістіктері.....	2
2020 жылдың негізгі оқиғалары.....	6
Басқарма Төрағасының үндеуі.....	10

1 / Зауыт туралы	14
Стратегия.....	24
Сыртқы ортаға шолу.....	25
Операциялық қызметтің нәтижелері.....	27
Қаржы-экономикалық жыл қорытындылары.....	36
Коммерциялық қызмет.....	43
Бизнес-бастамалар.....	48
7 жаңа жоба.....	53
Сатып алудың тәжірибелері.....	61
2 / Тұрақты даму	64
Қызметкерлерді басқару.....	69
Қоршаған ортаны қорғау.....	90

3 / Корпоративтік басқару	110
Басқару құрылымы.....	112
Қатысушылардың жалпы жиналысы.....	112
Қадағалау кеңесі.....	113
«АМӨЗ» ЖШС Қадағалау кеңесінің құрамы.....	116
Қадағалау кеңесінің қызметі.....	122
Басқарма.....	124
Басқарманың құрамы.....	126
Басқарма мүшелеріне сыйақы беру.....	132
Комплаенс-бақылау.....	132
Корпоративтік әдеп.....	135
Корпоративтік қағидаттар.....	136
Ішкі аудит.....	138

4 / Тәуекелдерді басқару	141
Тәуекел-менеджмент жүйесі.....	142
Тәуекелдер картасы.....	144
Ішкі аудит жүйесін енгізу.....	146
Негізгі тәуекелдер.....	147

5 / Қосымша. Қаржы есептілік	152
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі.....	154
Қаржылық жағдай туралы есеп.....	160
Жиынтық кіріс туралы есеп.....	161
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.....	162
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	163
Қаржылық есептілікке ескертпелер.....	164
Глоссарий.....	206
Байланыстар.....	211



2020 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ



Өндіріс

ЖАҢА ҚҰБЫРЛАРДЫ МОНТАЖДАУ
ЗАУЫТТЫҢ ТАУАРЛЫҚ ПАРКІНДЕ
ЖАНАРМАЙЛАРДЫҢ САҚТАУ
КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТТЫ

38-ден **57** мың тоннаға дейін

ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТА ЖАНАРМАЙ
ШЫҒАРЫЛДЫ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТІЛДІ:

АИ-92 **208** мың тонна

ДТ (қысқы) **26** мың тонна

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ҚОНДЫРҒЫ САНЫ

ЖАҢА РТУҒА
ДЕЙІН **9**

ЖАҢА РТУДАН
КЕЙІН **24**

- Тактілі құюдың автоматтық қондырғысы (ТҚАҚ) іске қосылып, ашық түсті мұнай өнімдерін 100% құюға көшті;
- МӨӨжәнеТ-ке жаңа құбыр желілері мен манифольдты монтаждау арқылы зауыт қондырғыларынан (ХКӨ, МТӨӨ және МӨТКӨ-ден ағындардың бөлігі шыққан жоқ, жобамен қарастырылмаған) жанармайлардың барлық ағынын жанармайлардың автоматтық араласу станциясына (ЖААС) шығару жүзеге асырылды. Жобаның орындалуы, зауыттың тауарлық паркінде жанармайлардың сақтау көлемін **38-ден 57 мың тоннаға** дейін ұлғайтты.
- Экспорттық бағыттағы К-4 (Евро-4), К-5 (Евро-5) класының дизельді отыны және АИ-92 жанармайы шығарылып, жөнелтілді:
 - АИ-92 – **208 мың тонна**;
 - ДО (қысқы) – **26 мың тонна**,
ДО (жазғы) – **96 мың тонна**.
- Жол картасы әзірленді және №1 өзг. (DMX, DMA, DFA, DMZ, DFZ, DMB, DFB маркалары) ГОСТ 32510-2013 бойынша Кемелік дистилляторлық отынды өндіруге дайындық іс-шаралары басталды;
- «Атырау МӨЗ» ЖШС «Параксилол», «Бензол» и «Жанармай АИ-92» үш өнімі бойынша **REACH** өнімдеріне бағдарланған халықаралық сертификаттаудан өткен.



Технологиялар

2020 жылы Атырау МӨЗ-нің технологиялық қондырғыларында жұмыстың неғұрлым жоғары экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында, К4 и К5 класстарының стандарттарына сәйкес келетін сапалы өнімдерді шығаруды қамтамасыз ету үшін мақсатты өнімдердің көлемін ұлғайту және өндірілетін компоненттердің сапалық сипаттамаларын арттыру шаралары енгізілді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша:

1. Зауыт тарихындағы ең жоғары НҚК:
 - қайта өңдеудің тереңдігі – **77,2%**;
 - ашық түсті мұнай өнімдерінің шығуы – **59,2%**.
2. Ашық түсті өнімдер өндірісінің өте жақсы көрсеткіштері:
 - автожанармай – **1 053 978 тонна**;
 - дизельдік отын – **1 472 181 тонна**;
 - реактивтік отын РО – **84 086 тонна**.
3. 2020 жылы мұнай-химиялық өнімдердің рекордтық көлемі өндірілді – **250 443 тонна**.
4. Khazar-38, –32 дизельдік отын өндірісі. 2020 жылы **44,0 мың тонна** жөнелтілді.
5. К5 (Евро-5) (күкірттің құрамы 10 ppm-нан артық емес) экологиялық класына сәйкес келетін 100% экологиялық таза дизельдік отын өндірісі.
6. ASTM D 1655 В стандарты бойынша турбореактивті қозғалтқышқа арналған **Jet A-1** реактивтік отынын өндіруге дайындық іс-шаралары аяқталды.

АШЫҚ ТҮСТІ ӨНІМДЕР
ӨНДІРІСІНІҢ ӨТЕ ЖАҚСЫ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

автожанармай

1 053 978
тонна

дизельдік отын

1 472 181
тонна

реактивтік отын РО

84 086
тонна

REACH сертификаты – тіркелгенде және Еуропалық одақтың аумағында жеңіл айналымы мақсаттарында химиялық заттардың сәйкестігін бағалау кезінде рәсімделетін құжат. 18.12.2006 ж. (Regulation EC № 1907/2006) EC 1907/2006 Регламентіне сәйкес, REACH сертификаты (Registration, Evaluation and Authorisation of Chemicals) ЕО аумағында химиялық өнімдердің айналымы мен өндірісті реттеу саласында бар заң шығару базасын жетілдіру және оңтайландыру үшін қажет.

REACH сертификаттауынан өту және тіркелу нәтижелері бойынша «АМӨЗ» ЖШС, Еуропалық одақтың барлық елдеріне Параксилон, Бензол мен АИ-92 жанармайын әкелу құқығына ие болды.



Қаржылар

- 2020 жылдың қаңтар айында «АМӨЗ» **46 млрд теңгеге** «Қазақстанның даму банкі» АҚ-на теңгемен жеңілдікті қарыз алды. Қаражат «Қазақстан Халық банкі» АҚ және Қытай экспорттық-импорттық банкіндегі валюталық қарыздарды мерзімінен бұрын жартылай өтеуге толықтай бағытталған.
- 2020 жылдың желтоқсан айында «Қазақстан Халық банкі» АҚ-на валюталық қарыз бойынша **98 млн АҚШ доллары** көлеміндегі қалдық теңгеге айырбасталды.
- 35,3 млрд теңгеге** салықтарды АМӨЗ Атырау қаласының бюджетіне аударды – 2019 жылға қарағанда 21%-ға өсті.



Әлеуметтік сала

- Зауыт инфрақұрылымының бірқатар объектілер қайта құрылды.
- Кешенді, білікті медициналық көмек көрсетуге арналған жаңа медициналық орталық ашылды.
- Мұнай-химия экологиясы және инженериясы институты пайдалануға берілді.
- Зауыттың білікті мамандарына жаңа пәтерлердің кілттері табысталды.
- Кәсіпорынның 75 жылдығына орай жаңартылған тарих және еңбек даңқы мұражайы ашылды.
- Орталық асхана қайта салынды.

2020 Жылдың негізгі оқиғалары



«Атырау МӨЗ» ЖШС және MEDIKER компаниясы зауыт персоналына **кешенді медициналық қызмет көрсету бойынша келісімге** қол қойды.

Қаңтар



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері Атырау МӨЗ-да болды. АМӨЗ-да АТ ЭЛТҚ-2, БДОГ ҚҚ, СӨТҚ (78 тит.) МӨТКӨ мен КжКӨ КӨҚ технологиялық қондырғыларының **жабдықта-рын жоспарлы тоқтатпалы жөндеу** басталды.

Наурыз

Сәуір



Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай зауыттықтар **«Ұрпақ алғысы» акциясын** өткізді. АМӨЗ-да күрделі жөндеуден соң, алты әкімшілік-тұрмыстық нысан пайдалануға берілді.

Мамыр

Маусым

Халықаралық балаларды қорғау мерекесіне орай АМӨЗ балалардың суреттері арасындағы байқауын өткізді. **Сенбілік аясында** 700-ден астам зауыттық зауыт аумағын ретке келтіруге шықты.



Химия өнеркәсібі қызметкерлері күніне орай зауыттың бірқатар ардагерлері мен бүгінгі жұмысшылары марапаттарға ұсынылды.

Атырау МӨЗ-ның төрт өндірісінің: МӨТКӨ, ХКӨ, КжКӨ, МТӨӨ, **15 технологиялық қондырғыларында жоспарлы-тоқтатпалы жөндеу** басталды. Күрделі қайта жөндеуден соң, зауыттың орталық асханасы қайтадан ашылды. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы **Алик Айдарбаев** Атырау облысына жұмыс сапарымен барды. Жаңа **медициналық орталық** ғимаратының ашылуы.

Шілде

Тамыз

Атырау МӨЗ жұмысшыларының 100 отбасы бірден мұнай астанасының **Victory park тұрғын үй кешенінің жаңа пәтерлерінің кілттерін** алды. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Басқарма Төрағасы **Ахметжан Есімов** Атырау МӨЗ-на жұмыс сапарымен барды. Кәсіпорынның 75 жылдығына орай, **тарих пен еңбек даңқының жаңартылған мұражайы** ашылды.



Ақпан

«АМӨЗ» ЖШС-нің Бас директоры Ш. Данбай салтанатты жағдайда зауыттың болашағы бар 13 жас маманына **пәтерлердің кілттерін** табыс етті. «Атырау МӨЗ» ЖШС мен С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті өзара түсіністік пен әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Атырау МӨЗ оқу орталығының базасында зауыттықтар үшін **Co-working** орталығының салтанатты ашылуы өтті.



АМӨЗ-да санитарлық режим күшейтілді: аумақ пен әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарды залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде.

АМӨЗ жұмысшылары патриоттық челлендж ұйымдастырды. Олар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны мен белгілі «Атамекен» әнін орындады.

Мұнай-химияның өнімдері – Атырау МӨЗ-да өндірілетін бензол және параксилол, **REACH халықаралық сертификаттауынан өтіп**, ЕО елдеріне экспорттау құқығына ие болды.





Атырау мұнай өңдеу зауыты өзінің 75 жылдығын атап өтуде.

Атырау қаласының қоғам мүшелері АМӨЗ-ның экологиялық жобаларымен танысты.

Қыркүйек



«АМӨЗ» ЖШС-нің Бас директоры Ш. Данбайдың АРЕС Petrotechnic Жоғарғы колледжінің басшылығымен кездесуі өтті.

SOLOMON: өндірістік қызметті жетілдіру жөніндегі жоба III-фазаға енді.

Қазан



Кәсіпкерлер күніне орай, зауыттың бірқатар қызметкерлері мен ардагерлері марапатталды.

Жайық-Каспий Орхус орталығының алаңында Атырау МӨЗ технологтары мен Атырау қаласының қоғам белсенділері арасында онлайн-конференциясы өтті.

LED-экранда АМӨЗ **атмосфералық ауаның жай-күйі туралы деректер** жарияланды.

Қараша



Атырау АМӨЗ және С. Өтебаев атындағы АМЖГУ-де **мұнай-химия инженериясы мен экологиясы институтын** ашу туралы бірлескен жобасы іске асты.

Атырау МӨЗ-ның катализдік крекингтің жеңіл нафтасының эфирлену қондырғысында (ТАМЭ) КОМПАКС® автоматтық диагностика мен техникалық жағдайдың мониторингінің бірінші жүйесін енгізу аяқталды.

АМӨЗ мамандары КЖК – **компьютерлік жаттығу кешенінің** көмегімен жұмыс дағдыларын жаттықтырады.

Желтоқсан



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ДАНБАЙ Шухрат Абдурашитұлы
«АМӨЗ» ЖШС Басқарма Төрағасы

Құрметті әріптестер,

2020 жыл Қазақстан үшін оңай жыл болған жоқ. Ел басшылығы COVID-19 коронавирустық инфекциясы пандемиясымен күресу үшін ауқымды іс-шараларды өткізуге мәжбүр болды, сонымен бірге, өткен жылы көктемде төтенше жағдай енгізілген болатын, ал карантин мен шектеулерді бүкіл ел бойынша ұйымдастыру жұмыстары әртүрлі формада жыл соңына дейін сақталды. Бұл елдегі жұмыс белсенділігінің төмендеуі мен өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыстарының күрделенуіне әкелді. Пандемиямен күрес аясында ұқсас жұмыстар әлем бойынша жүргізілді және қазақстандық экспорттық өнімнің сұранысына теріс әсерін тигізген әлемдік экономиканың төмендеуіне әкелді.

Экономиканың барлық салалары секілді мұнай өңдеу секторы да бірқатар қиындықтарды бастан кешті. Бірақ, «Самұрық-Қазына» қорының жедел ден қою әрі ойластырылған шаралары және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы арқасында кәсіпорын тобының өндірістік потенциалымен ең бастысы, жұмыс орындары мен еңбекақы сақталды.

Бүкіл ел үшін қиын кезеңде Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымы бұрын соңды болмаған шоғырланған ерік күшін, ұйымшылдық пен саналылық танытты. Қатаң карантин кезеңінде зауыт бір минутқа болсын жұмысын тоқтатпай, штаттық режимде жұмыс істеп, әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін шығару бойынша ҚР Энергетика министрлігінің өндірістік жоспарын орындады. Оның үстіне, пандемияның шарықтау шегі кезінде біз 15 технологиялық қондырғының жоспарлы жөндеуін сәтті өткіздік және белгіленген мерзімде оны іске қостық.

2020 жылдың қорытындысы бойынша шикізатты қайта өңдеу көлемі **5,016 млн тоннаны** құрады. Өнімді өндіру көлемі **4,5 млн тоннаға** жетті. Сонымен қатар, зауыт тарихында

ең жоғары НҚК-не қол жетті: қайта өңдеу тереңдігі **77,2%** құрады, ал ашық түсті мұнай өнімдерінің шығуы – **59,2%** болды. Бұл – зауыттың технологиялық қондырғыларын жаңғырту жұмыстарын жүргізу арқылы мүмкін болды.

2020 жылы қосылған құны жоғары өнімді – бензол және параксилолды өндіру және экспортке жөнелтуді екі еседей көбейттік. Автожанармайлардың экспорттық көлемін ұлғайттық. Өткен жылы сыртқы нарыққа бірінші рет К5 экологиялық класына сәйкес келетін, минус 38С сүзгіш шекті температурасымен біздің **Khazar аязға төзімді дизельдік отынымыз** жеткізіле басталды.

Параксилол, бензол және АИ-92 жанармайын Еуропалық одақтың барлық елдеріне әкелу құқығын беретін **REACH халықаралық сертификатын** иеленуі, зауыт үшін маңызды оқиға болды.

Пандемияның кесірінен пайда болған барлық қиындықтарға қарамастан, 2020 жылы біз кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сақтай алдық. Зауыт мемлекеттік бюджет алдындағы өзінің міндеттерін орындап қана қоймай, аударымдар сомасын да ұлғайтты.

2020 жылдың қорытындысы бойынша шикізатты қайта өңдеу көлемі **5 016 мың тоннаны** құрады

2020 жылдың 12 айдағы қорытындысы бойынша АМӨЗ мемлекет қазынасына **40,2 млрд теңге** көлемінде салық төледі.

2020 жыл біз үшін мерейтойлық жыл болды – АМӨЗ-на **75 жыл** толды! Осы күннің құрметіне, сондай-ақ, қызметкерлерге қамқорлықты басшылыққа ала отырып, біз зауыттық инфрақұрылымның бірқатар объектілеріне қайта құру жұмыстарын жүргіздік. Жаңа медициналық орталық аштық, орталық асхана мен зауыттық мұражайды күрделі жөндеуден өткіздік. Осы объектілердің барлығы заманауи жабдықтармен жарақтанған. **142 зауыттық** жаңа және көптен күткен баспананың бақытты иегерлері атанды. Олардың қатарында, өзінің нәтижелі жұмыстарымен АМӨЗ-на еңбегі сіңген және зауыттың жұмысында болашағы бар мамандар бар.

Бүгінгі АМӨЗ – мұнай-химия мен мұнай өңдеу саласында әлемнің үздік технологиялары енгізілген жаңа зауыт. Сол себепті, осы тамаша өндірісте сауатты, жоғары

білікті жұмысшылардың жұмыс істегені дұрыс. Біздің салада маман тапшылығын шешу мақсатында біз С. Өтебаев атындағы АМЖГУ-мен бірлесіп, маңызды және көп күткен жоба – мұнай-химия инженериясы мен экологиясы институтын ашу жұмысын жүзеге асырдық. Бірегей білім орталығы мұнай өңдеу және газ-химия өнеркәсібінде сұранысы жоғары мамандарды дайындайтын болады. Ал 2021 жыл АМӨЗ-да Білім жылы деп жарияланды!

2020 жыл бізге төзімділікке сынақ жылы болумен қатар, оң өзгерістер, кәсіби өсу және белгіленген көрсеткіштерге жету жылы болды. Біз жеткен жетістіктерге қуанып, онымен шектеліп қалмаймыз, алдымызда әлі көп жоспар мен өнімді жұмыстар бар. Бірінші кезекте, біз қосылған құны жоғары мұнай өнімдерін қоса алғанда өндірістің тиімділігін арттыру жұмыстарын жалғастырып, өндіріс технологиясын жетілдіретін боламыз.





ҚАУІПСІЗДІК

САПА

ТҰРАҚТЫЛЫҚ



*Зауыт
туралы*

2020 ЖЫЛЫ МҰНАЙ-
ХИМИЯ ӨНІМІНІҢ
РЕКОРДТЫҚ КӨЛЕМІ

250 443

ТОННА

- 24 Стратегия
- 25 Сыртқы ортаны шолу
- 27 Операциялық қызметтің нәтижелері
- 36 Қаржы-экономикалық жыл қорытындылары
- 43 Коммерциялық қызмет
- 48 Бизнес-бастамалар
- 53 7 жаңа жоба
- 61 Сатып алулар практикалары

/ ЗАУЫТ ТУРАЛЫ

Атырау МӨЗ – Қазақстандағы көне және өз саласында мойындалған көшбасшы кәсіптік кәсіпорын.

Кәсіпорынның алғашқы цехтары 1945 жылы 8 қыркүйекте Ұлы Отан соғысы жылдары пайдалануға берілді. Зауыттың ашылуы айырықша стратегиялық сипатқа ие болды. Бастапқы өңдеу қуаты жылына 800 мың тоннаны құрады.

Біртіндеп зауыт ел экономикасы үшін маңызды мәнге ие болды. 60-шы жылдары жаңа қондырғыларды құру арқылы мұнай өңдеу көлемін ары қарай ұлғайту бағыты қолға алынды. Атырау МӨЗ ұзақ уақыттар бойы Қазақстанда көліктік отын шығаратын жалғыз кәсіпорын болды.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң АМӨЗ нарықтық экономикаға өту, рентабельділіктің жоғарылауы, мұнай өңдеуде әлемдік трендтерді игеруде өзінің қиын даму жолынан өтті.

Соңғы бірнеше жылдар ішінде индустрияландыру бағдарламасы аясында АМӨЗ-да істеп тұрған технологиялық қондырғыларды жаңғырту, заманауи мұнай өңдеу кешендерін салу, мұнай-химия кластерін қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жасалды. Қайта құру мен жаңғырту жұмыстары АМӨЗ-на әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін: жоғары октанды автожанармайлар, экологиялық таза дизотын, аралас авиакеросиннің қосымша көлемін алу арқылы авиатотынды көбірек шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте зауытта шығатын жанармайдың сапасы, **құрамында 1%-дан төмен бензол бар, Евро-4,5** стандарттарына дейін жеткізілді.

Мұнай-химия саласының кезекті дамыту мақсатында зауыттың негізгі міндеті шешілді: Қазақстанда тұңғыш рет бензол мен параксилол өндірісі құрылды.

Жаңғыртудың соңғы кезеңі – мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы халықаралық консорциумның, құрамына енген **«Sinopec Engineering (Group), Co. Ltd» (ҚХР), «Marubeni Corporation» (Жапония) және қазақстандық «МГҚК «ҚазҚұрылысСервис» АҚ** күшімен жүзеге асты. 55 алаңда жүргізілген құрылыста **104 отандық компания** қатысты. Жоба аясында барлығы 12 технологиялық қондырғы мен 40-тан астам жалпызауыттық шаруашылық объектілері салынды. Ауқымды жаңарулар қазіргі бүгінгі отын нарығында АМӨЗ-да бәсекеге қабілеттілікті сақтауға және қоршаған ортаға зиянды әсер етуді азайтуға көмектесті. Қайта құрудың стратегиялық мақсаты – жұмыс істеп тұрған кәсіпорында заманауи техникалық базаны салу. Бүгінде зауыт өнімі әлем нарығын сенімді түрде жаулап келеді.

Кәсіпорынның барлық жетістіктерінің іргетасы, шығарылатын өнімнің сапасына барынша назар аудару болып табылады. АМӨЗ-дің алғашқы жұмыс күнінен бастап, орталық зауыттық лаборатория жұмыс істейді, оның қарамағында


бүгін – 680-нен астам өлшеу құралдары және өнімді құжаттау бойынша күнделікті 300 мыңға жуық сынақ өткізуге мүмкіндік беретін жүз бірліктен астам сынақ жабдықтары бар. ОЗЛ зерттеу орталығында таяу және алыс шетел кәсіпорындарында оқудан өткен жоғары кәсіби жұмысшылармен қамтылған сапа менеджменті жүйесі енгізілген. Бұдан бөлек, зауыттың кадрлық құрамында – менеджменттің интеграцияланған жүйесі бойынша мұнай өнімдерін сертификаттау және ішкі аудиторлар бойынша 7 сарапшы-аудитор бар.

Зауыт қызметкерлері – «АМӨЗ» ЖШС-нің басты ресурсы және негізгі құндылығы болып табылады. Өз ісіне берілген, үздіксіз дамуды жақтайтын, қайсар және зауыттың бизнесіне терең бойлаған қызметкерлер – барлық бастамалар мен жобаларда сәттіліктің негізгі кілті болып табылады. 2020 жылдың қиындығына қарамай, кәсіпорын ұжымы сәтті дамуын жалғастыруды және нағыз заманауи үрдістеріне ілесуді көрсетуде.

Істеп тұрған технологиялық қондырғылардың өнімділігі

Тех. қондырғылардың атауы	Жобалық қуаты	Өлш.бір.
АТ ЭЛТҚ-2	252.2	т/сағ
АВТ ЭЛТҚ		
АҚ блогы	378.8	т/сағ
ВҚ блогы	227.2	т/сағ
ЛГ-35-11/300-95		
ГТ блогы	72.0	м ³ /сағ
кат. риф. блогы	72.0	м ³ /сағ
ССР	126.2	т/сағ
РХ	362.0	т/сағ
ТАӨҚ	3 300.0	м ³ /сағ
БКҚ	121.0	т/сағ
МКҚҚ	23.0	т/сағ
БДОГ ҚҚ		
ЖБ ГТ блогы	81.7	м ³ /сағ
изомерлену блогы	32.0	м ³ /сағ
ДОП және ГТ блогы	198.0	м ³ /сағ
КӨҚ	1 460.0	кг/сағ
СӨТҚ		
СТҚ	11 057.0	нм ³ /сағ
СДҚ	5 612.0	нм ³ /сағ
Т 3201	300.0	т/сағ
Т 3202	55.9	т/сағ
Т 3203	55.2	т/сағ
Т 3204	179.0	т/сағ
Т 3205	101.0	т/сағ
Т 3206	162.0	т/сағ
Т 3207	49.0	т/сағ
Т 3208	44.0	т/сағ
Т 3209 31 А блогы	88.0	т/сағ
31 В блогы	33.0	т/сағ
32 блогы	65.0	т/сағ
33 А блогы	4.9	т/сағ
33 В блогы	4.9	т/сағ
Т 3210	10.7	т/сағ
Т 3211	31.0	т/сағ
Т 3212 (СДҚ)	6.9	т/сағ
Т 3212 (СТҚ)	8,700.0	нм ³ /сағ

«АМӨЗ» ЖШС БЛОК-СХЕМАСЫ ЖӘНЕ АҒЫНДАРЫ





2020 жылғы тамызда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы А. Айдарбаев, Атырау облысының әкімі М. Досмұхамбетов қатысуымен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Басқарма Төрағасы А. Есімовтің жұмыс сапарымен келуі

/ СТРАТЕГИЯ

«АМӨЗ» ЖШС-нің 2014–2022 жылдарға даму стратегиясы, АМӨЗ-ның тиімділігінің көрсеткіштерін ұлғайту мен стратегиялық тұрақтылығын қарастыратын негізгі қызмет түрі бойынша даму бағытын айқындайды.

Стратегиялық басымдықтар

- Тұрақты даму және ішкі мұнай өнімдері нарығын тұрақтандыру бөлшегінде мемлекетке жәрдемдесу үшін кәсіпорынның тиімділігін ұлғайту;
- Өндірісті өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік жауапкершілік және кадрлық потенциалдың дамуы;
- Тәуекелдерді мұқият талдау негізінде жедел әрі инвестициялық қызметте шешімдер қабылдау;
- Қазақстандық құрамды ұлғайту және отандық өндірушілерді қолдау;
- Кешенді инновациялық-технологиялық даму;
- Шешім қабылдағанда және оларды іске асырғанда жүйелілік және жеделділік;
- Энерготиімділікті ұлғайту және «жасыл экономика» векторы аясында даму.

МҰНАЙ ӨНДЕУ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ
5,5 млн тоннаға дейін

МҰНАЙ ӨНДЕУ ТЕРЕҢДІГІН АРТТЫРУ
87% -ға дейін

Стратегиялық мақсаттар

- Мұнай өнімдері өндірісінің, сондай-ақ, жоғары қосылған бағамен тиімділігін арттыру және өндіріс технологияларын жетілдіру;
- Өндірісте қауіпсіздікті арттыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
- Жабдықтардың техникалық қызмет көрсету мен тиімділігін арттыру.

Стратегиялық міндеттер

- Мұнай өңдеу көлемін жылына 5,5 млн тоннаға дейін арттыру;
- Мұнай өңдеу тереңдігін 87%-ға дейін арттыру;
- Зауыттың технологиялық қондырғыларының (технологиялық отын мен қайтарымсыз шығындарды азайту) жұмысының тиімділігін арттыру.


/ СЫРТҚЫ ОРТАҒА ШОЛУ

Коронавирус пандемиясы және онымен күресу бағытындағы карантиндік шаралар 2020 жылы жаһандық экономиканың құлдырауына әкелді. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша әлемдік экономика 4,3%-ға қысқарды. Оның ішінде, экономикасы дамыған елдерде құлдырау 5,4%-ға, ал дамушы елдерде 2,6% болды.

Қазақстан да пандемиямен күрестің теріс экономикалық салдарына тап болды. Ұйымдардың жұмысына шектеу салған төтенше жағдай режимі мен ел аумағында жарияланған карантин, іскерлік белсенділікті құлдыратуға әкелді. 2020 жылы

Қазақстанның ЖІӨ 20 жыл ішінде бірінші рет қысқарды. Құлдырау 2,6%-ды құрады. Қызмет көрсету саласында құлдырау 5,6%-ды құрады, бұл ретте өндіріс өсімі 2%-ды көрсетті.

ЖІӨ динамикасы




■ Өндіріс әдісі арқылы жалпы ішкі өнім, млрд теңге
— Алдыңғы жылға пайызда өсім/құлдырау, % (оң шкала)


Қазақстанның мұнай саласы қатты қысымның астында қалды. Экономикалық құлдырау мен әлемнің көптеген елдерінде жұмыстың тоқтауына байланысты мұнай мен мұнай өнімдерін тұтынудың төмендегені байқалды, қорларды жылдам жинақтау басталды, әлемдік мұнай қоймаларының толып кету қаупі туды, мұнай құны тез құлдырай бастады. ҚР Үкіметі ОПЕК+ елдері секілді 2020 жылы мұнай өндіру бойынша шектеулі шаралар енгізді, ол нарықтың тұрақтануына көмектесті. 2020 жылы ҚР-да мұнай өндіру 90,5 млн-нан 85,7 млн тоннаға дейін төмендеді. Бір жыл ішінде 68,5 млн тонна мұнай экспортталды.

Қазіргі таңда Қазақстанда үш ірі (Атырау, Павлодар, Шымкент) мұнай өңдейтін зауыт және отыздан астам шағын-МӨЗ жұмыс істейді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 11,53 млн тонна мұнай өнімі қайта өңделді. 4,48 млн тонна жанармай, 4,55 млн тонна дизельдік отын, 2,1 млн тонна мазут, 438 мың тонна авиаотын, 1 млн тонна битум өндірілді.


Қазақстанда мұнай өндіру, млн тонна



Мұнай экспорты, млн тонна



Мұнай өнімдері қайта өңделді, млн тонна



/ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2020 жылдың қорытындысы бойынша АМӨЗ-да шикізатты қайта өңдеу көлемі **5,016 млн тоннаны** құрады. Өндірім көлемі 4,5 млн тоннаға жетті, оның ішінде, 29% мөлшермен дизельдік отынға, 21% автожанармайға және 21% мазутқа тиесілі.

БКҚ ауыр газойлды шығару желісін ККҚ-ға монтаждаумен қайта өңдеу-

дің тереңдігі есеппен 1,0%-ға ұлғайтылды. АВТ ЭЛТҚ-3 қондырғысында ағымдағы жөндеу кезеңінде К-5 бағанының ішкі құрылғыларын ауыстыру іс-шаралары болды. ВҚ блогының К-5 бағанында байланыс құрылғыларын ауыстырған соң, вакуумды газойльдің өндірімі жобалық көрсеткіштерге жеткізілді (шикізатты жүктеуден 48% кем емес).

Өнімді өндіру динамикасы, тонна

Өнімнің атауы	2018	2019	2020	Өзг. %
Өнімді өндірудің көлемі, тонна	4,742,256	4,790,217	4,370,535	-8,8
Автожанармайлар өндірісі	1,191,482	1,198,178	1,032,120	-13,9
РТ отынының өндірісі	40,878	104,078	77,805	-25,2
Дизельдік отынның өндірісі	1,458,633	1,547,560	1,456,169	-5,9
Тұрмыстық пеш отынының өндірісі	128,743	10,754	24,018	123,3
Бензол өндірісі	16,202	26,607	43,786	64,6
Мазут өндірісі	1,144,707	1,235,842	1,047,767	-15,2
Вакуумды газойльдің өндірісі	444,674	344,523	324,454	-5,8
Кокстың өндірісі	130,666	134,820	127,843	-5,2
Сұйытылған газ	165,844	126,951	126,902	0,0
Күкірт	4,055	4,397	4,999	13,7
Параксиллол өндірісі	16,372	118,644	206,947	74,4
Жартылай фабрикаттардың қалдықтарының өзгеруі		-62,137	-102,275	

Қайта өңдеу көлемінің динамикасы, тонна

Өнімнің атауы	2018	2019	2020	Өзг. %
Барлық қайта өңдеу, тонна	5,267,734	5,388,245	5,016,303	-6,9
сон. қат. мұнай				
маңғышлақ мұнайы	4,690,113	5,233,791	4,922,102	-6,0
мартышин мұнайы	505,483	92,111	38,670	-58,0
жеңіл мұнай	25,299	-	-	-
ПГФ	43,380	53,838	50,120	-6,9
газ конденсаты	3,460	8,504	5,411	-36,4
H ₂ табиғи газының сутегі	-	-	5,296	-



ШОШАНБАСОВ Адилет Турысханович
Бас технолог

«2020 жылғы эпидемиологиялық жағдай мен пандемиямен күресте қабылданып жатқан шараларға қарамастан, зауыт жыл ішінде штаттық режимде жұмыс істеді. Біз өндірістік бағдарламаны сәтті орындадық және қажетті жөндеу жұмыстарын өткіздік.

Зауытпен рекордтық өндірістік көрсеткіштер қол жеткізілді. Қайта өңдеу тереңдігі 77,2%-ға жетті. Ашық түсті мұнай өнімдерінің шығуы 2019 жылғы 58,1%-дан 2020 жылы 59,2%-ға өсті.


Өткен жылы ашық түсті мұнай өнімдерін (автожанармай, д/отыны және РТ маркалы реактивті отын) 100% құюға өтумен тактілі құю автоматтық қондырғысы іске қосылды.

Жаңа құбырларды монтаждау, барлық жанармай ағындарын зауыт қондырғыларынан жанармайды араластыру автоматтандырылған станциясына (ЖААС) шығуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде зауыттың тауар паркінде жанармайды сақтау көлемі 38-ден 57 мың тоннаға дейін өсті.


Өнімді өндірудің көлемі, мың тонна



Барлық қайта өңдеу, мың тонна



Қайта өңдеудің тереңдігі



2020 жылы біз автожанармайлар мен дизельдік отынның экспортын едәуір өсірдік, ол ішкі нарықтың қаныққаны арқасында болды. Зауыттың өсіп келе жатқан қуаты еліміздің экономикалық әлеуетін өсіруде және экономиканы әртараптандыруға ықпал етеді.

JET-1 авиациялық отынын шығару бойынша дайындық жұмыстары өткізілді. Қазіргі уақытта зауыт жаңа өнімді өндіруге және жөнелтуге дайын.

Өткен жылы АМӨЗ, REACH бағдарланған өнімдердің халықаралық сертификаттауынан «Параксиллол», «Бензол» және «Жанармай АИ-92» үш өнім бойынша өтті. Соның арқасында ол осы өнімдерді Еуропалық одақтың барлық елдеріне импорттау құқығын алды, бұл экспорттың одан әрі дамуына ықпал етеді.

2021 жылы біз өндірістік бағдарламаны орындауға және қайта өңдеудің берілген көлемдеріне қол жеткізуге баса назар аударамыз. Біздің мақсатымыз ішкі нарықты қажетті мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және қазақстандық өнімдерді экспортқа жөнелтуді арттыруды жалғастыру.

Бизнес-процестердің дамуы

RLG International

2019–2020 жылдары Атырау МӨЗ бен RLG International компаниясының бірлескен жобасын іске асыру қорытындысы бойынша мұнай өнімдері өндірісінің операциялық тиімділігі зауытта анағұрлым өсті. Кәсіпорынның негізгі қызметінің түрлі аспектілері, атап айтқанда,

жоспарлық көрсеткіштерді орындауда, жоспардан тыс тоқтаулардың қысқаруында, өндірістік міндеттерді шешуде қызметкерлерді жұмылдыруда және осы өндірістің басқа да критерийлерінде елеулі түрде жақсара түсті.


Операциялық тиімділік – кәсіпорынның соңғы нәтижелері мен оларға қол жеткізуге жұмсалған ресурстар арасындағы ең жақсы қатынасты көрсететін сапалы жұмыстың басты критерийі болып табылады. Тиісті жоба АМӨЗ-да 2019 жылы басталып, 2021 жылдың қаңтар айында өз мәресіне жетті. Оның нәтижелері – өндіріс жоспарының соңғы көрсеткіштерінің зауыттың 23%-на жоғары табысты өндірістік объектілеріндегі фактілерден ауытқуының төмендеуі және оқыс оқиғалар санының: 2019 жылғы 36-дан 2020 жылы 25-ке дейін төмендеуі.

АМӨЗ-ғы өндірістік тиімділікті басқару жүйесі және өндіріс мәдениеті өлшенетін көрсеткіштерде 38-ге өсіп, 63%-ға жетті. 2018 жылы енгізілген Px™ әдіснамасын қолдау жобасы (күрделі жөндеулерді дайындау және жүргізу) бойынша үдерістің тұрақтылығына қол жеткізілді: 2020 жылы өткізілген АМӨЗ-ғы көлемді және көп капитал жұмсалған жөндеу белгіленген мерзімнен 3 күн ерте аяқталды.

Мұнай өнімдері өндірісінің операциялық тиімділігін арттырудың бірлескен жобасының барысында зауытта ауысым сайынғы НҚК қондырғыларды мониторингтеу механизмі әзірленді және енгізілді, өндірістік қызметкерлерді тарта отырып жоспарлар мен жетістіктерді ауысым сайын талқылау арқылы өндірісте әсер етудің операциялық ырғағы оңтандырылды, ауысымаралық кезеңде ақпаратпен алмасу үдерісін регламенттейтін түбіртек-парақшаларды әзірлей отырып ауысымды қабылдау-тапсыру алгоритмі құрылды, іскерлік шолулар жүйесі енгізілді.

2021 жылдың басында АМӨЗ-да RLG International компаниясымен Mx™ (Керемет техникалық қызмет көрсету) жүйесін енгізуге бағытталған үшінші бірлескен жобасы бастау алды.

САНАНЫ ЖАҒАРТУ – ЖОҒАРЫ ТҰРАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТУ (RLG FAIR™ ӘДІСНАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)



Цифрлық сенімділік

2020 жылдың желтоқсан айында АМӨЗ катализдік крекингтің жеңіл нафтасын эфирлеу қондырғысында техникалық жағдайдың мониторингінің және КОМПАКС® автоматты диагностикасының бірінші жүйесін енгізу аяқталды. Ол технологиялық объектілердің қауіпсіздігін және пайдалану дайындығын, техникалық қызмет көрсету және жөндеу процестерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ҚМГ тобы өндірістік активтерінің цифрлық сенімділігін басқару бағдарламасының бір бөлігі болып табылады.

КОМПАКС® жүйесі – жасанды интеллекті нақты уақытта ақауларды ерте автоматты диагностикалауды және МӨЗ мен МХЗ негізгі технологиялық жабдығының техникалық жай-күйін болжауды қамтамасыз ететін әлемдегі жалғыз бағдарламалық-аппараттық кешен. Жүйе жабдықтардың кенеттен істен шығуынан технологиялық кешендердің апаттары мен жоспардан тыс тоқтап қалуын **100% болдырмауды**, жоспарлы тоқтату жөндеулерінің ұзақтығын 30%-дан астам елеулі төмендетуді, персоналдың тәртібі мен жауапкершілігін арттыруды, сондай-ақ жоспарлы-ескерту жөндеулері жүйесімен (ЖЕЖ) салыстырғанда техникалық қызмет


көрсету мен жөндеуге арналған шығындарды қысқартуды қамтамасыз етеді.

Жүйенің таратылған аппараттық платформасы зияткерлік өлшеу модульдерінен және әртүрлі физикалық шамалардың бергіштерінен тұрады, олар өлшеу, күшейту, түрлендіру және сигналдарды агрегаттардағы бергіштерден – операторлық технологиялық қондырғысында орналасқан диагностикалық станцияға жібереді.

Катализдік крекингтің жеңіл нафтасын этерификациялау қондырғысында зияткерлік технологияны енгізу зауыттың динамикалық және

негізгі статикалық жабдықты нақты техникалық жағдайы бойынша пайдалануға ауыстыру жөніндегі бесжылдық бағдарламасын іске асырудың басталуы болып табылады. 2021 жылдың I тоқсанның өзінде АМӨЗ-да **Compacs-Net® диагностикалық желісі** жүргізілетін болады және тағы 4 технологиялық кешен аналогтық жүйелермен жабықталатын болады. Бұл бағдарламаны іске асыру «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тобының еншілес кәсіпорындарының сенімділігі мен операциялық тиімділігін басқарудың тәуекелге бағдарланған цифрлық технологияларын енгізу жөніндегі жобаның түйінді буыны болып табылады.

КОМПАКС® диагностикалық станциясымен магистраль байланысы



Операциялық жақсартулардың жобасы

АМӨЗ HSB Solomon Associates компаниясымен бірлесе отырып, энерготиімділік саласында өндірістік көрсеткіштерді айтарлықтай ұлғайтуға, көмірсутектердің шығындарын азайту, технологиялық қондырғылардың өнімдерін шығысын арттыруға бағытталған операциялық жақсартулар (Performance Excellence Process, немесе PEP) жобасын іске асыруды жалғастыруда. Жоба зауыт үшін маңызды болып табылады, себебі бизнесті ғана емес АМӨЗ-ғы өндіріс мәдениетін сапалы жақсартуға бағытталған.

Solomon компаниясы отын-энергетика кешенді кәсіпорындарын бенчмаркинг саласында және МӨЗ-да тұрақты жақсартулар бойынша мойындалған көшбасшы болып табылады, әлем бойынша мұнай өңдеу зауыттарында осындай жобаларды іске асыруда үлкен тәжірибесі бар.

Solomon мен АМӨЗ арасындағы PEP аясындағы ынтымақтастық 3 фазадан тұрады.

Бірінші фазада зауыт, мақсатты салалардан елеулі мәліметтер жинап, оны талдау үшін Solomon-ға ұсынды. Ары қарай АМӨЗ қызметкерлерінің 10%-мен «тет-а-тет» форматында зауытта қалыптасқан жұмыс тәжірибесін түсіну, ең жақсы салалық тәжірибемен салыстыру үшін оларды бағалау және ары қарайғы жақсарту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу тақырыбында сұхбат өткізілді.

Екінші фазада Solomon, зауыттағы нақты жағдайға байланысты басымды болып табылатын бірқатар ұсыныстар дайындады.

2020 жылы жоба үшінші фазаға кірісті – Solomon-ның ұсынымдарын тікелей АМӨЗ-на ендіру. Атап айтқанда, ұсынымдарды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары анықталып, қосымша ұсыныстар жинақталуда. Бүгінде жауапты тұлғалар, сондай-ақ, енгізу командаларының көшбасшылары тағайындалды. Осылайша, энерготиімділік саласында өзгерістерді жүзеге асыратын команданың көшбасшысы болып, **25 жылдық тәжірибесі бар, энерготиімділік және ИМЖ бас маманы Сергей Шумилов** тағайындалды. **Техникалық бөлімнің басшысы Ибраһым Кайрлиев** көмірсутектердің шығынын азайту саласында өзгерістерді енгізу

командасының көшбасшысы болды. **Техникалық бөлім басшысының орынбасары Наиль Хакимов** өнімдердің шығысы саласында өзгерістерді енгізу командасын басқарды.

Жобаның болашағы таң қалдырады. Барлық ұсынымдар толық және дұрыс қолданылған жағдайда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады: энергияны тұтыну 2018 жылмен салыстырғанда 20%-ға төмендейді, көмірсутектердің шығыны – салмақ бойынша 0,50%-ға дейін, мақсатты өнімнің шығарылымы едәуір артады.

Жоба персонал функциялар мен іс-шаралардың тиімді орындалуына қызығушылығын танытатын әрі жұмыс үдерістерді басқаратын кезде зауыттағы қызметкерлердің өндірістік мәдениетін өзгертуге, мінез-құлық функцияларын жақсартуға, атап айтқанда, «жауапты иесі» менталитетін қалыптастыруға бағытталғаны – өте маңызды. Терең араласу бүкіл бизнес тізбегіне еніп, үнемі өндірістік міндеттердің ағымдағы жағдайын талқылайтын, жетілдіруді қажет ететін аспектілерді пысықтайтын және соңғы жақсы нәтижеге жету үшін қадамдар жасайтын, өндірістің әр түрлі салаларынан кросс-функционалды топтардың құрылуына әкелу керек.



/ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



Мендебаев Тимур Алматович
Экономика және қаржы департаментінің директоры

«2020 жыл көптеген кәсіпорындар секілді зауыт үшін де күрделі жыл болды. Бір жағынан, бізге, барлық өндірістік кәсіпорындар сияқты, жаһандық пандемиямен күрес әсер етті, бұл жұмысшылар мен қоғамды қорғау үшін шектеу шараларын енгізуді талап етті, бұл көптеген әдеттегі операциялар мен процестердің қысқаруын білдіреді. Өткен жылы біз катализдік крекингтің тұрақсыз жұмысының салдарына тап болдық, пандемия, жабық шекаралар жағдайында зауыт жоспарлы және жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын жүргізе алды. Крекинг – көптеген басқа қондырғылардың компоненттерін және жалпы өңдеу тереңдігін қамтамасыз ететін негізгі қондырғы.

Мұнай химиясы үшін катализдік крекинг қондырғысы негізгі өндіріс болып табылады. Крекинг «тұрақты жанармай» деп аталатыны өндіруді қамтамасыз етеді, ол кейін шикізатпен нафтаны селективті гидрогенизациялау қондырғысына кіреді, бұл қондырғы нафтаны сутегімен тазартады, ал тазартылған нафта бензол мен параксилл өндіретін ароматты көмірсутектерді өндіру кешенін (бұдан әрі – ХКӨК) нәрлендіреді.

Егер мұнай өңдеу көлемі туралы айтатын болсақ, зауыт 5 016 мың тонна мұнай өңдеді. Кәсіпорынның кіріс деңгейі туралы айтатын болсақ, қайта өңдеу көлемі негізгі аспект болып табылады.

Қаржылық менеджментке келетін болсақ, кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандыру, валюталық тәуекелдерді азайту және қайта қаржыландыру операциялары бойынша күш-жігерін ескерусіз қалдыру мүмкін емес.

Кәсіпорын үшін осы кезеңдегі маңызды басымдықтардың бірі кассалық алшақтықты болдырмау және валюталық тәуекелді ұлғайту мақсатында ақша ағындарын, міндеттемелерді дұрыс басқару болып табылады. Міндеттемелер туралы айтқанда, біз шетелдік қаржы институттарынан жаңғыртуға тартылған бірнеше миллиард АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттерді айтамыз.

Сандардың тәртібін түсіну үшін зауыт кредиторларға жыл сайын шамамен 400 млн доллар төлейді деп айтуға болады. Осылайша, 2020 жылы АМӨЗ міндеттемелерге қызмет көрсету шеңберінде 404 млн АҚШ долларын төледі – бұл негізгі борыш пен пайыздар бойынша төлемдердің жиынтық мөлшері.

Соңғы жылдары біз валюталық қарыз көлемін төмендету бойынша белсенді жұмыс жүргізудеміз. 2018 жылы валюталық міндеттемелердің үлесі 95%-ды құрағанын атап өту маңызды. 2019 жылда біз осындай үлесті 84%-ға дейін төмендетіп аяқтадық, ал 2020 жылдың соңына қарай оны 73%-ға дейін азайта алдық. Валюталық міндеттемелердің азаюы валюталық тәуекелдерді және бағамдық айырмамен байланысты шығыстарды төмендетеді, бұл зауыттың одан әрі қаржылық тұрақтылығына маңызды салым болып табылады, өйткені кәсіпорын теңгемен табыс табады, ал кредиттер бойынша валютамен төлейді. Әсіресе, соңғы 7 жылда теңгенің долларға шаққандағы орташа жылдық «құнсыздануы» 16,5%-ды құрағанын ескеру керек.

Сонымен қатар, кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту аясында біз қазіргі уақытта қол жетімді неғұрлым тиімді шарттарда қарыз алуды қайта қаржыландыру бойынша жұмыс жүргіземіз. 2019 жылы біз 452 млн АҚШ долларына қайта қаржыландыру операцияларын жүргіздік, 2020 жылы қайта қаржыландыру операцияларының жиынтық сомасы 794 млн АҚШ долларын құрады. Осының алдында біз ҚМГ-дың Бас компаниясымен бірлесіп жүргізіп жатқан үлкен жұмыс болды. Әр кезеңдегі үлкен қолдау бізге осындай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2020 жылы біз Еуропалық қайта құру және даму банкінің ақшасын «Tazalyq» жобасын қаржыландыруға тарту мәселесін пысықтадық. Жоба механикалық тазарту құрылыстарын жаңғыртуға, булану алаңдарын қалпына келтіруге бағытталған. Мұның бәрі зауытқа операциялық қызмет барысында қоршаған ортаға әсер ету деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. ЕҚДБ қаржыландырылатын компанияларға да жобаларды таңдауға өте мұқият қарайды және осындай салықалы институционалдык кредиторды тарту осындай дәрежедегі халықаралық қаржы институтымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі үшін біздің жобамыздың ЕҚДБ-ны, сондай-ақ біздің кәсіпорынның тиісті деңгейін түсінудегі жоғары маңыздылығын көрсетеді. Кредиттік келісімге 2021 жылғы маусым айында қол қойылады.

Зауыт өңірдің негізгі салық төлеушілерінің бірі болып қала береді және облыстың дамуы мен қоғам өміріне маңызды үлес қосады. Көптеген кәсіпорындар салық төлемдерін төмендеткен жылдың күрделі жағдайларын ескерсек, зауыт жергілікті және республикалық бюджеттерге, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ЖЕАҚ-қа әлеуметтік міндеттемелер бойынша **42,3 млрд** теңге төледі. Егер нақты нәрселер туралы айтатын болсақ, жаңғыртудан кейінгі АМӨЗ салық төлемдері Атырау қаласының барлық салық түсімдерінің **20%-дан астамын** құрайды. Бұл Атырау қаласының ТШО және NCOC сияқты қазақстандық мұнай-газ индустриясының алыптарынан түсетін салық түсімдерінің үлес салмағымен, бұл компаниялар қызметінің ауқымы, айналымы, саны және кірістерінің көлемі бойынша зауыттан айтарлықтай асып түскеніне қарамастан, салыстыруға болады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының тапсырмасына сәйкес 2021 соңына қарай валюталық қарыздардың үлесін 80%-ға дейін азайту талап етіледі. 2020 жылдың өзінде біз валюталық міндеттемелердің 73% дейін азаюына мерзімінен бұрын қол жеткізілді. Бұл, негізінен, зауыттың атқарушы органының көрсеткен қолдауының, сондай-ақ АМӨЗ Қадағалау кеңесінің Төрағасы Тиесов Данияр Суиншликовичтің және оның мүшелері Мельник Виктория Евгеньевна мен Дандыбаева Жанара Ауезхановнаның қолдауының және сараптамасының арқасында мүмкін болды. 2021 жылға біз мұндай көрсеткішті 55%-ға дейін азайтуды көздеп отырмыз».



Кіріс пен залал туралы есеп

Кіріс пен залал туралы есептің негізгі көрсеткіштері, млн теңге

Көрсеткіш	2020	2019
Түсім	207 554	200 386
Өзіндік құн	(117 777)	(104 878)
Жалпы пайда	89 777	95 508
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(3 882)	(3 400)
Басқа операциялық кірістер	3 380	7 518
Басқа операциялық шығыстар	(56 205)	(130)
Операциялық пайда	33 070	99 496
Қаржылық кірістер	12 100	8 517
Қаржылық шығындар	(63 048)	(65 301)
Салық салынғанға дейінгі залал/пайда	(17 878)	42 712
Табыс салығы бойынша үнем/(шығыстар)	489	(10 906)
(Шығын)/жыл ішіндегі пайда	(17 389)	31 806

Зауыттың «таза шығынға» ұшырауының негізгі себебі – бұл теріс бағамдық айырма. Ол міндеттемелердің, яғни біздің кезінде жаңартуды жүзеге асыру үшін алған яғни кредиттеріміздің басым бөлігінің АҚШ доллармен алынғандығынан туындайды.

Егер 2019 жылдың қорытындыларына қарасақ, кестеден «таза

кірісіміздің» болғаны көрініп тұр. Бұл да бақыланбайтын фактордың, яғни сол кездегі АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамының өзгеруінің оң динамикасының арқасында орын алды.

Жыл сайын зауыт таза пайда алып тұру үшін бізге валюталық міндеттемелерді барынша азайту қажет.

Зауыттың Қазақстан мен Атыраудың бюджетіне салған үлесі туралы

Коронавирустық пандемияға байланысты өндіріс көлемінің жалпы төмендеуі аясында Атырау МӨЗ-ы 2020 жылдың соңында мемлекет қазынасына салық төлемдерін ұлғайтты. Осы кезеңде зауыт жергілікті және республикалық бюджетке төлем ретінде **40,3 млрд** теңге, оның 5 млрд теңгесі республикалық бюджетке, ал 35,3 млрд теңгесі жергілікті бюджетке жіберді. Бұл **3,6 млрд** теңгеге немесе 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **10%-ға** және 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10 млрд-қа (32%-ға) көп.

Салық төлемдерінің өсуіне пандемияның салдарынан өнеркәсіптің жалпы баяулауына байланысты зауыт қызметкерлерінің тазарту көлемінің айтарлықтай төмендеуін болдырмауға тырысуы ықпал етті.

Зауыт басшылығы дағдарысқа қарсы бірқатар шешімдер қабылдады, бұл салық төлемдерінің төмендеуіне жол бермеуге, сондай-ақ, төлемдердің өткен жылмен салыстырғанда өсуін көрсетуге мүмкіндік берді.

Салық төлемдерінің өсуінде белгілі бір рөлді 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жанармайға акциз салығының және мүлік салығы сомасының өсуі атқарды.

АМӨЗ кәсіпорны Атырау қаласы табысының бестен бір бөлігін қамтамасыз ететін Атырау облысындағы ірі салық төлеушілердің бірі болып қалуда.

Қаржылық жағдай туралы есеп

Қаржылық жағдай туралы есептің негізгі көрсеткіштері, млн теңге

Көрсеткіш	2020	2019
Активтер	767 334	867 817
Оның ішінде:		
Айналымнан тыс (ұзақ мерзімді) активтер	717 092	746 095
Айналымдағы (қысқа мерзімді) активтер	50 242	121 722
Капитал	19 141	31 316
Міндеттемелер	748 193	836 501
Оның ішінде:		
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	502 958	570 630
Қысқа мерзімді міндеттемелер	245 235	265 871

2020 жылдың соңындағы зауыт **активтерінің жиыны** (оларға мүлік, шикізат пен материалдар, банк шоттарындағы ақша және т.б. жатады) 767,3 млрд теңгені құрады. Бұл активтердің 93% ұзақ мерзімді (негізінен, мүлік), қалған 7% қысқа мерзімді активтер болып табылады. Негізгі құралдардың тозуы бойынша аударымдардың өсуі салдарынан айналымнан тыс активтер 2020 жылы 4%-ға төмендегенін көрсетті. 2020 жылы ұзақ мерзімді активтерді 4% төмендеуі тозудың есептелуімен байланысты. 2019 жылмен салыстырғанда қысқа мерзімді активтер 2020 жылы тартылған қарыздар көлемінің төмендеуінің салдарына 59% азайды, одан басқа 2019 жылы Astana Financial Exchange-де (АХҚО) АМӨЗ

шығарған облигацияларды сатудан кіріс алынды.

Капиталдағы өзгерістер валюталық қарыздар бойынша АҚШ долларының бағамының өсуі себебінен бағамдық шығынға ұшыраумен байланысты.

Міндеттемелер 2020 жылы 11%-ға төмендегенін көрсетті және жыл соңында 748,2 млрд теңгені құрады. Олардың 67%, немесе 503 млрд теңгесі — бұл қайта құру жобаларына тартылған ұзақ мерзімді қарыздар. Қысқа мерзімді қарыздар көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар үшін жеткізушілердің алдындағы берешектің азаюынан 8% төмендеді.



/ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Валюталық ауыртпалықты» жеңілдете отырып, ең үздік қаржылық нәтижелерге қарай жылжимыз

Хош иісті көмірсутектер өндіру кешені мен мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысын жаңғырту-дың стратегиялық инвестициялық жобаларын қаржыландыру мақсатында АМӨЗ қытай, жапон жеткізушілерінің қатысуымен 2010–2012 жылдары «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-дан, Қытай Экспорт-импорт банкінен, Жапон Халықаралық ынтымақтастық банкінен және MUFG Bank Ltd-дан АҚШ долларымен қарыз тартты. Құрылыс жобалары шеңберінде қарыз қаражатын игеру аяқталғаннан кейін АМӨЗ валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау бойынша бірқатар ауқымды жобаларды жалғастырады.

2020 жылы АМӨЗ сәтті ірі қаржылық мәміле жасады – жеңілдікті шарттармен «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-нан теңгемен қарыз алу. Бұл қаражат Қытайдың Экспорт-импорт банкінің 110 млн АҚШ долларына қарызын ішінара мерзімінен бұрын өтеуге және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 8 млн АҚШ долларына қарызын ішінара мерзімінен бұрын өтеуге бағытталды.

Екі мәміле жиынтығында АМӨЗ-на корпоративтік табыс салығының шығыстарын төмендету есебінен **14 млн АҚШ долларынан** астам үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұдан басқа, оң әсерлерге МТӨК жобасында қытайлық қорландыруды азайтуды және қазақстандық қаржы институттары арқылы одан әрі қаржыландыруды жатқызуға болады.

Мәмілелердің сәтті жабылуының алдында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Қытайдың Экспорт-импорт банкі басшылығымен өзара қарым-қатынас бөлшегінде үлкен жұмыс болды.

2020 жылғы мамырда АМӨЗ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қысқа мерзімді жаңартылатын кредит желісінің мерзімін 2024 жылдың соңына дейін ұзартты. Жасалған мәміленің оң әсері: ақша қаражаттарының өтімділігін қамтамасыз ету.

2020 жылғы желтоқсанда АМӨЗ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қарызы бойынша 98 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі валюталық қалдықты теңгеге айырбастауды жүзеге асырды. Жасалған мәміленің оң әсері: қарызға қызмет көрсету шығындарын үнемдеу, валюталық тәуекелді азайту.

Біздің өнімдеріміз әлемдік нарықта әлі де сұранысқа ие болып отыр. 2020 жылдың қорытындылары бойынша экспорттық бағытта АИ-92 маркалы 208 269 тонна автожармай және К-4, К-5 кластарына сай (EURO-4,5 баламасы) көлемде 121 499 тонна дизель отыны жөнелтілді. Мұнай өнімдерінің жоғары сапасының арқасында АМӨЗ-ң оларды Еуропалық одақ мемлекеттеріне экспорттау мүмкіндігі бар. 2020 жылы алғаш рет дизель отынын экспорттық бағытта жөнелту басталды. Негізгі бағыттары – Нидерланды, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан болды. Сонымен қатар рекордтық **254 291 тонна** мұнай химиясы жөнелтілді. Бұл 2019 жылдың көрсеткішінен **75%** астам мөлшерге жоғары болып отыр.

2020 жылдың ішінде 44 298 тонна бензол және 209 994 тонна параксилол жөнелтілді. «АМӨЗ» ЖШС – Қазақстан аумағындағы бензол мен параксилолды жалғыз өндіруші болып табылады. Бұл мұнай өнімі мұнай химиясы үшін құнды шикізат болып табылады және ол да экспортқа бағытталған.

2019 жылы біз осы күнге дейін Қазақстанда өндірілмеген, аса жоғары төмен температуралы көрсеткіштері бар және арктикалық дизель отынының сапасына сай келетін жаңа өнім – **Khazar-38** дизель отынын шығара бастадық. Барлығы 2020 жылы осы өнімнің 31 950 тоннасы жөнелтілді. Өнімді өз қажеттіліктері үшін алғашқы алушылар «Тенгизшевройл» және NCOS компаниялары болды.

Экспорттың динамикасы, тонна

Мұнай өнімдері	2018	2019	2020	Өлш. %
Жанармай	-	66,428	208,270	214
Дизель отыны	-	-	121,500	-
Кокс	133,402	123,126	130,275	6
Вакум. газойл	443,445	330,945	321,536	-3
Мазут	1,014,918	1,081,915	858,626	-21
Пеш отыны	111,224	-	-	-
Барлығы	1,721,722	1,746,959	1,894,497	8

Мұнай өнімдері	2018	2019	2020	Өлш. %
Бензол	13,875	26,278	44,298	69
Параксилол	4,858	118,267	209,992	78



КАЗИМ Дияр Рустэмович

Логистика және өңдеуге берушілермен жұмыс жөніндегі басқарушы директор


«Біз үшін маңызды міндет өңдеуге берушілермен – мұнай жеткізушілермен өнімді қатынастарды құру болып табылады. Олармен жасалған келісімшарттар бойынша қайта өңдеудің дайын өнімі жөнелтіледі. Сонымен қатар біздің мақсатымыз тауарбастылықтың болмауы және тиімді жөнелтулерді қамтамасыз ету болып табылады. Біз қазақстандық, ең алдымен, автожанармай және дизель отыны сияқты ашық үсті мұнай өнімдеріне қажеттіліктерді бағалау және қамтамасыз ету мақсатымен ішкі нарыққа талдау жүргіземіз, және қазақстандық өнімді шетелдік нарықтарға экспорттауды қамтамасыз етеміз»

Мұнай химия өнімдері тек қана экспорттауға арналған, себебі қазақстандық өндірістерде қолданылмайды. Былтырғы жылы экспорт көлемі аздап өсті. Мұндай өсім АМӨЗ өнімінің жоғары сапасымен және шетелде оған сұраныстың жоғары болуымен байланысты. Мұнай химиясын жөнелтудің жаңа бағыттары ашылды: Ресей мен Қытайдан басқа біздің өнімдеріміз енді Беларуське де жеткізіліп жатыр.

Есепте келтірілген деректерден сондай-ақ 2020 жылы ашық түсті мұнай өнімдерінің экспорт көлемінің күрт жоғарылағанын байқауға болады. Пандемия және карантин енгізу кезінде Қазақстанда отынға деген сұраныс күрт төмендеп кетті. Осыған байланысты экспортқа ұлғайтылған квота берілді. Бұл уақытша өсім болып табылады. Біздің бастапқы міндетіміз ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады».




МҰНАЙ ХИМИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ АШЫҚ ТҮСТІ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ЭКСПОРТЫ 2020 жылға (мың тонна)



- АИ-92 К4/К5
- ДТ К4/К5
- Параксиллол
- Бензол

Атауы	2019 жылғы Орт.құны \$/т	2020 жылғы Орт.құны \$/т
Параксиллол	510	266
Бензол	520	335

■ Ашық түсті МӨ: АИ-92 К4/К5, ДТ-К4/К5
 ■ Мұнай химиясы: параксиллол, бензол



«АМӨЗ» ЖШС – Қазақстан аумағындағы параксиллол өндіретін жалғыз өндіруші. Бұл мұнай өнімі мұнай-химия шикізаты болып табылады және экономиканың әртарапандыру деңгейін арттыратын экспортқа көзделген бағыты бар.

/ БИЗНЕС-БАСТАМАЛАР

Бизнес-бастамалар – Атырау мұнай өңдеу зауытының дамуының жаңа векторы. Бұл – зауыттың қызметін жетілдіруді қажет ететін және оны жаңа деңгейге алып шығатын жаңа жобалар. Қазірдің өзінде 11 бизнес-бастаманың екеуі іске асты. Қалған 9 жоба алдағы бірнеше жылдың ішінде іске асатын болады.

Іске асқан жобалар

1. Кемел өндіріс



Мақсаты: операциялық тиімділікті арттыру. МӨЗ басшылығы, желілік басшылық пен өндірістік персоналдың (Операциялық Ырғақ™) өзара қарым-қатынасының тиімді жүйесін құру.

Мынадай әсерлерге қол жеткізілді:

- Операциялық тиімділіктер көрсеткіштерінің артуы;
- Жоспарлау мен өндірістік бағдарламаны басқарудың жақсаруы;
- Өндіріс жұмысының жақсаруы;
- Кәсіпорынды басқару деңгейінің жақсаруы.

2. Spiral planing



Spiral ПҚ базасындағы өндірісті оңтайландырылған жоспарлау жүйесі цифрлық трансформациялау бағдарламасы шеңберінде 2018–2019 жылдары енгізілді. Жүйе жүктемелер көлемін, мұнай өнімдерінің шығысын, қоспаларды қолдану, катализаторларды, реагенттерді

ескере отырып, сондай-ақ, өндіріс жоспарының оңтайлы нұсқасын есептей отырып, жоғары дәлдікте жоспарлауға мүмкіндік береді.

↓ **Әсері:** айнымалы операциялық шығындар азайтылды.

Іске асыру кезеңінде

1. Энергетикалық ресурстарды техникалық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі

KMG Automation
A KazMunaiGas and Schneider Electric Joint Venture Partnership

Мақсаты: электр энергиясының қуат сапасын бақылау құрылғылары мен санауыштарды қолдана отырып, тиімді техникалық есептеу жүйесін ұйымдастыру арқылы электр энергиясын тұтынуды азайту. Schneider Electric компаниясының бағдарламалық кешенінің базасында энергия тұтыну және электр желілері күйінің сапа параметрлері туралы мәліметтерді жинау және талдау жүйесін енгізу.

↓ **Әсері:** үнемдеу МӨЗ-ның технологиялық процестерінде электр энергиясын пайдалану тиімділігінің артуы есебінен тұтынылған электр энергиясын 5%-ға дейін құрайды.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2021 жыл.

2. Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесін (ТПБЖЖ) енгізу

Honeywell

Жобаның мақсаты – ашық түсті мұнай өнімдердің шығысын арттыру және энергия тұтынуды азайту. Сапа көрсеткіштері мен жалпы операциялық тиімділіктің тұрақтылығын арттыру.

мөлшері 0,2%-ға азайды, сонымен қатар, технологиялық жүйеге адам факторының әсері азайды.

2020 жылы ТПБЖЖ АВТ ЭЛТҚ-3-ке енгізілетін болады, келесі жылдары ХКӨ пен МТӨӨ-ге енгізіледі.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2025 жыл.

Әсері: ТПБЖЖ-ны енгізу нәтижесінде АТ ЭЛТҚ-2 қондырғысында технологиялық процесс бойынша шашылым жанармайға 67%, дизельге 73% төмендеді. Мазуттағы ашық түсті мұнай өнімдерінің

3. Hysys БҚ негізінде инженерлік модельдерді енгізу



Мақсаты: қондырғылардың оңтайландырылған технологиялық режимінің құралын құру.

Hysys зауыт қондырғыларының, жеке тораптар мен аппараттардың жұмысын дәл болжауға көмектеседі. Қазіргі уақытта Hysys БҚ 2 лицензиясы сатып алынып, орнатылды. Зауыт персоналын оқыту өткізілді. Оңтайландырып жоспарлау бөлімімен бастапқы қондырғыларды модельдеу басталды. Лицензиялық келісім жасалды, сондай-ақ,

болашақта Hysys жүйесіндегі қайталама өңдеу процестерін модельдеу туралы Aspen Tech компаниясымен келісім шартқа қол қою туралы жоспарда бар.

↓ **Әсері:** шығарылым бойынша жақсару. Төмендеді: электр энергиясы 0,1%-ға, бу 0,2%-ға, реагенттер 0,5%-ға, катализаторлар 0,3%-ға.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2022 жыл.

4. Жану мен шығындарды азайту бағдарламасы

Мақсаты: МӨЗ процестерінің операциялық және энергия тиімділігін арттыру.

Жөндеу-қалпына келтіру іс-шаралары, күрделі сипаттағы және жаңғырту жобалары қарастырылған. Технологиялық процестер мен қондырғыларды, жылу ағындарын оңтайландыру; резервуарлық понтондарды тазарту, жөндеу және ауыстыру; сұйық отынды газ тәрізді

отынға ауыстыру. Технологиялық қондырғылардан ағып кетуді бағалауға және анықтауға арналған жабдықты сатып алу, техникалық ескірген пеш оттықтарын ауыстыру.

↓ **Әсері:** күйіктерді 1,88%-ға, шығынды 1,35%-ға қысқартылуы.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2024 жыл.

5. Lean 6 Sigma – үнемді өндіріс



Мақсаты: процестерді оңтайландыру және үздіксіз жақсарту мәдениетін қалыптастыру.

Процеске негізгі ықпал ететін факторларды анықтау үшін статистикалық талдау әдістерін қолдануға негізделетін жобалық тәсіл арқылы кешенді мәселелерді шешу. Қаржылық қаражат салуды қажет етпейді.

↓ **Әсері:** операциялық шығындардың азаюы.

Жобаны іске асыру мерзімі – тұрақты түрде.

6. Компьютерлік тренажерлар



Компьютерлік тренажерлік кешені кәсіпорын операторларының жұмыс орнын толығымен ұқсатады. Заманауи бағдарламалық қамтымның арқасында тренажер нақты өндіріс процесін дәл шығарады және операторлар орындайтын міндеттер спектріне бағдарланған. Осы сияқты симулятор-тренажерларда азаматтық авиация ұшқыштары білім алуда.

АМӨЗ КЖК-сы әлемдік қолданбалы БҚ әзірлеуші – **Honeywell** компаниясымен жасалған. Тренажерлар

жабдықталған оқу сыныптарында орнатылған. Оқу процесі нұсқаушылардың бақылауымен жүзеге асырылады. 2020 жылы зауыттың 4 қондырғысын: каткрекинг, CCR, PX әзірлеу және енгізу аяқталды. 2022 жылға дейін Parisom, Prime-D, Sulfrex, Naphtha HT енгізу жоспарлануда.

Әсері: зауыт персоналының біліктілігін арттыру.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2022 жыл.

7. 3D Бас жоспары



Мақсаты: лазерлік сканерлеу әдісі арқылы жоғары дәлдіктегі цифрлық бас жоспарды құру.

3D цифрлық бас жоспары – бұл оның барлық объектілері мен коммуникацияларын өзіне қамтитын нақты кәсіпорынның үш өлшемді моделі. Негізінде – қажетті модельдер мен құжаттардың көлемін, сондай-ақ, кейіннен ТҚКЖЖ-да есепке алатын жабдықтардың параметрлерді өзіне қамтитын ақпараттық

модель. Зауыттың цифрлық ұқсасы Aveva Net БҚ базасында салынуда. Қазіргі уақытта зауыттың 56% қондырғысы цифрландырылды. Жүйемен жұмыс істеу үшін зауыттың персоналын оқыту жүргізілуде.

Әсері: зауыттың мәліметтеріне қол жеткізудің заманауи құралын алу.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2021 жыл.

8. Энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы

Мақсаты: энергия ресурстарын тұтынудың төмендеуі.

2016–2020 жылдар ішінде осы бағдарламаның қорытындысы бойынша жоспарланған 20 іс-шараның 15-і жүзеге асырылды, отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың жалпы көлемінің шамамен 6%-ы үнемделді.

Әсері: энергия ресурстарын тұтынуды 9%-ға азайту.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2021 жыл.

9. ЖТҚКЖ



Мақсаты: ұлғайтылған жөндеу-аралық мерзімге көшу, жабдықтың сенімділігі.

Әсері: қондырғылардың тұрақты жұмысы, мұнайды қайта өңдеуді жоғарылату, жөндеу уақытын қысқарту арқылы мұнай өнімдерін өндіру.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2022 жыл.

/ 7 ЖАҢА ЖОБА

Зауыт қолда бар жалпызауыттық шаруашылықты толық жаңарту аясында жұмыс жүргізеді.

7 негізгі жоба: Arman, Bailanys, 5S, Jeti Qazyna, Jańa Jol, Tazalyq және BILIM енгізілді.



ARMAN жобасы

Жобаның негізгі міндеттері: тиімді коммуникациялар кеңістігін құру, қызметкерлердің креативті қызметін белсендіру, адамдарды жақсартуларға және әлеуетті толық ашуға ынталандыру, қызметкерлердің кәсіпорынға ниеттестігін арттыру, еңбек өнімділігін жоғарылату, құнды қызметкерлерді тарту және ұстап қалу, бірыңғай корпоративтік стандартты әзірлеу және енгізу.

ХВАН Дмитрий Львович

Әкімшілік департамент директоры

Almaty Management University-ін бизнес-әкімшілендіру магистрі дәрежесімен бітірген. Дипломдық жұмысының тақырыбы: «Жұмыс кеңістігін басқару».



«Жоба зауыт жұмысшыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға, барынша жайлы іскерлік орта жасауға бағытталған.

Жақсартылған интерьер, инженерлік коммуникациялар жүйесін дұрыс орнату, заманауи және сапалы жиһаздармен және кеңсе жабдықтарымен жабдықтау бойынша жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастыру – бұл кәсіпорынның іскерлік ортасының маңызды аспектісі. Ал қолайлы тұрмыстық жағдайлар жасау, жұмыс уақытындағы қызметкерлердің жағдайын жақсартуға оң әсер етеді. Осылайша, біз компанияның басты міндеті – өндірістік жоспарды орындауға ықпал ететін жұмыс процестерінің тиімділігін арттырамыз».

2020 жылы ARMAN жобасы	Ауданы 166 м ² құрайтын цифрлық тарих және еңбек даңқы мұражайы ашылды
	«АМӨЗ» ЖШС денсаулық сақтау орны базасында медициналық орталық ашылды
	Жалпы ауданы 53,2 м ² құрайтын диспетчерлік орталық қайта жоспарлау аяқталды
	14 операторлықты реконструкциялау аяқталды
	Жалпы ауданы 281 м ² «АМӨЗ» ЖШС коворкинг-орталығы ашылды
	«АМӨЗ» ЖШС-нің жалпы ауданы 131,2 м ² кіріспе нұсқаулығы және ҚТ кабинеттері ашылды
Жалпы ауданы 246,7 м ² «АМӨЗ» ЖШС МТҚЖЖД ғимаратының жөндеу жұмыстары аяқталды	

Медициналық орталық

«АМӨЗ» ЖШС мен MEDIKER компаниясы арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің ұзақ мерзімді жобасын іске асыру аясында бұрынғы денсаулық сақтау орны базасында құрылған медициналық орталық ашылды.

Кешенді, білікті медициналық көмек көрсету үшін барлық жағдайлар жасалған. Қайта құрудың нәтижесінде медициналық мекеме кеңейтіліп, заманауи қондырғылармен жабдықталып, штатта тар бейілді мамандармен толықтырылды.

Коронавирустық пандемияға байланысты қазіргі жағдайды ескере отырып, медициналық орталықта жеке кіреберісі бар оқшаулау аймағы құрылды, онда жұмысшылардан COVID-19 белгілері пайда болған жағдайда дереу жеткізіледі.

Медициналық жабдықтар: **Chammed ЛОР-комбайны, электромагниттік және лазерлік терапия құралдары,**

оттегі концентраторы бар аппарат, ӨЖЖ-аппараты сатып алынды. Жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін науқастың жағдайын тұрақтандыруға көмектесетін оттегі концентраторы бар портативті аппарат бар, дәрігерге дейінгі кабинетте ӨЖЖ-аппараты орнатылған.

Дәрі-дәрмектерді беру пункті ашылды, онда зауыттықтар ақысыз медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде рецепт бойынша қажетті дәрілерді ала алады.

Медициналық орталықтың артықшылықтарының бірі – зауыт қызметкерлеріне жедел қызмет көрсететін бірыңғай медициналық ақпараттық жүйенің қалыптасуы болып табылады.

Медициналық қызмет көрсетумен 1 762 зауыт жұмысшысы және зауыт қызметкерлерінің 2 554 отбасы мүшелері қамтылды.



Коворкинг-орталығы ашылды

Жұмыс процестерінің тиімділігі мен нәтижелілігі уәжді және білікті кадрлармен қамтамасыз етілетіндігін түсініп, пайдаланылмаған үй-жайларда кадрлардың біліктілігін арттыру және компания қызметкерлерінің өзін-өзі оқытуы үшін кеңістік ұйымдастырылды. Енгізілген iSpring платформасының базасында персоналды оқыту, үлгерімді бақылау және нәтижелерді талдау жүзеге асырылады. Мобильді қосымшаның көмегімен қызметкерлер тәулік бойы оқуға мүмкіндік алады. Платформа әртүрлі жеке және кәсіби даму вебинарларына, электронды кітапханаға және басқа да оқыту бағдарламаларына қол жеткізе алады.

Тарих және еңбек даңқы мұражайы

Кәсіпорынның 75 жылдығына орай жаңартылған тарих және еңбек даңқы мұражайы ашылды.

Мұражай ғимараты барлық коммуникацияларды ауыстырумен толығымен жаңғыртылды. Залдардың заманауи дизайнымен, интерактивті экскурсиялар өткізуге, жаңартылған мазмұнмен және экспонаттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мультимедиялық жабдықтармен жаңа көрме кеңістігі құрылды.

Қайта құрылған кең ғимарат экспозиция бөлімдерінің логикасы мен реттілігін сақтайды: Ұлы Отан соғысы кезіндегі зауыт құрылысынан бастап, қазіргі уақытқа дейін.

Тарихи залда кәсіпорынның құрылуына көп көңіл бөлінді.

Арнайы ақпараттық стендтер кәсіпорынның тарихы мен бағыттарының барлық кезеңдерін, еңбек жетістіктері мен өткен жылдардағы жетістіктерді көруге мүмкіндік береді.

Заманауи залда кәсіпорынды жаңарту, өндірістік қауіпсіздік, экологиялық және әлеуметтік жобалар туралы баяндалады. Мұнда экскурсиялар интерактивті форматта да өте алады. Тарихи және заманауи залдарда орнатылған электронды терминалдардың арқасында сіз Ұлы Отан соғысының ардагерлері және зауыт жұмысы туралы, АМӨЗ-да жүзеге асырылып жатқан жобалар және әлеуметтік саясат туралы ақпарат алуға болады. АМӨЗ-ның экономикалық қызметінің ауқымдылығы туралы елдермен ынтымақтастықтың бағыттары көрсетілген жарық картасы және «Зауыт өнімдері» стендісі дәлел бола алады.

Фотогалереяда бірегей фотосуреттер бар, сонымен қатар, болашақ ұрпаққа үндеуі және АМӨЗ-ның 100 жылдығына дейінгі уақыттың кері есебі бар капсула орнатылған.



Жаңа ХКӨ операторлығы


14 операторлықтың реконструкциясы аяқталды

Біз заманауи қондырғылардың технологиялық режимін жүргізуге қатысты вахталық персонал жұмыс уақытының көп бөлігін өткізетін үй-жай, жұмысшының көңіл-күйінде маңызды рөл атқаратынын және оның жұмыс орнында өзін еркін сезінуі керек екенін түсінеміз және өзін-өзі еркін көрсетуге, қарым-қатынас жасауға және идеяларды қалыптастыруға барлық жағдайлар керек. Мұнайды қайта өңдеу жоспарының орындалуы және сапалы өнім шығаруы белгілі бір деңгейде оның моральдық, физикалық және эмоционалдық жағдайына байланысты. Өндірістік персонал – бұл кәсіпорынның технологиялық тізбегінің локомотиві екенін ескере отырып, жұмыс үй-жайларын олар жұмыс істеуге, демалуға, тамақтануға және оқуға арналған орынды біріктіретіндей етіп жоспарлау қажет болды. Қабырғалар мен төбелерді жөндеудер басқа барлық операторлық орынжайларда ас ішуге арналған бөлмелер жасалған. Орынжайлардың ішінде барлық коммуникациялар ауыстырылды, соратын желдеткіш жүйесі қалыпқа келтірілді және сплит-жүйелер орнатылды.

Операторлық орынжайлардың күрделі жөндеуі ARMAN жобасының аясында бірыңғай дизайн бойынша жүргізілгенін айта кету керек.

Диспетчер орталығын жаңғырту аяқталды

Жобаны іске асыру аясында 53,2 м² алаңы бар диспетчерлік орталық жаңғыртылды, оның басты міндеті – зауыттың барлық технологиялық қондырғыларының қызметін орталықтандырылған үйлестіру болып табылады. Бұрынғы диспетчерліктің ескірген жабдықтарының ден қою жылдамдығы мен ресурстары, кәсіпорынның қазіргі технологиялық кешендерінің техникалық жабдықталу деңгейіне сәйкес келмеді. Бұдан бөлек, жаңа орталықтың қажетті қуаттылығы кеңістіктің




Диспетчерлік орталық

кеңеюін және технологияның маңызды локальді элементтерінің жұмыс процестерін визуалдау жүйелерімен жабдықталуын көздеді.

Кіріспе нұсқаулығы және қауіпсіздік техникасы кабинеттері ашылды

Қонақтарға, келушілерге және мердігерлер мекемелердің жұмысшыларына бастапқы нұсқаулық өткізу үшін.

Орта мерзімді перспективада ARMAN жобасын зауыттың қалған нысандарына тираждау жоспарланып отыр.



Jana Jol

Jana Jol – бұл зауытшілік автожолдарды қайта құру жобасы. 2020 жылы жоба аясында 119 орынға арналған «АЗС» автотұрағы, автобус тұрағы реконструкцияланды. Сондай-ақ 434 орындық «Жинақтау базасы» автотұрағын қайта құру жұмыстары жүргізілді.



5S

5S – бұл жұмыс орындарын стандарттау. Бұл Жапонияда жасалған жұмыс кеңістігін (офисті) ұйымдастырудың жүйесі, ол операцияларды орындау, тәртіпті, тазалықты, ұқыптылықты сақтауға, уақыт пен энергияны үнемдеуге оңтайлы жағдайлар жасайды. 5S – бұл «АМӨЗ» ЖШС-де сәтті енгізілген үнемді өндіріс құралы.



Jeti Qazyna

Jeti Qazyna – арнайы киімдер орталығы мен орталықтандырылған архивті құруға арналған жоба. Орталық қоймаға киімдер мен аяқ киімдердің түсу, оларды жұмысшыларға берудің, жуудың, химиялық тазалаудың, орналастырудың және жоюдың барлық кезеңдері цифрландырылған. Осылайша, жұмысшылар жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру үшін қажетті ЖҚҚ-мен жедел қамтамасыз етіледі.

2019 жылы Jeti Qazyna жобасы аясында зауыт, зауыттың «оқу орталығының» қабаттарының бірін толығымен қалпына келтіріп, жаңа орталықтандырылған мұрағат бөлмесін пайдалануға берді. Жаңа мұрағатты пайдалануға беру нәтижесінде құжаттама жүйеге келтіріліп, тиісті түрде жазылды, жедел іздеу және қажетті құжаттамамен танысу үшін жағдайлар жасалды, мұрағат құжаттарының жоғалу қаупі жойылды, олардың қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етілді.



BAILANYS

Бұл телекоммуникация желілерін жаңғырту жобасы. Негізгі жұмыстар 2019 жылдың желтоқсанында аяқталды, деректерді беру желісінің жылдамдығы артырылды. Басқарылатын коммутатор мен жаңа кіру нүктелері (Wi-Fi) орнатылды. АТС-тың резервтік ядросы құрылды, жаңа IP-телефондар мен бейнеконференциялар енгізілді. IP-телефонияны қолдау үшін жаңа цифрлық АТС орнатылды.



TAZALYQ

Жоба ақпасуларды тазарту қондырғысын жаңғыртуды, заманауи технологиялық процестер мен зиянды заттардың шығысын бақылау жүйесін енгізуді қарастырады. Tazalyq жобасының арқасында тазартылған ақпасулардың 15%-ын зауытта қайта пайдалануға болады.

2019 жылы басталған жоба, 2023 жылға дейін жалғасады. Негізгі жұмыстар: торлармен және құм ұстағыштармен тұндырғыш блок салу, орталағыш блогын салу, флотаторлар блогын салу, шламды өңдеу блогын салу, аэротенктерді қайта құру, жарғақты биореакторлық блокты салу.



BILIM

Жоба қызметкерлерді іріктеуге, оқытуға, даярлауға және дамытуға бағытталған. Бұл жоба 13 жеке бағдарламаны қамтиды: электрондық рекрутинг, жұмыскерді оның жұмысының бірінші жылында дамыту бағдарламасы, өндірістік техникалық оқыту, персоналдың кәсіби білім деңгейін бақылау, компьютерлік-тренажер сыныбы, «General MBA» бағдарламасы, «Lean 6 Sigma» бағдарламасы, English club, «Жас Маман» бағдарламасы, дуальді оқыту, кадрлық резерв, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасын дамыту. Зауыт қызметкерлеріне арналған онлайн-курстар енгізілді.

Бизнес-үдерістер реинжинирингі

«АМӨЗ» ЖШС 2014–2018 жж. арналған бизнес-үдерістер реинжинирингі бағдарламасын іске асыру аясында «АМӨЗ» ЖШС-ң 1 151 штаттық бірлік көлемінде қосалқы өндіріс кезең-кезеңімен шығарылды. 20 астам аутсорсингтік компания, соның ішінде **«Нефте-стройсервис ЛТД» ЖШС, «EnerTek» ЖШС, «Сервисный центр КАЗТУР-БОРЕМОНТ» ЖШС, «Gold Sunray» ЖШС, «Медикер» ЖШС, «Өрт сөндіруші» АҚФ** жасалған шарттардың шеңберінде келесі қызмет түрлерін уақтылы және сапалы көрсетеді:

- электр жабдықтарын және электр желілерін пайдалану, қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу;
- бақылау-өлшеу және автоматтандыру құралдарын, жылу автоматикасын және өлшеу құралдарын, ТҮБАЖ жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

- технологиялық және динамикалық құрал-жабдықтардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, техникалық қызмет көрсету (ревизия) және негізгі, қосалқы және жылуэнергетикалық құрал-жабдықтарды, металл конструкцияларын, ғимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеуден өткізу;
- сумен қамту және су бұру объектілеріне кешенді қызмет көрсету;
- қызметтік автокөлікпен және арнайы техникамен көліктік қамтамасыз ету;
- өрттен қорғауды қамтамасыз ету және объектілерде апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу;
- персоналды медициналық тексеруден өткізу, IT-жүйелерге техникалық қызмет көрсету, жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету және т. б.

/ САТЫП АЛУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ


Зауыттағы сатып алу қызметі мынадай нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады:

- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына сәйкес жүзеге асырылады.
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібімен жүзеге асырылады.

Сатып алу процесі мыналарды қамтиды:

1. сатып алу жоспарларын қалыптастыру, шоғырландыру және бекіту;
2. тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушіні таңдау;
3. сатып алу туралы шартты жасасу және орындау;
4. кәсіпорынның сатып алу қызметі бойынша есептілікті қалыптастыру және ұсыну.

Кәсіпорынның жеткізушілері Қазақстан Республикасының резиденттері де, бейрезиденттері де, оның ішінде мұнай өңдеу зауыты қызметінің үздіксіз өндірісін қамтамасыз ету үшін тауарлар жеткізетін, жұмыстар орындайтын және қызметтер көрсететін отандық тауар өндірушілер болды.





Сейдуалиев Қанат Дүйсенбекұлы
Сатып алу департаментінің директоры

«2020 жылы жарияланған төтенше жағдайлар мен коронавирустық пандемияға байланысты карантинге қарамастан, кәсіпорын өндірісті қажетті тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ете алды.

Сатып алу қызметін басқару стандартына қазақстандық қызметкерлерді қолдау бойынша тиісті шаралар енгізілді. 500 миллион теңгеге дейінгі тендерге қатысу кезінде (ҚҚС-сыз) әлеуетті өнім берушілер сатып алу туралы шарттың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында бар жұмыс орындарын сақтау туралы кепілдік хатты, 500 миллион теңгеден астам (ҚҚС-сыз) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін бар жұмыс орындарын сақтау және сатып алу туралы шарттың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының азаматтары үшін бар жұмыс орындарын құру туралы кепілдік хатты ұсынды.

Отандық кәсіпкерлерді қолдау бойынша шаралар қабылданды. ТЖ әрекет ету кезеңінде карантиндік шараларға байланысты міндеттемелерді орындаудан бас тартқан өнім берушілер Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізілмеген.

Сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде отандық тауар өндірушілерді қолдауға және сатып алынатын тауарлардағы жергілікті қамту үлесін арттыруға ерекше назар аударылды. Осыған байланысты, екі және одан да көп отандық тауар өндірушілер болған жағдайда, сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде «Холдинг тауар өндірушілері арасында» басымдығы белгіленді.

Бұдан басқа, «Қарапайым заттар экономикасы» тізбесі және машина жасау, химия және целлюлоза-қағаз саласы бойынша тауарларды сатып алуға назар аударылды.

2020 жылдың IV тоқсанында «Самұрық-Қазына» АҚ нормативтік құжаттары және ЭСАЖ функциялары бойынша сатып алуға жауапты бөлімше қызметкерлері мен бизнес-бағдарламалар әкімшілері үшін біліктілікті арттыру семинары ұйымдастырылды. Қосымша тұрақты негізде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Сатып алушылар порталына мониторинг жүргізілуде. Бұл жұмыс сатып алудағы бұзушылықтарды азайту және болдырмау мақсатында жүргізіледі.

2020 жылы тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 26%-ды, жұмыстар мен қызметтер бойынша жергілікті қамту үлесі 69%-ды құрады. Тауарлар бойынша жергілікті қамтудың төмен үлесі жабдығы мен жарақтандырылуы тек импорттық өндірістің жаңа ХКӨ және МТӨӨ кешендерін пайдалануға енгізумен байланысты».



ХКӨ операторлары



Тұрақты даму

69 Персоналды басқару

90 Қоршаған ортаны қорғау

2020 жылдың ішіндегі
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА

33 069,62 млн
теңге

ҚАУІПСІЗДІК

САПА

ТҰРАҚТЫЛЫҚ

АМӨЗ өз қызметіне «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы «Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес тұрақты даму қағидаттарын енгізеді.

АМӨЗ аналық компаниясы – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ миссиясы Қазақстан Республикасы үшін ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан максималды пайдаларды қамтамасыз ету болып табылады. ҚМГ БҰҰ Ғаламдық шарт қағидаттарын¹ ұстанады және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ТДМ)² өз қызметіне интеграциялайды, сондай-ақ 2028 жылға дейінгі ҚМГ Даму стратегиясын сақтайды.

Осыған сүйене отырып, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ өзінің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында тұрақты дамуды негізгі бизнес-үдерістерге, операциялық қызметке және шешім қабылдау үдерістеріне тұрақты даму қағидаттарын интеграциялауды көздейтін стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде анықтады.

Сонымен қатар АМӨЗ тұрақты дамудың бірыңғай негізін ҚМГ-ғы корпоративтік басқарудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықтайтын, сондай-ақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметті жүйелендіретін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Тұрақты даму тұжырымдамасын басшылыққа алады.



АМӨЗ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсінеді және ұзақ мерзімді құнды өсіруге ұмтыла отырып, өз тұрақты дамуын мүдделі тараптардың мүдделерін сақтай отырып қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму саласындағы аспектілер мен қағидаттар зауыттың бизнес-үдерістеріне, атап айтқанда, шешім қабылдау үдерістеріне интеграцияланған. Кез келген бизнес-шешімдерді қабылдау барысында зауыт ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін, соның ішінде зауыттың ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етеді.

Зауытта Тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бар: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

Экономикалық құрауыш
зауыт қызметін ұзақ мерзімді құнды өсіруге, Қатысушылардың мүдделерін қамтамасыз етуге, үдерістердің тиімділігін арттыруға, бұрынғыдан жетілдірілген технологияларды жасап шығаруға және дамытуға инвестицияларды көбейтуге, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Экологиялық құрауыш
биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, энергия мен материалдарды үнемдейтін технологияларды пайдалануды, қалдықтардың шығуын барынша азайтуды, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму саласындағы аспектілер мен қағидаттар компанияның бизнес-үдерістеріне, атап айтқанда, шешім қабылдау үдерістеріне интеграцияланған. Кез келген бизнес-шешімдерді қабылдау барысында зауыт, сонымен қатар зауыттың ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтитын ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

¹ БҰҰ ҒШ қағидаттары: <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/mission/principles>

² 17 ТДМ сілтеме: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>

/ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Әлеуметтік құрауыш әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарына бағытталған, оларға басқалармен қатар мыналар кіреді: қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, қызметкерлерге әділ сыйақы беру және құқықтарын құрметтеу, персоналды жеке дамыту, персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік.

Зауыт мақсаттарына жетудің негізгі факторларының бірі жоспарланған және жүйелі іс-шаралар жүйесін іске асыру арқылы мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу болып табылады.

Зауыттың стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуі келесі қағидаттардың негізінде жүргізіледі:

- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлерін және қалауын құрметтеу және ескеру;
- мүдделі тараптарға уақтылы және жүйелі түрде ақпарат беріп тұру;
- қабылданған міндеттемелерін жауапкершілікпен орындау.

Тұрақты дамуды басқару жүйесі бүкіл зауыт масштабында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мүдделерді теңдестіретіндей етіп интеграциялануға, сондай-ақ шешім қабылдау барысында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескеруге тиіс. «Самұрық-Қазына» Референстік моделіне сәйкес тұрақты дамуды негізгі үдерістерге енгізу оларды үш бағыт бойынша интеграциялау арқылы қамтамасыз етіледі:

- Стратегиялық интеграция – тұрақты дамуды жоспарлау үдерістеріне енгізу.
- Операциялық интеграция – барлық корпоративтік шешімдерді АМӨЗ басшылығы тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен мақсаттарға сәйкестік критерийлеріне сүйене отырып, қабылдайды.
- Зауыт қызметкерлерінің ойлау бағытын өзгерту арқылы тұрақты дамуды мәдени интеграциялау.

АМӨЗ ұйымдық құрылымы ҚМГ корпоративтік басқару талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үздіксіз жетілдіріліп тұрады. Құрылымдық бірліктер мен бөлімшелердің құзыреті мен өкілеттіктерінің аражігі анық ажыратылған және Қағидаларда, лауазымдық нұсқаулықтарда және іс жүргізу жөніндегі ішкі нұсқаулықтарда бекітілген.

Бизнеске кері әсерді азайту мақсатында, COVID-19 пандемиясына байланысты әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер санын азайта отырып, бизнес-үдерістерді оңтайландыру жүргізілді.

Персонал саны, ад.



2020 жылдың соңына қарай АМӨЗ-да **1 682 қызметкер** болды. Қызметкерлердің орташа жасы **38,9 жасты** құрайды, соның ішінде әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің орташа жасы – 41, өндіріс қызметкерлерінің орташа жасы – 38,7 жасты құрайды. 30 жасқа дейінгі жастар – 388 адамға жетті, бұл зауыт қызметкерлерінің жалпы санының 23% құрайды.

2020 жылдың соңындағы персоналдың құрылымы

Көрсеткіш	Барлығы (ад.)	Гендерлік топтар бойынша құрылымы		Жастық топтар бойынша құрылымы		
		ерлер	әйелдер	30 жасқа дейін	30–50 жас	50 жастан жоғары
Барлық қызметкерлер саны	1 682	76%	24%	23%	57%	20%
Басқарма	5	60%	40%	0%	40%	60%
Әкімшілік-басқарушылық персонал	124	31%	69%	11%	66%	23%
Жетекші лауазымдарда	55	44%	56%	4%	65%	31%
Мамандар	69	20%	80%	22%	62%	16%
Өндірістік персонал	1 558	79%	21%	24%	56%	20%
Жетекші лауазымдарда	144	84%	16%	8%	67%	24%
Жұмысшылар	1 414	79%	21%	26%	55%	19%



Жайлашева Асель Алимбаевна

Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы

«2020 жыл біз үшін өндірісте білікті кадрларды тарту және ұстап қалу бойынша бірінші дәрежелі міндетті шешудегі стратегиялық маңызы бар кезеңге айналды. Бара-бара, қадам басқан сайын біз жұмыскерлердің зауытты өңірдің басқа ірі компанияларына әрі қарай жұмысқа орналасуының сөрелік алаңы ретінде қабылдау үрдісін еңсере бердік. Және бүгінгі таңда біз АМӨЗ-ы өсу, қауіпсіздік, сапа, тұрақтылық және ынтымақты корпоративтік мәдениет деп қабылдайтын жас, өршіл және перспективалы мамандардың сапалы жаңа тобын тәрбиелеп шығардық.

2020 жылдың сол аталған басты қадамдары мыналар болып табылады:

- ▶ зауыт қызметкерлерін дамытудың 13 бағдарламасынан құралатын BILIM ауқымды жобасын іске асыру;
- ▶ Honeywell компаниясының бірегей компьютерлік тренажерлік кешендерін – қызметкерлерге оларды, соның ішінде апатты жағдайда басқарудың дағдыларын іс жүзінде үйрету үшін зауыттың үшг технологиялық қондырғы симуляторларын сатып алу және енгізу;
- ▶ кәсіби дағдыларды жақсарту үшін 50 оқу курсы жүктелген жұмыскерлерді АМОЗ iSpring Learn онлайн-оқыту платформаларын іске қосу. Әр курс бейнероликтен, оқулықтан және тестілерден құралады. Материалдарды тәулігіне 24 сағат пайдалануға болады;
- ▶ С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында АМӨЗ болашақ кадрлары даярланатын Мұнай-газ химия инженериясы және экология институтының ашылуы. Студенттер кәсіби құрал-жабдықтары бар жаңа зертханаларды, компьютерлік тренажерлік сыныптарды және сапалы кәсіби дайындалуға арналған басқа да қажетті құралдарды пайдалана алады;
- ▶ қызметкерлерді іріктеп алудың ашық және тиімді үдерістерін қамтамасыз ететін электрондық рекрутинг жүйесінің енгізілуі. Деректерді жинау, тестілеу, сұхбат жүргізу, сұхбаттар қорытындылары бойынша жауап беру және басқалар – осының бәрі электрондық форматта өтеді.

Одан басқа, біз зауытта әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсартуды жалғастырып жатырмыз.

2020 жылы денсаулық пунктінің базасында қажетті құрал-жабдықтармен (тіпті ӨЖЖ аппараттарымен) және медициналық персоналмен, соның ішінде тар бейінді мамандармен жабдықталған жаңа медициналық орталық ашылды. Енді біздің жұмыскерлер өз жұмыс орындарында кешенді медициналық көмек ала алады.

Жаңа құрал-жабдықтармен және электрондық рұқсат қағазы бар электрондық есеп жүйесімен жабдықталған орталық асхана қайта құрылды.

Коронавирус пандемиясының себебінен 2020 жыл бізден жұмыскерлердің ахуалына әдеттегіден көп көңіл бөлуді талап етті. Біздің алдымызға жұмыскерлеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларға қолдау көрсету және онымен қоса өндірістік объектілердің жұмысын сақтап қалу міндеті қойылды. Атап айтқанда, әкімшілік-басқарушылық персоналдың шамамен 90%-ы қашықтан жұмыс істеуге көшті. Қажетті санитарлық нормалар сақталды, жаңа жұмыс кестелері әзірленді, келушілерді қабылдау уақыты шектелді. Компанияның есебінен ПТР-тестілеу және компьютерлік томография жүргізілді.

Барлық қабылданған шаралар көрсетілген мерзімнің ішінде мемлекеттік экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін зауытқа тұрақты өндірістік қызметті қамтамасыз етті.

Бір айта кететіні, 2020 жылы пандемия кезіндегі белгісіздік кезеңіне қарамастан, зауытта 85% жеткен Әлеуметтік тұрақтылық индексі өсті. Бұл қызметкерлердің, жалпы, кадрлық саладағы менеджменттің әсерлеріне оң баға беретінін көрсетіп отыр.

Жұмысты жүргізудің нәтижесінде зауыттағы кәсіби персоналдың тұрақтамауы 2019 жылмен салыстырғанда 37%-ға төмендеді. Бұл біздің кішкентай ғана жеңісіміз, және біз осы бағытта әрі қарай жылжуды жалғастырамыз.

2021 жылы персоналды оқытуға және зауыт қызметкерлерінің білімін 100% қамти отырып бағалауға басты назар аударуды жалғастырамыз».

Еңбекақы төлеу жүйесіндегі өзгерістер

Қызметкерлердің материалдық мүдделілігін күшейту, өндірістік-шаруашылық қызметтің тиімділігін арттыру, сондай-ақ еңбек және өндірістік тәртіпті күшейту мақсатында қызметкерлерге ай сайын/тоқсан сайын сыйлықақы беру жүйесіне өзгерістер енгізілді. Негізгі міндеті құрылымдық бөлімшенің жоспарлы негізгі тиімділік көрсеткіштерін (бұдан әрі – НТК) орындауды бағалау болып табылатын алқалы-кеңес органы – Сыйлықақы комитеті құрылды және жүйелі негізде жұмыс істейді. Барлық бекітілген көрсеткіштер нақты құрылымдық бөлімшенің жұмысының нәтижелілігін көрсетеді және бөлімшенің ұйымдық жұмысының көрсеткіші болып табылады.

Одан басқа, алға қойылған мақсаттарды орындаудың, ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтаудың және т. б. жеке параметрлері бойынша әр қызметкердің жұмысына баға беріледі. Басшылардың (басқарушы директор, департамент директоры, өндіріс бастығы, бөлім, қызмет бастығы) негізгі көрсеткіштері басқарушы қызметкерлердің – зауыттың

Үстемеақылардың жаңа түрлері енгізілді

Үстемеақы түрі	Мөлшері	Өнд. персоналдың жалпы санындағы үлесі, %
қондырғыға қызмет көрсетудің күрделілігі үшін	7%, 15%	57
басқару пультындағы жұмыс үшін	7%	8
жобалық үстемеақы (жобаны әзірлеу және енгізу кезеңінде)	20% дейін	
нарықтық қосымша ақы (кадрларды тарту және ұстап қалу мақсатында)	30% дейін	

атқарушы орган мүшелерінің бекітілген негізгі қызмет көрсеткіштерінің (НҚК) мақсаттарынан каскадталған.

2020 жылдың қорытындылары бойынша «АМӨЗ» ЖШС бойынша орташа айлық еңбекақы 2019 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 10% құрады, Атырау облысы бойынша көрсеткіштермен салыстырғанда – 45,9% жоғары болды.

Қазақстанның еңбек нарығындағы негізгі жұмыс берушілермен салыстырғанда бәсекеге қабілетті еңбекақы жүйесін сақтап қалу, жұмыскерлерді жұмыс нәтижелері, жеке жетістіктері және компания қызметіне қосқан үлесі үшін көтермелеу және ынталандыру мақсатында 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап лауазымдық қызметақыны/айлық тарифтік мөлшерлемелерді көтеру көзделген.

Бюджетте көзделген қаражаттарға сүйене отырып, 2020 жылдың ішіндегі персоналдың нәтижелілігін бағалау қорытындыларының негізінде жұмыскерлердің тарифтік мөлшерлемелерін/лауазымдық қызметақыларын жоғарылатудың жеке параметрлерімен 2021 жылға арналған Еңбекақы бағдарламасы құрылды.



Достанова Гүльнар Нурсултановна

Еңбекті ұйымдастыру және төлеу бөлімінің бастығы

«2019 жылдан бастап «Атырау МӨЗ» «ҚазМұнайГаз» ҰК-мен бірлесіп және «ПетроКазахстан Оверсиз Сервисиз Инк» (бұдан әрі – ПКОСИ) Компаниясының жобалау тобын тарта отырып, грейдтер жүйесіне негізделген еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін әзірлеуді бастады. Жобалау тобын таңдау кездейсоқтық болған жоқ. Осы сияқты грейдтік еңбекақы төлеу жүйесі сонымен тектес кәсіпорын – «ПетроКазахстан Ойл Продактс» (ПКОП) ЖШС мұнай өңдеу зауытында, ПКОСИ еншілес компаниясында бар.

Жобаның басты мақсаты – жергілікті деңгейде бәсекеге қабілетті болатын және Серіктестікке қызметкерлерді тартуға, ұстап қалуға және ішкі жағынан әділ еңбекақы беруге мүмкіндік беретін еңбекақы құрылымын енгізу.

Жобаны іске асыру барысында:

- «АМӨЗ» ЖШС барлық лауазымдары грейдтер бойынша үлестірілді;
- Батыс Қазақстанның энергетикалық секторының еңбекақы нарығына талдау жүргізілді;
- еңбекақы құрылымы құрылды;
- әр грейдке еңбекақы құрылымында деңгей берілді.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа еңбекақы төлеу жүйесін енгізу кезеңі басталды.

Грейдтер жүйесі орындалатын жұмыстың қиындығына және кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жетудегі қызметкерлердің қосқан үлесіне қарай еңбекақы төлеуде ішкі және сыртқы әділдікті орнатуға мүмкіндік берді.

Еңбекақы төлеу жүйесіндегі өзгерістерге байланысты лауазымдық қызметақылардың және айлық тарифтік мөлшерлемелердің өсуі:

- жұмысшы мамандықтар персоналы – **16%**;
- өндірістік басшылар мен мамандар – **39% дейін**;
- әкімшілік-басқарушылық персонал – **7% дейін болды».**

Әлеуметтік төлемдерді, өтемақыларды және кепілдіктерді беру

2020 жылдың соңына қарай зауыттың барлық қызметкерлері ұжымдық шартпен қамтылды. Ұжымдық шартқа және «АМӨЗ» ЖШС Қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережелеріне сәйкес өндірістің тиімділігіне әсер ететін барынша серпінмен жұмыс істеу үшін тиісті әлеуметтік жағдайларды жасау мақсатында қызметкерлер үшін жеңілдігі бар және әлеуметтік төлемдерден құралатын кепілдік әлеуметтік пакет көзделген:

- еңбек демалысына қосымша сауықтыруға берілетін жыл сайынғы біржолғы жәрдемақы;
- денсаулығына байланысты еңбек қызметін жалғастыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда еңбек шарты бұзылса, еңбек шартын бұзу кезіндегі біржолғы төлем;
- зейнеткерлік жасқа жеткен кезде еңбек шартын бұзған жағдайда төленетін біржолғы төлем;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- қызметкердің/қызметкердің жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты жерлеу рәсімін ұйымдастыруға берілетін материалдық көмек;
- өндірістегі жазатайым жағдайдың нәтижесінде қаза болған қызметкердің отбасына берілетін материалдық көмек;
- қызметкердің бастапқы некесін қидыруымен байланысты берілетін материалдық көмек;
- бала тууға байланысты (асырап алуға) берілетін материалдық көмек;

- мерейтойлық күндерге (50, 60 жас) байланысты берілетін материалдық көмек;
- қызметкер денсаулығына байланысты демалыста қатарынан бір айдан астам уақыт бойы болған жағдайда уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақыға қосымша ақы;
- «АМӨЗ» ЖШС Басқармасының шешімі бойынша басқа жағдайларда берілетін материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты табысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлем сомасын шегере отырып, орташа жалақы есебінен жүктілікке және босануға байланысты демалысты төлеу;
- әлеуметтік және оқу демалыстарын төлеу;
- қызметкерлерге тамақтануға берілетін дотация;
- қызметкерлердің балаларының жазғы демалыс құнын ішінара өтеу;
- мектеп жасына дейінгі балалары бар қызметкерлерге ай сайынғы ішінара жәрдемақы төлеу;
- мектеп жасындағы балалары бар қызметкерлерде берілетін біржолғы материалдық көмек;
- кадрларды ротациялау бағдарламасы бойынша мамандарға, шақырылған қызметкерлерге баспана жалдау шығындарын ішінара өтеу;
- тұрғын үй бағдарламасы.

2020 жылдың қорытындылары бойынша 1 қызметкерге жұмсалатын әлеуметтік пакет 1 243,19 мың теңгені құрады, бұл 2019 жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда 8,1% артық.



Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау бойынша іс-шаралармен қатар сондай-ақ бұрынғы АМӨЗ жұмыскерлеріне – жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әртүрлі әлеуметтік жәрдемақылар және төлемдер қарастырылған.

COVID – 19 коронавирустық инфекциясын жұқтырудың алдын алу шараларының аясында «Олимп» емханалық-диагностикалық орталығымен ПТР әдісімен биологиялық материалдан COVID-19 вирусының РНК анықтау қызметтерін көрсету жөнінде шарт жасалды. Жасалған шарттың негізінде қашықтан жұмыс

Кәсіби даму

2020 жылы оқу семинарларына, біліктілікті арттыру, даярлау және қайта даярлау курстарына қатысқан қызметкерлердің саны 3 972 жетті. Оның ішінде 3 539 адам міндетті оқу бағдарламалары бойынша оқытылды, яғни орта есеппен бір қызметкер үш бағдарлама бойынша оқудан өтті, оқыту іс-шараларының негізгі көлемі қашықтан онлайн-режимде өткізілді.

2020 жылы қайта қабылданған жұмыскерлерге арналған кәсіпорындағы жұмыс жағдайларына бейімделу бағдарламасы жаңартылды. Қазіргі уақытта ол бейнесабақтар және презентациялар түрінде онлайн-форматта іске асырылады. Білімді тексеру тестілеу түрінде жүргізіледі.


істеу режимінен, сондай-ақ жыл сайынғы еңбек демалыстарынан шығатын барлық қызметкерлер зауыт қаражаттарының есебінен COVID-19-ға антиденелерді анықтауға ПТР-тест, сондай-ақ жедел тесттерді тапсырады.

Жіті инфекциялық аурулармен ауырған немесе ауырып жатқан қызметкерлер үшін медициналық көмек қолжетімді болу мақсатында «Орион Медикалс» ЖШС-мен АМӨЗ қаражаттарының есебінен өкпені компьютерлік томографиядан (КТ) өткізу туралы шарт жасалды.

Қызметкерлерді оқыту көрсеткіштері



BILIM жобасы АМӨЗ персоналын дамытудың 13 бағдарламасынан құралады. Олардың ішінде ең батыл, жаңашыл және өршіл бағдарламалар Lean 6 Sigma, «Жас Маман», ЖОО-мен ынтымақтастық, қосарлы оқу және кәсіби білім деңгейін бақылау (КБДБ) болып табылады.



Lean 6 Sigma

Бұл әдіснама 2016 жылдан бері енгізіліп келеді және өндірісте тікелей шығындарды азайтуға және қондырғылардың технологиялық режимдерін оңтайландыруға бағытталған жобаларды жұмыскерлердің әзірлеуін және енгізілуін білдіреді.

2020 жылы оқудан өтіп қойған жұмыскерлерге қосымша «жасыл белдеулердің» бес адамы теори-

ялық дайындықтан өтті. Қазіргі уақытта оқудан «жасыл белдік» деңгейі бойынша 36 адам өтті, оның ішінде 10 адам деңгейін «қара белдіктерге» дейін көтерді. 2020 жылы 3 маман «қара белдік шебері» дәрежесін алу үшін оқуды бастады.

НYSYS «Технологиялық үдерістерді модельдеу» бағдарламасы бойынша 10 адам оқудан өтті.

«Жас Маман» бағдарламасы

2020 жылы «Жас маман» бағдарламасы бойынша зауыттың негізгі мамандықтары бойынша оқуды кәсіпорынның қаражаты есебінен жалғастырды:

- Губкин атындағы РМУ Мәскеу қ. – 7 адам;
- УММТУ Уфа қ. – 2 адам.

ЖОО-мен жұмыс

Зауыттың технологиялық қондырғыларында жұмыс істеу үшін химиялық-технологиялық бейіннің негізгі мамандықтары бойынша мамандарды даярлау мақсатында АМӨЗ ЖШС Атырау, Алматы, Нұр-Сұлтан, Орал және Шымкент қалаларының 9 жетекші техникалық жоғары оқу орнымен және үш ОББМ ынтымақтастықты жалғастырды.

2020 жылы әлеуметтік серіктестік аясында қашықтан онлайн режимінде:

- зауыт басшылары Білім беру мекемелерінің Қамқоршылар кеңестерінің отырыстарына қатысады;
- зауыт мамандары студенттердің курстық жұмыстарының және

Қос тарапты оқу

Жас мамандарды даярлау мақсатында өндірісте қос тарапты оқыту бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің үздік студенттерін ынталандыру және олардың болашақтағы жұмысқа орналасуы үшін «АМӨЗ» ЖШС шәкіртақы беру бағдарламасы жаңғыртылды. 2020 жылы **АМЖГУ 8 студенті** зауыттық шәкіртақыларды алуға конкурстық іріктеуден өтті.

- дипломдық жұмыстарының (жобаларының) тақырыптарын келістіруде қатысады, сондай-ақ, емтихандарды қабылдау бойынша біліктілік комиссияларының құрамында, және түлектердің біліктілік жұмыстарын (дипломдық жобаларын) қорғау кезінде қатысады;
- АМӨЗ мамандары онлайн-конференцияларға, «Ашық есік күндеріне», «Бос жұмыс орындарының жәрмеңкелеріне» және ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған басқа да осыған ұқсас шараларға қатысады;
 - оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері зауыттың бөлімшелерінде тағылымдамадан өтеді.

Студенттерге арнайы киімдер, тыныс алу органдарының жеке қорғаныс құралдары беріледі, оларға тәжірибелі және жоғары

білікті қызметкерлер арасынан тәлімгерлер бекітіледі, өтемақы шығындары жұмыс уақытын есептеу кестесінің негізінде 1 ЖЕТМ (айына 42 500 теңге) мөлшерінде төленеді.

2020 жылдың наурызынан бастап COVID-19 пандемиясына байланысты қос тарапты оқытудың студенттерін практикалық оқыту тоқтатылды. Эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруымен кадрлар даярлаудың қос тарапты жүйесі бойынша жас мамандарды даярлау бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Қызметкерлердің кәсіби білім деңгейін бақылау

Кәсіби білім деңгейін бақылау тоқсан сайын өткізіледі. Бұл алдыңғы және нақты білім деңгейін анықтауға және салыстыруға, өсуінде не болмаса бір орында тұрып қалуына немесе белгілі бір параметрлер бойынша артта қалуына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

2020 жылы КБДБ процесі бойынша тестілеудің 3 кезеңі өткізілді. Әр кезеңнің нәтижелері бойынша

2020 жылы «С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» ЖЕАҚ Өзара ынтымақтастық туралы келісімге 15 жылдық мерзімге қол қойылды. Осы келісімнің аясында университеттің базасында Мұнай-химия инженерия және экология институты құрылды. Бұл институт білім беру бағдарламаларын қамтиды:

- «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»;
- «Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары»;
- «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау».

қызметкерлердің кәсіби білім деңгейінің жоғары және төмен көрсеткіштері анықталды. Қызметкерлердің анықталған жеткіліксіз білімін жою үшін «қызыл аймақта» орналасқан әрбір қызметкерге тәлімгерлік бойынша оқытудан өткен ішкі жаттықтырушылар және серіктестіктің жоғары білікті мамандары қатарынан жетекшілер бекітілді.

Даму аймақтары	2019(нақты)	2020(нақты)	2021(нысана)
85–100% (жасыл аймақ)	12%	28%	40%
50–85% (сары аймақ)	70%	70%	60%
0–50% (қызыл аймақ)	18%	2%	0%



AMOZ.ispringlearn (AMOZ Learn) онлайн-оқыту порталы

«АМӨЗ» ЖШС қызметкерлерін оқыту және дамыту мақсатында iSpring Learn онлайн-оқыту порталы іске қосылды:

- бейімдеу бағдарламаларының бейнесабақтары;
- 37 өзін-өзі дамыту курсы;

- мұнайды бастапқы өңдеу бойынша мультимедиялық оқу кешені (АТ ЭЛТҚ-2, АВТ ЭЛТҚ);
- АМӨЗ жобалары бойынша курстар;
- өзін-өзі дамыту бойынша 100 кітап;
- зауыттың барлық қондырғылары бойынша техникалық регламенттер.

Компьютерлік жаттығу кешені

Honeywell компаниясымен бірге 2020 жылы КЖК – АМӨЗ қолданыстағы қондырғыларының бірегей компьютерлік тренажер-симуляторларын (RFCC каталитикалық крекинг, ССR каталитикалық риформинг қондырғылары, (РХ) хош иісті көмірсутектерді өндіру бойынша қондырғылар) қабылдау кезіндегі сынақ аяқталды. Осы сияқты тренажерлардың көмегімен азаматтық авиация ұшқыштары үйретіледі.

КЖК негізгі мақсаты өндірісте адами фактормен байланысты іркілістерді барынша азайту болып табылады.

Кадрлар резерві бағдарламасы

АМӨЗ кадр саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қажетті кәсіби құзыреттіліктері бар жаңа үлгідегі басшыларды даярлау мақсатында жас және болашағы зор көшбасшылар іздеуді және анықтауды қамтитын кадрлар резервін дайындау болып табылады.

Оқу теориялық оқудан және практикалық жұмыстарды жүргізу бойынша бағдарламалардан құралады. Оны басқару пультының операторлары, технологиялық қондырғылар операторлары, сорғы және компрессор қондырғыларының машинисттері өтеді.

2020 жылдың ішінде барлығы 43 каталитикалық крекинг қызметкері және 30 каталитикалық риформинг қызметкері оқудан өтті.

Барлық резервшілерге арналған тренингтер ең жақсы қазақстандық жаттықтырушыларды тарту арқылы өткізіледі, және жеке-іскерлік құзыреттіліктерді және кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған.

2020 жылы кадрлар әлеуетін тұрақтандыру, кадр резервшілерін дамыту мақсатында қолайлы ортаны құру, қызметкерлердің еліктіргендігін арттыру үшін, кәсіпорынның «Алматы Менеджмент Университет» БМ Атырау филиалында «General MBA» «Іскерлік басқару магистрі»

бағдарламасы бойынша кадрлық резервін құрайтын болашағы зор 20 қызметкерді оқыту жалғастырылды. 3 маман И.М. Губкин атындағы мұнай мен газ (ҰЗУ) РММ «Іскерлік басқару шебері (EMBA). Энергетикалық көшбасшылық» бағдарламасы бойынша оқуда.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі

2020 жылдың қорытындылары бойынша Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 85% құрады. 2019 жылмен салыстырғанда ол 11 тармақшаға өсті. Индекс мәнінің өсуі – бұл еліктіргендік индексі +20 тармақшаға, әлеуметтік тұрақтылық индексінің +24 тармақшаға өзгеруінің нәтижесі.

Әлеуметтік тұрақтылық индексі



Пандемияға қарсы іс-қимыл

2020 жылдың көктемінде АМӨЗ зауыт қызметкерлерінің коронавирустық инфекцияны жұқтырмау мақсатында қауіпсіздік және алдын-алу шаралары күшейтілді. Жиналыстардың және мәдени-көпшілікті шаралардың саны азайтылды. АМӨЗ және зауыттың аумағындағы аутсорсингтік компаниялар қызметкерлерінің Қазақстаннан тыс жерлерге қызметтік іссапарларға мораторий жарияланды. Сыртқа шығып оқыту курстары және семинарлар арнайы нұсқауға дейін тыйым салынған. Сондай-ақ, зауыт қызметкерлерінің спорт кешендеріндегі барлық жаттығулары тоқтатылды.

Бас директордың және оның орынбасарларының төрағалығымен өтетін күнделікті жиналыстар телефон және бейнеконференция байланысы арқылы өткізілді. Өндірістік қызметтердің және аутсорсингтік компаниялардың басшылары қызметкерлер арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Медициналық маскаларды, қолға арналған микробқа қарсы гельді, антисептикалық құралдарды сатып алу жүзеге асырылды. Адамдардың тұрақты тұратын басқа жерлері антисептикалық заттардың мөлшерлегіштерімен қамтамасыз етілген. Барлық ғимараттарда және жайларда зарарсыздандырғыш құралдарды пайдаланумен ылғалды тазалауларды өткізу жиілігі арттырылды. Персоналды тасымалдауда қолданылатын автокөлік құралдары зарарсыздандырғыш құралдармен өңделеді.

2020 жылдың 17 наурызынан бастап еңбек шартында көзделген жұмыс күнінің ұзақтығын сақтау шартымен күндізгі, инженерлік-техникалық және әкімшілік персоналдың жұмыс уақытының икемді режимі енгізілді. 228 адам қашықтан жұмыс жасау нысанына ауыстырылды.

Қызметкерлердің зауыттың аумағында құрылымдық бөлімшелер арасында қозғалысы шектелді. Қағаз тасығыштағы ақпаратты беру үшін әрбір құрылымдық бөлімшеде жауапты қызметкерлер белгіленді.

Зауыттың өтетін бөлмесінде тепловизорлар орнатылған, қашықтан өлшейтін 20 термометр сатып алынды. «Санитарлық сүзгі» құрылды.

Зауыттың медициналық пунктінде қызметкерлерде коронавирустық инфекцияның белгілерін табылған жағдайда іс-әрекеттер жоспары әзірленген.

Зауыттың қызметкерлері коронавирустық инфекцияның алдын-алу бойынша ұсыныстарды қатаң түрде сақтауы, адамдар көп шоғырланған жерлерге барудан бас тартуы, Қазақстаннан тыс жерлерге және соның аумағында жеке саяхаттарды шектеуге тиіс болатын.

Осы іс-шаралар зауыттың аумағында орналасқан мердігер ұйымдарда да әрекет етті.

Жас мамандарды қолдау

Көп жылдар бойы АМӨЗ алдында кадрлардың тұрақтамау проблемасы тұрды. Ол аймақтың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін кадрлар шығаратын жер еді. Зауыттан білікті мамандар ішінен ондаған оқудан өткен жұмыскерлер түлеп ұшып жатты.

Бұл проблеманы шешу үшін түбегейлі шешімдерді қолдану қажет болды.

Мамандардың жылыстауын азайту бойынша көзделген мақсатқа қарай жүре отырып, АМӨЗ 2020 жылы зауыттың сәтті дамуы мен өркендеуіне ықпал тигізетін білікті мамандарды әлеуметтік қолдау бойынша жобаларды іске асыруды бастады.

Атап айтқанда, АМӨЗ дамуына елеулі үлес қосқан және жаңа өндірістердің перспективалы мамандары болып табылатын қызметкерлерге бағытталған корпоративтік тұрғын үй бағдарламасы ойдағыдай жүзеге асырылды.

Айталық, зауыттың **101** жұмыскері мұнай астанасындағы **Victory Park тұрғын үй кешеніндегі** жаңа пәтердің кілтін алды. Қоныс тойын тойлап жатқандардың көшіп келген үйлері «комфорт+» санатындағы тұрғын үй сегментіне жатады. Ол қаланың ең көркем де экологиялық қолайлы бөлігінде – Жайық өзенінің жағалауында, Жеңіс Саябағы аймағында орналасқан. Жайлы 1-4-пәтерлі үйлердің ауданы 49,96 шаршы метрден 124,34 шаршы метрге дейін және толығымен дайын күйінде табысталды.



Тұрғын үй бағдарламасын іске асыру

«Victory Park» ТҮК-де пәтер алғандар	Тұрғын үй қарыздарын алғандар	Қолданыстағы тұрғын үй қорынан пәтер алғандар	Жиыны
101 ад.	28 ад.	13 ад.	142

ТҮК аумағында демалуға және салауатты өмір салтын ұстануға арналған сапалы инфрақұрылым құрылған. Аулада жерасты тұрағы салынған.

Одан басқа, АМӨЗ зауытшылардың 30% құрайтын жас мамандарға баспана сатып алуға пайызсыз қарыз береді. Осы бағдарламаны іске асыруда АМӨЗ серіктесі ForteBank болып табылады. 2020 жылы **28** адам жалпы 402,8 млн теңгеге тұрғын үй қарызын алды. **13** адам қолданыстағы тұрғын үй қорынан пәтерге ие болды.

Қабылданған тұрғын үй бағдарламасының арқасында **142** зауыт қызметкері Атырау қаласында жекеменшік пәтерлермен қамтамасыз етілді.

Жұмыскерлерді барынша жайлы өмір сүру және жұмыс істеу жағдайларымен қамтамасыз ету бойынша АМӨЗ атқарып жатқан жұмысы зауыт қызметкерлерінің оң көзқарасын тудыруда, бұл өз жұмыскерлерін ұстап қалуға ғана емес, өңірдің басқа ірі мұнай-газ кәсіпорындарынан жаңа білікті мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Айталық, 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы өз қалауымен зауыттан кеткен жұмыскерлер саны **37%** азайды.



Мұнай-химия инженериясы және экология институтының ашылуы

2020 жылдың қазанында 15 жылға «С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» ЖЕАҚ-мен өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Аталған келісімге сәйкес заманауи оқыту құралдарының, АМӨЗ үшін өзекті мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының шеңберіндегі әдістемелер мен ақпараттық технологиялардың негізінде білікті мамандарды міндетті даярлау көзделген.

Ынтымақтастық аясында АМӨЗ қолдауымен жалпы ауданы 3 300 ш.м. құрайтын оқу кабинеттері мен зертханаларына жөндеу жүргізілді. Одан басқа, «Химия және химиялық технология» бұрынғы кафедрасының материалдық-техникалық базасы, ЖОО корпустарының бірінің 3 және 4 қабаттары жаңартылды (лекциялық аудиториялар мен химиялық зертханалар жаңартудан өткізілді, құрал жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілді).



2020 жылдың 15 желтоқсанында АМЖГУ негізінде Мұнай-химия инженериясы және экология институтының салтанатты ашылуы өтті.



Институтта төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша бакалаврлар мен магистрлерді дайындайды:

- «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»;
- «Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары және құрал-жабдықтары»;
- «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау».

Студенттердің мұнайды, газды және оларды қайта өңдеу өнімдерін зерттеу үдерістерінде талдаудың физикалық-химиялық әдістерін қолданудағы практикалық дағдыларын меңгеруі үшін заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған **12 жаңа зертхана ашылды**. Атап айтқанда, AVC Group компаниясы «АМӨЗ» ЖШС қолдауымен бір зертханалық кабинетті жоғары жиілікті газ талдағыштармен жабдықтауды жоспарлап отыр.

АМӨЗ институтты бірегей компьютерлік жаттығу кешендермен (КЖК) – Axens фирмасының каталитикалық риформингі қондырғысының прототиптерімен жабдықтады. Бұл ҚР барлық үш МӨЗ үшін мұнай өңдеу саласындағы мамандарды дайындауға мүмкіндік береді. Мұндай симуляторлардың баламалары Қазақстанның басқа ешбір ЖОО жоқ.

Сонымен бірге, Honeywell компаниясы ЖОО-на базалық химиялық технология үдерістері мен аппаратурасына және АВТ ЭЛТҚ қондырғысына арналған тағы бір компьютерлік тренажерлік кешенді ұсынды.

АМӨЗ патронатымен институт өнеркәсіптің мұнай өңдеуші және газ-химия салаларының сұранысқа

ие мамандықтары бойынша инженерлерді дайындайтын бірегей білім беру орталығына айналды. Студенттер үшін лекцияларды оффлайн және онлайн форматта И. Губкин атындағы РМУ, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің, Уфа мемлекеттік ғылыми-техникалық университетінің оқытушылары және АМӨЗ жетекші инженер-технологтары оқиды. Жергілікті оқытушылар арнайы әзірленген бағдарламаның шеңберінде АМӨЗ бойынша тағылымдамадан өтеді.

Бұл институтта білім алудың басты артықшылықтарының бірі оның түлектерінің жұмысқа, әсіресе Атырау мұнай өңдеу зауытына орналасу мүмкіндігі болып табылады.



Кәсіподақ



Амантурлин Галимжан Жиршибекович
«ХМжәнеТӨСЖСКО» ҚБФ –
«АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымы төрағасы

«Әлеуметтік тұрақтылықты сақтау – «АМӨЗ» ЖШС бастапқы кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі міндеті болып табылады. Кәсіпорынның кәсіподақтық жұмысын кәсіподақ комитеті басқарады. Зауыттың кәсіподақ комитеті химия, мұнай-химия және онымен тектес өнеркәсіп салалары қызметкерлері кәсіподағының қоғамдық бірлестігінің филиалы болып табылады. Есепке 3 078 адам алынған, оның 655-і зейнеткерлер және аутсорсингтік компаниялар кәсіподағының мүшелері. Әр өндірісте және бөлімшеде, әр аутсорсингтік компанияда төраға басшылық ететін цех комитеті бар.

Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік, еңбек және кәсіптік құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша негізгі құжат Зауыттың әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы Ұжымдық шарт болып табылады. Ұжымдық шарттың негізгі аспектілерінің бірі лайықтық жалақы деңгейін сақтап тұру болып табылады. Қиын кезеңге қарамастан 2020 жылы жұмыскерлердің жалақысы толық көлемде және қаржылық есептілікте белгіленген мерзімде төленіп тұрды. Жалақы бойынша жұмыскерлер алдында берешек жоқ».

Зауытта еңбек даулары бойынша келістіруші комиссия құрылды және жұмыс істеуде.

Кәсіподақ комитеті қатты мұқтаж қызметкерлерге және зауыттың бұрынғы қызметкерлері болған зейнеткерлерге материалдық көмек көрсету үшін кәсіподақ бюджетінен қажетті қаражатты Басқармамен келістіру бойынша бөліп береді. Әйелдер кеңесіне, ардагерлер кеңесіне, жастар істері жөніндегі кеңеске тұрақты, бұқаралық дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруда, сауықтыру жұмысында, қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін дамытуда, өз күшімен ұйымдастырылған көркемөнер қатысушыларын ынталандыруда көмек көрсетіледі. Басқарма және Кәсіподақ комитеті қызметкерлер денсаулығын сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбек жағдайларын жақсарту мәселерінде белсенді ынтымақтасады. Кәсіподақ комитеті қарамағында еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар белсенді жұмысты атқарады.

2020 жылы кәсіподақ АМӨЗ-мен бірлесіп барлық зауытшылар үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасау бойынша айтарлықтау жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, орталық асхана жөндеуден өткізілді. тұрақтар мен зауытшілік жолдарға асфальт төселді, цехтар орынжайлары жөнделді.

Одан басқа «Атырау МӨЗ тарихы және еңбек даңқы залы» жаңартылды.



Пандемия кезінде басшылықтың жұмыскерлердің денсаулығын қамтамасыз ету бойынша атқарған еңбегін қолдау үшін кәсіподақ ұйымы зауыттың медициналық орталығына екі өкпені жасанды желдету (ӨЖЖ) аппаратын сыйға тартты. Портативті ӨЖЖ аппараттарының 4-килограммдық оттегі баллондары бар. Олардың бірі оқшаулау аймағында, екіншісі – реанимобильде орнатылды. Жаңартылған медициналық орталыққа Химия, мұнай химиясы және тектес өнеркәсіп салалары салалық кәсіби одақтың төрағасы К. Примкулов келді және ол зауыт басшылығы мен кәсіподағына зауытшылар үшін лайықты еңбек жағдайларын жасау және олардың денсаулығын қорғау бойынша атқарып отырған жұмысына жоғары баға берді.

2020 жылы кәсіподақтың ұсынысы бойынша зауыттың 20 ардагеріне «Еңбегі ардагері» медалі берілді, ал зауыттың 75 жылдығына орай 50 ардагер мерейтойлық медальмен марапатталды.



К. Примкуловтың медициналық орталыққа сапары



Г. Амантурлин «Еңбек ардагері» медалін Ю.Шкодинге тапсыруда

/ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Мурсалиева Жанна Аужанқызы
Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы

«Атырау МӨЗ экологияға бағытталған компания болып табылады және зауыттың басты мақсаты өз қызметінде атмосфералық ауаға жоспарланбаған және рұқсат етілмеген эмиссияларға, ағын суларға, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарының тасталуына жол бермеу болған және солай қалып отыр. Біз табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, соның ішінде, суды, электр қуатын бақыланатын пайдалану, қалдықтарды бөлек жинау және кәдеге жарату саясатын ұстанамыз. Зауыт өзінің іс жүргізуінде электрондық тәсілге ауысып, қағаздық құжат айналымын азайтады, осылайша, орман алқаптарының сақталуында қатысады. Әрине, біз өндірістік процесімізді экологиялық заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтай отырып жүзеге асырамыз.

Өткен 2020 жылда ҚР жаңа Экологиялық кодексін қабылдаумен байланысты, зауыт өзінің өндірістік қызметінің жаңадан енгізілген табиғатты қорғау талаптарына сай келуін бағалау бойынша жұмыстарды өткізді.

НТҚ бойынша Техникалық анықтамалықты әзірлеу шеңберінде 2020 жылы «ХЖТжәнеИЖО» ЖЕАҚ (Жасыл технологиялар орталығы) ұлттық және халықаралық сарапшылармен бірлесе отырып, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (ҚР ЭГжТРМ) тапсырмасы бойынша зауыттың кешенді технологиялық аудиті өткізілді. Аудиттің алдын-ала мәліметтері бойынша АМӨЗ технологиялары ХЖТжәнеИЖО анықтамалықтарына сай келеді.

Қазақстандық ЕҮҚТ қағидаттарына сай келуіне қатысты кәсіпорынның технологиялық процестерінің сараптамалық бағалауын алу үшін web-қосымшасында зауыт деректерін толтыру бойынша жұмыстар өткізілді.

АМӨЗ өндірістік нысандарынан ластаушы заттар шығындыларының сапасын үздіксіз бақылау үшін 2019 жылы кәсіпорында негізгі көздерде автоматты бақылау жүйесін (АБЖ) енгізу бойынша жобалауға дейінгі тексеріс өткізілді. 2020 жылы негізгі көздерде ластаушы заттар шығындыларын АБЖ енгізу бойынша жобасын әзірлеу бойынша жұмыстар басталды, осы жылы осы жұмыстарды аяқтау жоспарланып отыр.

АМӨЗ зауыттың санитарлық-қорғау аймағының шекарасында орналасқан ауадағы негізгі ластаушы заттарды анықтайтын ауаның сапасын бақылаудың төрт автоматты станциясын қамтитын экологиялық бақылау жүйесі жұмыс істейтіндігін айта кету қажет. Осы автоматты станциялармен атмосфералық ауадағы ЛЗ құрамы бойынша тәулік бойы бақылаулар келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: күкіртті сутек, көміртегі тотығы, азот тотықтары, күкіртті ангидрид, көмірсутектер. 2021 жылы экологиялық бекеттерді бензолды, толуолды, параксилолды және этилбензолды тексеретін газ талдауыштармен жете жабдықтау жоспарлануда. Есептер кейіннен AirKz қосымшасына біріктірумен және халыққа хабарландыру үшін деректердің қаланың және зауыттың LED экрандарында таратылуын жүзеге асырумен «Қазгидромет» РМК

серверіне сағат сайын жіберіледі. АМӨЗ өзінің қоршаған ортаға барлық шығарындыларын Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа сәйкес жүзеге асырады, және сәйкесінше салық төлемдерін жүзеге асырады.

Сонымен қатар, біз зауытқа іргелес аумақты абаттандыру және көгалдандыру мәселелеріне назар аударамыз. Қазіргі таңда, зауыттың санитарлық-қорғау аймағын абаттандыру мен көгалдандырудың жалпы ауданы 224 га құрайды, 126 270 ағаш және бұталар отырғызылды. Жыл сайын саны шамамен 12 мың дана аудандастырылған көшеттерді отырғызу жүзеге асырылады.

СҚА жасыл желектерге қызмет және күтім көрсету үшін мамандандырылған ұйыммен жалпы сомасы 968 263 мың теңге ұзақ мерзімді (5 жылдық) шарт жасалды.

Сондай-ақ, зауытпен тұрғындар көшірілгеннен кейін босатылған зауыттың батыс жағындағы ауданы 32 га аумақты абаттандыру және көгалдандыру жоспарланған. Осы аймақ қоқыстардан тазартылды, қалған құрылыстарды бөлшектеу өткізілді, жерді жоспарлау жүзеге асырылды.

Атырау қаласында экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында 2021 жылы зауытпен «TAZALYQ» бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның аясында механикалық тазарту қондырғыларды жаңарту және булану өрістерін қалпына келтіру (Тухлая балка (Сасық сай)) бойынша іс-шаралар көзделген.»



Басқару тәсілдері

АМӨЗ еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, сапаны басқару, энергиялық тиімділік және энергияны үнемдеу саласындағы жүйелердің маңыздылығын түсінеді, және олардың жұмысын және дамуын белгілейді.

АМӨЗ қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым бағыттары ретінде болып табылады:

- ластаушы заттар және жылыжай газдарының шығарындыларын басқару;
- су ресурстарын басқару;
- энергиялық тиімділікті арттыру;
- өндірістік және тұтыну қалдықтарын басқару.

Алға қойылған мақсатқа жету келесі **басқару жүйелерін** енгізу, жұмыс күйінде ұстау және үнемі жетілдіру арқылы жүзеге асырылады:

- ISO 9001:2015 стандартына сәйкес сапаны басқару жүйесін;
- ISO 14001:2015 стандартына сәйкес экологиялық басқару жүйесін;
- OHSAS 18001: 2007 стандартына сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесін;
- ISO 50001:2011 стандартына сәйкес энергетикалық басқару жүйесін.

Басқару жүйелерін үнемі жетілдіру көрсетілген жүйелердің жүйелі бақылауымен, құжатталған процедураны мерзімді қайта қарау, сондай-ақ, барлық мүдделі тарап-

тардан кері байланыс алу қажеттілігімен қамтамасыз етіледі.


АМӨЗ өзіне келесі міндеттемелерді қабылдайды:

- Зауыттың қызметіне қолданылатын заңдарды және өзге де нормативтік актілерді, сондай-ақ, сапаны басқару, ЕҚЖТ, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу саласындағы халықаралық стандарттарды сақтау.
- Біріктірілген менеджмент жүйесін өлшеу мақсатында ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету.
- Оны бақылау және жетілдіру мақсатында қолда бар біріктірілген менеджмент жүйесі нәтижелілігінің максималды мүмкін өлшеуін, сондай-ақ, осымен байланысты есептік және бақылау ақпаратының қол жетімділігін қамтамасыз ету.
- Қызметкерлер және мердігерлер үшін қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ету және қызметкерде сапаны басқару, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі және еңбекті қорғау мәселелеріне қатысты жауапты қатынасты қалыптастыру.
- Мұнай өңдеу процесінің сапасына қатысты тұтынушылар талаптарының сай келуі және оларды жоғары жауапкершілікпен орындау.
- Қоршаған ортаның ластануын бақылау және болдырмау, әлеуметтік және экономикалық фак-

- торларды ескере отырып зиянды әсерлерін барынша азайту.
- Қызметкерлердің, мердігерлердің және халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін әлеуетті тәуекелдерді анықтау, жою немесе бақылау және барынша азайту.
- Энергияны үнемдейтін және экологиялық таза, сондай-ақ, жұмыстар мен қызметтердің энергия тиімділігі қағидаттарын ұстанатын тауарлардың сатып алуларын қолдау.
- Сапаны бақылау, еңбекті қорғау, энергия тиімділігі мәселелері және мәселелерді анықтау үшін экологиялық аспектілер бойынша бақылау жүргізудің тиімділігін арттыру, және кейіннен мақсаттар мен міндеттерді қою, және зауыттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін оларға қол жеткізу.

- Сапа, денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі, энергия тиімділігін арттыру және энергияны үнемдеу, және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүйелерді үздіксіз жетілдіру мақсатында ұйымның қызметін бақылау және талдау.

Атырау қаласындағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында АМӨЗ «TAZALYQ» жобасы жүзеге асырылуда, оның негізгі міндеті – зауыттың қызметінен қоршаған ортаға әсерді барынша азайту. Жоба ағынды суларды тазарту сапасын нормативтік көрсеткіштерге дейін жеткізу арқасында қоршаған ортаға айтарлықтай әсер қалдырады. Сонымен қатар, жобамен топырақ жамылғысын қалпына келтірумен қолданыстағы булану өрістерін қалпына келтіру және нормативтік



Экология министрі М. Мирзагалиевтің сапары

тазартылған ағынды сулардың ашық арнасының орнына құбыр желісін жүргізу көзделген. Сонымен бірге, Атырау қаласының жер асты суларына, жануарлары мен өсімдіктер әлеміне және атмосфералық ауасына қатысты өндірістің кері әсері барынша азайтылатын болады.

АМӨЗ қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесін үнемі жетілдіруге ұмтылады, барлық мүдделі тараптармен экологиялық мәселелер бойынша белсенді өзара әрекеттеседі, барлық экологиялық аспектілер бойынша ақпаратты жыл сайынғы негізде жариялайды, осылайша қоғам алдындағы ашықтық пен жауапкершілікке деген бейілігімізді үнемі растайды.

Инвестициялар

АМӨЗ басқаруға қатысты тәсілдерді үнемі жетілдіріп отырады, және қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды бөліп береді, атап айтқанда, нормативтік эмиссиялар үшін салықтар төлеуді, табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындарды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы сақтандыруды, өтемақы шараларын қамтитын экологиялық шығындар.

Заманауи технологияларды қолданудың арқасында атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары 2020 жылы 20 123 тонна лимитінде 11 958 тоннаны құрады, ағынды сулармен ластау-

шы заттардың төгілуі – 23 231 тонна лимитінде 12 020 тоннаны құрады. Жанармай газының және сәйкесінше шығарындылар шығынын азайту үшін АМӨЗ мұнайды бастапқы өңдеудің бірқатар қондырғыларында техникалық тұрғыдан алғанда ескірген жанарғыларды ауыстыру жүзеге асырылатын болады.

2020 жылы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (ҚР ЭГжәнеТРМ) тапсырмасымен ЕҮҚТ бойынша техникалық анықтамалықты әзірлеу аясында зауытта ұлттық және халықаралық сарапшылармен бірлесіп «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы» ЖЕАҚ (ХЖТжәнеИЖО) күшімен **кешенді технологиялық аудит** жүргізілді. Жүргізілген аудит зауыт технологияларының табиғатты қорғау саласындағы ең үздік практикаларға сай келетінін алдын ала растады.

АМӨЗ атмосфералық ауадағы **күкіртті сутектің, азот және көміртек тотықтарының, күкірт қос тотығының және көмірсутектердің** құрамын қадағалайтын **төрт автоматты бақылау станцияның негізінде экологиялық бақылау жүйесі** жұмыс істейді. Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап бензол, ксилол, толуол, этилбензол концентрациясын қадағалайтын қосымша талдауыштар орнатылды. Экологиялық бақылау есептері сағат сайын Атырау қаласындағы «Қазгидро-

мет» РМК серверіне және зауыттағы **LED-экрандарына** жіберіледі.


АМӨЗ ұжымымен өткен жылы Жастар көшесінің аймағында қаланың 1 гектардан астам аймағын қосымша көгалдандыру жұмыстары кейіннен көшеттерге күтім көрсетумен жүргізілді. Сондай-ақ, зауытпен бұрын көгалдандырылған **224 га** аймаққа қызмет көрсетіледі.

Сонымен қатар, Атырау облысының әкімдігі және «АМӨЗ» ЖШС арасында «Атырау қаласының аумағында көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы» меморандум қол қою сатысында, ол бойынша тараптар зауыттың Сасық сай буландырғыш тоғанының 860 га аумағын қоса алғанда ауданы 1 420,9 га жер телімін көгалдандыру туралы келісуде.


2020 жылдағы табиғатты қорғау төлемдері бойынша шығындар

Шығындар санаты	Сомасы, млн теңге
Жалындатып жағудан атмосфераға шығарындылар	5,0
Стационарлық көздерден (жалындатып жағусыз) атмосфераға шығарындылар	305,2
Қалдықтарды орналастыру	2,0
Судың ластануы	41,5
Қоршаған ортаға әсерді азайтуға және экологиялық басқаруға арналған шығындар	1 729,5
Жиыны	2 083,2

Экологиялық мониторинг станцияларының орналасу схемасы




2020 жылдағы экологиялық төлемдердің құрылымы



- Қоршаған ортаға әсерді төмендетуге және экологиялық менеджментке жұмсалатын шығындар
- Стационарлық көздерден (жалындатып жағусыз) атмосфераға шығарындылар
- Жалындатып жағудан атмосфераға шығарындылар

Эмиссиялар үшін төлемдердің динамикасы



- ҚО-ға жағымсыз әсер үшін эмиссияларға төленген төлемдердің динамикасы, млн теңге
- Нормативтік жоғары төлемдердің үлесі, % (оң жақтағы шкала)

Ластаушы заттардың шығарындылары

Біз өз қызметіміздің атмосфераға және қоршаған ортаға қатысты әсер ету дәрежесін түсінеміз. Осыған байланысты, біз атмосфераға шығарындыларды азайту және бақылау стратегиясын әзірлеуге және инновациялық технологияларды және жобаларды ендіру мүмкіндіктерін зерттеуге шоғырландық. Біз атмосфераға шығарындыларға қатысты ұлттық және халықаралық экологиялық талаптарды сақтауға ұмтыламыз.

2020 жылы мақсаты қоршаған ортаға әсерді барынша азайту үшін шығарындыларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылатын «АМӨЗ» ЖШС шығарындыларды басқару саясаты» әзірленді.

Шығарындыларды басқару 7 «климаттық» қағидатқа негізделген:

1. Қызметті заңнамаға, кәсіпорынның талаптарына және басқа міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асыру.
2. Шығарындылардың белгіленген нормативтерін және ластаушы заттар шығарындыларының лимиттерін, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау.
3. Рөлдерді және міндеттерді нақты бөлу, құзыреттілікті, оқытуды және хабардарлықты арттыру.
4. Шығарындылардың үнемі есебін, түгендеуін және бақылауын жүргізу.

5. Парниктік газдар шығарындыларын төмендету және «көміртектің ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.
6. Көміртекті активтерді басқару.
7. Шығарындыларды басқару бойынша қызметті үнемі жетілдіру.

2019 жылы АМӨЗ Атырау облысы Экология департаментінің оң қорытындысын алып, 2019–2028 жылдардағы ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындылар (ШРШ) нормативтерінің жобасы түзетілді. **Оң қорытындының** негізінде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен зауытқа 2019–2020 жылдардағы қоршаған ортаға (ҚО) эмиссияларға қатысты рұқсат берілді. «АМӨЗ» ЖШС негізгі қағидаты ретінде, ҚО эмиссияларына қатысты рұқсатта көрсетілген шығарындылардың нормативтерін және ЛЗ шығарындыларының лимиттерін қатаң түрде сақтау болып табылады.

Соңғы жылдары зауыт бірқатар жаңартулардан және қайта құрылымдаудан өтті. Осылай 2011–2018 жылдары зауытта ҚР инвестициялық стратегиялық жобалар тізіміне енгізілген индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасына, 2015–2019 жылдарға арналған индустрияландыру картасына және ҚР Энергетика министрлігінің стратегиялық жоспарына сәйкес іске асырылған «Мұнайды терең өңдеу кешені» (МТӨК) жобасы жүзеге асырылды. Жобаны жүзеге асыру

мазутты бағалы автокөлік жанармайына, әуе- және дизельді жанармайға өңдеу арқылы мұнай өңдеудің қуаттылығын, тереңдігін едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, МТӨК аясында каталитикалық крекинг қондырғысы салынды. Түтін газдарын тазарту үшін каталитикалық крекинг қондырғысында қанықтыру, сіңіру, конденсациялау және сүзгілеу қағидаты бойынша жұмыс істейтін **дымқыл скруббер жүйесі** қолданылады. Ластануларын құрамын азайту үшін арнайы аппараттар және бүріккіштер қолданылады.

Зауыттың ластаушы заттарының барлық шығарындылары өлшенетін және бақыланатын болып табылады.

«АМӨЗ» ЖШС шығарындылары бақылаудың үш сатысынан өтеді:

1 саты – мемлекеттік бақылау

«АМӨЗ» ЖШС шығарындылары зауытқа ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілетін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа сәйкес қатаң белгіленген пропорцияда шығарылады. Өз тарабынан, «АМӨЗ» ЖШС экологиялық әсерді барынша азайтуға және ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының белгіленген шекті көлемдеріне ешқашан жетпеуге тырысады.

2 саты – өзіндік бақылау

«АМӨЗ» ЖШС зауыттың елді мекендермен немесе қорғаныс аймақтарымен көршілес нүктелерінде орналасқан атмосфералық ауаның сапасын бақылаудың төрт автоматты станциясы қызмет етеді. Зауыттың осы автоматты станцияларымен тәулік бойғы бақылаулар жүргізіледі, ал деректер күн сайын «Қазгидромет» РМК келіп түседі.

3 саты – өндірістік экологиялық бақылау

ӨЭБ аясында зауыттың өндірістік алаңындағы, зауыттың СҚА шекараларында, зауыттың қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында, Атырау қ. сол жағалау бөлігінің булану өрістерінде азоттың қос


тотығының, күкірт қос тотығының, күкіртті сутектің, күйенің және басқа ластаушы заттардың құрамына қатысты атмосфералық ауаның бақылауы жүргізіледі. ӨЭБ деректері тоқсан сайын Атырау облысының Экология департаментіне есеп түрінде жолданады, және Қоршаған ортаны қорғау бірыңғай ақпараттық жүйесінің порталына жүктеледі.

МТӨК мен ХКӨК жобалау қуатына шығарылуына байланысты кәсіпорында күкір пен азот тотығының үлестік шығарындылары көбейіп кеткен. Оны төменде келтірілген деректерден байқауға болады. Бұл ретте зауыт экологиялық рұқсатта белгіленген шекті рұқсат етілген шығарындылар нормативтерін қатаң сақтайды.


Ластаушы заттар шығарындыларының динамикасы, мың тонна

ЛЗ атауы	2018	2019	2020
Күкірт тотықтары SO _x	0,5	0,5	0,6
Азот тотықтары NO _x	3,8	3,8	4,8

Атмосфераға ластаушы заттардың меншікті шығарындылары, тонна/1000 тонна өңделген мұнай



Атмосфераға парниктік газдардың меншікті шығарындылары, мың тонна/мың тонна өңделген мұнай



Парниктік газдар шығарындылары

АМӨЗ 2016–2020 жылдары парниктік газдардың шығарындыларын азайту бойынша бағдарлама әзірленді.

Бағдарламаның аясында көзделді:

- Энергияны басқару бағдарламаларын және жүйелерін енгізу арқылы шығарындыларды азайту.
- Кейбір қондырғыларда шығарындыларды азайту бойынша іс-шаралар.

АМӨЗ энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды тұрақты негізде жүзеге асырады, бұл өз кезегінде, парниктік газдар шығарындыларының қысқартылуына әкеледі. Парниктік газдар шығарындыларының көлемі тұтынылатын отынның, шикізаттың және материалдардың көлеміне тікелей байланысты болғандықтан, энергия тиімділігін арттыру бөлігінде жүзеге асырылған іс-шаралардың басым көпшілігі парниктік газдар шығарындыларының қысқартылуына тікелей немесе жанама түрде әкеледі.

Парниктік газдар шығарындыларының динамикасы

Көрсеткіш	2018	2019	2020 (Болжам)
Парниктік газдардың жалпы тікелей шығарындылары, мың тонна CO ₂ -экв., соның ішінде:	1 205,851	1 655,069	1 777,798
көмірқышқыл газы (CO ₂), мың тонна	1 194,223	1 640,138	1 760,425
метан (CH ₄), мың тонна	10,907	14,095	16,478
азоттың шала тотығы (N ₂ O), мың тонна	0,721	0,836	0,895

Климаттың өзгеруі

АМӨЗ – негізгі функциясы мұнайды жанармайға, әуе керосиніне, мазутқа, дизель отынына, мұнай коксына және мұнай химиясына арналған шикізатқа дейін өңдеу болып табылатын өнеркәсіптік кәсіпорын. Мұнай өңдеуді технологиялық қондырғыларда жүзеге асырады: мұнайды бастапқы өңдеу (АА – атмосфералық айдау, АВА – атмосфералық-вакуумды айдау), каталитикалық риформинг, каталитикалық крекинг, гидротазалау, изоселекторформинг, парафиннен арылту, битум өндірісі және т. б. Қондырғылардың негізгі жабдықтары ретінде болып

табылады: құбырлы пештер, ректификациялау колонналары, жылу алмасу аппараттары.

Мұнай өңдеу өнеркәсібі мұнай шикізатын пайдалану тиімділігін анықтайтын елдің бірыңғай отын-энергетика кешенінің маңызды буыны болып табылады.

Мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) – отын-энергетикалық ресурстардың, соның ішінде қазандық-пеш отынның, жылулық және электр энергиясының ең ірі тұтынушылары. Оларды мұнай өңдеу процестерінде қолданудың тиімділігі, ұтымдылығы

негізінен зауыттың технологиялық жабдығының жұмысымен анықталады. Зауыттың жабдығын жарамды және тиімді жұмысын ұстап тұру, қауіпсіздікті және апатсыздықты қамтамасыз ету бойынша жұмыс – климаттың өзгеруіне қатысты әсерді азайтудағы зауыт жұмысының маңызды элементі.

Су ресурстарын басқару

АМӨЗ адамның өмірі және денсаулығы үшін, қоғам және біздің өндірістік қызметіміз үшін судың құндылығын түсінеді, және су ресурстарын ұтымды пайдалануға тырысады.

2019 жылы зауытта «Су ресурстарын басқару бойынша регламент» әзірленді.

АМӨЗ үшін су ресурстарын басқару бойынша негізгі қағидаттар:

1. Біз адамның өмірі және денсаулығы үшін, қоғам және біздің өндірістік қызметіміз үшін судың құндылығын түсінеміз, және елдің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды қарау маңыздылығын сөзсіз қабылдаймыз.
2. Біз Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға ғана емес, сондай-ақ, халықаралық стандарттарға және озық тәжірибелерге сай келуге, сондай-ақ, аймақтағы барлық мүдделі тараптардың пікірін ескеруге тырысамыз.

3. Біз Орал өзенінен суды тұтыну нормаларынан асып кетуге жол бермейміз.
4. Біз су тарту нормаларынан асып кетуге жол бермейміз.
5. Біз қондырғыларда және тазарту құрылыстарында ағынды сулардың барынша мүмкін қайта пайдалану үшін тазалау сапасын арттыруға және шығарындылардың көлемін төмендетуге тырысамыз.
6. Біз сумен жабдықтаудың жабық су айналымдық жүйелерін қолдануға тырысамыз.
7. Біз су айналымдық және су үнемдегіш технологияларды енгізу арқылы таза суды алуды барынша қысқартуға тырысамыз.
8. Біз өндірістік мақсаттарда сапасы жағынан ауыз суды қолданбауға тырысамыз.
9. Біз су алудың және су тартудың жүз пайыздық есебіне тырысамыз.
10. Біз су ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында ағып кетулерді, тазартылған ағынды сулардың төгулерін болдырмау бойынша күшейтілген бақылауды жүзеге асырамыз.

2020 жылы алынатын судың жалпы мөлшері 6,9 млн м³ құрады. Негізгі көзі ретінде жер үсті сулар болып табылады. Өткен жылдағы жалпы су ағызу деңгейі 4,6 млн м³ құрады. Суды ағызу тек буландырғыш тоғандарға (жинақтағыштарға), сүзгілеу өрістеріне ғана жүзеге асырылды.

Зауыттың өндірістік қажеттіліктері үшін зауыттың технологиялық жабдықтары мен қондырғыларын суыту мақсатымен Жайық өзеніне беттік сулар алынады. Қазақстан Республикасының су заңнамасына

сәйкес зауыт белгіленген тәртіппен су пайдалануға рұқсатты әзірлейді, сондай-ақ су ресурстарын пайдаланғаны үшін салықтық төлемдерді төлейді.

Алынатын судың көздер бойынша жалпы мөлшері, мың м³

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Су алу көлемдері (жер үсті сулары)	7190,78	7105,4	6867,7
Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелері (ауыз суды «Атырау облысы Су Арнасы» КМК сатып алу)	160,48	145,55	129,909

Қалдықтарды басқару

Зауытта «2019–2028 жылдар кезеңіндегі тұтыну өндірісінің қалдықтарын басқару» бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі іс-шараларды жоспарлау, іске асыру, бақылау және талдау қызметті реттейді. Бағдарлама өндіріс және тұтыну құрылымдарына оң өзгерістерді енгізу үшін экономикалық немесе басқа да тетіктерді пайдалана отырып, қалдықтарды барынша азайтудың жедел саясатын әзірлеу мақсатында қалдықтардың көлемі мен құрамында орын алатын өзгертулерді бағалау процедураларының тиімділігін арттыруға бағытталған, төмендегі әдіспен:

- өндірістік процестерді жетілдіру, соның ішінде аз қалдықты технологияларды енгізу арқылы;
- қалдықтарды қайтадан пайдалану не болмаса оларды пайдалануға мүдделі жеке және заңды тұлғаларға беру;


- қолда бар ең жақсы технологияларды қолдана отырып, қалдықтарды өңдеу, кәдеге жарату немесе залалсыздандыру.

Зауыттың мақсаты ретінде жинақталған және түзілетін қалдықтардың, сондай-ақ, айналымдағы қалдықтардың қауіпті қасиеттер көлемдерін және (немесе) деңгейін біртіндеп азайту болып табылады. Жоспарлы кезең ішінде жұмыстардың қол жетімді көлемдерін (кезеңдерін) болжаумен алға қойылған мақсатқа ең тиімді және экономикалық жағынан негізделген әдістермен жету міндеттері қойылады.


Міндеттер түзілетін және жинақталған қалдықтардың көлемін азайтуға бағытталған, осыны ескере отырып:

- кәсіпорында қалдықтарды қайта пайдалану және қайта өңдеу бойынша әлемдегі ең жақсы технологияларды енгізу;


Су алу көлемдері, мың м³



Ағынды суларды ағызу көлемі, мың м³



Зауыттың меншікті қажеттіліктері үшін меншікті су тұтыну деңгейі м³/1000 тонна өңделген мұнай



- көму полигондарына шығарылатын қалдықтар көлемін барынша азайту;
- қалдықтарды көму жерлерін қалпына келтіру, полигондардың қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту.

АМӨЗ теңгерімінде Атырау қаласының шығысында 1,9 км қашықтықта орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтарды (биологиялық қоқыр, белсендірілген көмір, сынған керамикалық шарлар) көмуге арналған меншікті полигон бар. Полигон зауыттың аумағынан солтүстік-шығыс жақта 7,9 км қашықтықта орналасқан.

Мұнай өңдеу зауытын пайдалану кезінде қауіп сыныбы III және IV түзілетін өндіріс қалдықтары – биологиялық қоқыр, белсендірілген көмір, керамикалық шарлар – меншікті полигонға шығарылады, қалған түзілетін қалдықтар шарт бойынша арнайы компаниялармен шығарылады.

2020 жылы қалдықтар «BSG» ЖШС, «Абадан Групп» ЖШС, «Atyrau Vital Global Mote» ЖШС, «Enertek» ЖШС, «Эко-Техникс» ЖШС, «Спецавтобаза» ЖШС күшімен кәдеге жаратылды, шығарылды және қайта өңделді.

2020 жылы өндірістік қалдықтар көлемінің өсуін соңғы бірнеше жылдың ішінде мұнай шламы жиналған кәрі-тазарту құрылыстарының сыйымдылықтарын тазалау бойынша жұмыстардың жүргізілуімен түсін-

діруге болады. МТҚ қайта салу бойынша жұмыстардың жүргізілуіне байланысты зауыт аумақты демонтаждау және тазалау жұмыстарын

жүзеге асыруда (Tazalyq жобасы). Бұл да шығарылған және кәдеге жаратылған қалдықтардың көлеміне әсер етті.

Қалдықтар түзілудің жалпы көлемі, тонна

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Қалдықтар түзілудің көлемі, соның ішінде:	15 045,06	32 937,080	54 753,1
биологиялық қоқыр	69,3	80,5	91,7
мұнай қоқыры	605,9	19 819,443	35 131,338
ТҚҚ	1 673,66	1 055,5325	1 256,59
Әкті қоқыр	1 564,0	2 438	3 013,850
Құрылыс қоқысы	6 070,48	6 760	7 665,84
Пайдаланылған катализаторлар	80	2 685,767	6 722,00
Басқа қалдықтар	4 981,72	97,84	871,8

Қалдықтарды ұстау әдістері, тонна

Көрсеткіш	Қауіпті түзілген қалдықтар
Есеп беру жылы ішінде түзілді	54 753,105
Кәсіпорында қайта қолданылды	1 638
Кәсіпорынның қондырғыларында қайта өңделді	2 2819,998
Кәсіпорынның қалдықтарды орналастыру нысандарында орналастырылды және көмілді	92,70
Мамандандырылған мердігер ұйымдарға берілді	52 122,865
2020 жылдың соңында кәсіпорында бар болуы	-



Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес әрбір жобаның жоспарлау кезеңінде нұсқалардың, қабылданатын басқарушылық және шаруашылық шешімдердің экологиялық және басқа да салдарларын анықтау, қоршаған ортаны сауықтыру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, әрбір жобаны жобалау кезеңінде мүдделі тараптар: әкімшілік, мемлекеттік және бақылаушы органдар, ғылыми-зерттеу ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер, жергілікті халық, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Біз ҚОӘБ жобаларына барлық мүдделі тараптардың қатынасу рұқсатын, ескертпелердің және ұсыныстардың

қабылдауын және тіркеуін қамтамасыз етеміз.

2020 жылдың 5 қарашасында «Атырау МӨЗ» ЖШС Нормативтік тазартылған ағындылар арнасын қайта құру және булану алаңдарын қалпына келтіру» жобасы бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Өндірістік экологиялық бақылау

АМӨЗ өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырады – бұл табиғатты пайдаланушы қоршаған ортаның жағдайын бақылау және оның шаруашылық және басқа қызметтің әсерінен өзгеруі, қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру жоспарларының және шараларының орындалуын тексеру, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау заңнамасын, оның

сапасының нормативтерін және экологиялық талаптарын сақтау үшін жүзеге асыратын іс-шаралар, соның ішінде өндірістік бақылау, есеп, есептілік, нәтижелерді құжаттау, сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау саласында анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар жүйесі.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің өндірістік экологиялық бақылауы **Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасының**, сондай-ақ, атмосфералық ауаны және ағынды суды аналитикалық бақылау кестелері негізінде жүзеге асырылады.

ӨЭБ бағдарламасы бақылаудың келесі түрлерін қамтиды:

- өндірістік алаңдағы, санитарлық-қорғау аймағындағы (СҚА), зауыттың қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы, Атырау қаласының сол жағалауы бөлігінің булану алаңындағы атмосфералық ауаның күйі;
- зауыттың технологиялық пештерінің түтін шығару құбырларынан және қазандықтарынан өнеркәсіптік шығарындылардың күйі;
- зауыттан шығарылатын ағынды сулардың сапасы;
- зауыттың өндірістік алаңында, зауыттың қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында, шырақты қондырғыда, булану алаңы, жеңіл мұнай өнімдерін құю эстакадасында орналасқан бақылау ұңғымаларынан жер асты суларының жағдайы;

- өндірістік алаңдағы, Атырау қаласының сол жағалауы бөлігінің булану алаңындағы, зауыттың қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы топырақ пен өсімдік жамылғысының жағдайы;
- өнеркәсіптік алаң аумағындағы, СҚА, Атырау қаласының сол жағалауы бөлігінің булану алаңының айдынындағы, өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонындағы және зауыттың тұрмыстық, әкімшілік жайларындағы радиациялық қауіпсіздік;
- зауыттың СҚА шекарасындағы физикалық факторлардың өндірістік бақылауы (шу және діріл).

Өндірістік экологиялық бақылау өндірістік экологиялық бағдарламаға сәйкес тоқсан сайын жүзеге асырылады, әрі қарай Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес есеп рәсімделді және Атырау облысы бойынша Экология департаментіне тапсырылады, сондай-ақ, есеп Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

2020 жылдың қорытындылары бойынша бақылау жүргізу кезінде шекті рұқсат етілген концентрациядан асып кету тіркелмеді.



Қоғамдық тыңдаулар

Энергиялық тиімділік

2016–2020 жылдардағы Энергия тиімділігін арттыру бойынша бағдарламаның аясында отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтынуды азайтуға бағытталған 20 іс-шараны орындау жоспарланған болатын. ОЭР күтілетін төмендеуі 8,78% құрады.

Бес жыл бойы атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі аралықта отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР), үдемелі әсермен, базалық жылдың энергия ресурстарын жалпы тұтыну көлемінің 15% жуығын үнемдеуге мүмкіндік берген бағдарламалық 15 іс-шарасы

орындалды, бұл шамамен 40 698 ш.о.т. немесе 974,4 млн теңгені құрады. Табиғи отынға аударғанда бұл 25 436 тоннаға жуық табиғи газ үнемдеуге және атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын азайтуға мүмкіндік берді:

- H₂S – 0,129 т;
- CO – 298,1 т;
- NO₂ – 59,1 т;
- NO – 9,6 т;
- Барлығы – 366,89 т.

Іс-шаралардың бір бөлігі, бірінші кезекте, технологиялық үдерістердің қауіпсіздігіне әсер ететін тәуекелдермен және қаржылық шығындармен байланысты объективті себептер бойынша орындалған жоқ.

Энергия сыйымдылығы көрсеткішінің динамикасы

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Отын-энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемі, ш.о.т.	1 006 610,6	1 182 404,6	1 290 670,6
Мұнай өңдеу көлемі, мың тонна	5 267,734	5 388,2	5 016,3
Мұнай өңдеудің энергия сыйымдылығы, өңделген мұнайдың ш.о.т./1000 тоннасы	191,1	219,4	257,3

Энергия ресурстарын тұтыну

Энергияның түрі	Өлшем бірліктері	Энергияны тұтыну, физикалық бірліктер			Энергияны тұтыну, шартты отынның тоннасы (ш.о.т.)		
		2018	2019	2020	2018	2019	2020
Табиғи газ	мың текше м	147 699,4	172 323,1	157 874,7	169 854,31	198 171,57	181 555,91
Жылу энергиясы	Гкал	1 177 593	1 044 863	1 049 175	168 395,799	149 415,41	150 032,03
Электр энергиясы	МВт/сағ	722 983,5	781 842,9	787 722,7	88 926,9705	96 166,677	96 889,892
Қазандық-пеш отыны	т	19 049	29 579	27 574,38	24 954,19	38 748,49	36 122,438
Отын газы	т	346 549,58	437 439,03	516 293,97	554 479,32	699 902,45	826 070,35
Жиыны		1 006 610,59	1 182 404,6	1 290 670,6			



Шумилов Сергей Александрович

Энергия тиімділігі бойынша бас маман

«АМӨЗ отын-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне үлкен көңіл бөледі – бұл ресурстарды тұтыну деңгейі тұрғысынан да, ластаушы заттар шығарындылары тұрғысынан да зауыттың қоршаған ортаға әсер етудің маңызды факторы болып табылады. Сондай-ақ, бұл экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін операциялық тиімділік факторы.

Зауытта, атап айтқанда, 2019–2025 жылдардағы күйдіруді және жоғалтуларды азайту бойынша бағдарлама жүзеге асырылады. Зауыт мамандарының бастамасымен басталған бағдарлама жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларды, күрделі және жаңғырту сипаттағы жобаларды көздейді. 2020 жылы, атап айтқанда, зауыттың пештерінде режимдік-реттейтін сынақтар өткізілді. Тек ұйымдастырушылық іс-шаралардың нәтижесінде, пештердегі оттегінің құрамын бақылау арқасында жылына отынның 10 мың тоннасын, немесе мұнай өңдеуден 0,2% үнемдеуге қол жеткізілді.

Зауытпен тұтынылатын отын-энергетикалық ресурстардың жалпы құрылымы төмендегідей ұсынылған: 70% отынға, 20% жылу энергиясына, және 10% электр энергиясына тиісті. Сондықтан негізінен мұнайды отпен жылыту пештерінде қолданылатын отынды тұтыну деңгейін төмендету энергия тиімділігін қамтамасыз етудің басты элементі болып табылады.

Жаңа жылда 2021–2025 жылдардағы энергия тиімділігінің бағдарламасы енгізілетін болады. Атап айтқанда, осы жылдың өзінде біз гудрон берудің қатаң схемалық технологиясының техникалық-экономикалық негіздемесін пысықтауды жоспарлап отырмыз. Гудронды жылыту қажеттілігін азайтудың арқасында біз отынның шамамен 8 мың тоннасын үнемдеуді жоспарлап отырмыз. Бірақ бұл алдағы бес жылдың ішіндегі іс-шаралардың кең бағдарламасынан алынған бір ғана жоба. Энергия тиімділігінің мәселелері зауыт басшылығының назарында қалады».



Корпоративтік басқару

- 112 Басқару құрылымы
- 112 Қатысушылардың жалпы жиналысы
- 113 Қадағалау кеңесі
- 116 «АМӨЗ» ЖШС Қадағалау кеңесінің құрамы
- 122 Қадағалау кеңесінің қызметі
- 124 Басқарма
- 126 Басқарманың құрамы
- 132 Басқарма мүшелеріне сыйақы беру
- 132 Комплаенс-бақылау
- 135 Корпоративтік әдеп
- 136 Корпоративтік қағидаттар
- 138 Ішкі аудит



2020 жылы
ӨНДІРІЛГЕН АВТОЖАНАРМАЙ
КӨЛЕМІ


1 053 978 тонна

ҚАУІПСІЗДІК

САПА

ТҰРАҚТЫЛЫҚ

/ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



/ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Есепті 2020 жылда «АМӨЗ» ЖШС Қатысушылардың жалпы жиналысымен 6 жиналыста 8 мәселе қаралды, олардың ішінен:

Басқарманың құрамын өзгерту туралы (Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау туралы)	1
кейбір ішкі ережелерді бекіту туралы	2
«АМӨЗ» ЖШС 2019 жылдағы қаржылық есептілікті бекіту және таза кірісті бөлу туралы	1
басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы	1
8 000 000 000 теңгеден астам сомаға мәмілелерді мақұлдау туралы	3

/ ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

«АМӨЗ» ЖШС Қадағалау кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, сондай-ақ, зауыттың ішкі құжаттарына және құрылтайшылардың жалпы жиналысында бекітілген басқа құжаттарға сәйкес ұйымдастырады.

ҚК қызметінің мақсаттары АМӨЗ атқарушы органның қызметін бақылау, мүдделердің іске асырылуын қамтамасыз ету және қатысушылардың құқықтарын қорғау болып табылады.

АМӨЗ ҚК негізгі функцияларына жатқызылады:

- АМӨЗ дамуының басым бағыттарын анықтау және АМӨЗ қызметінің ұзақ мерзімді болашаққа басты бағдарларын белгілеу;
- корпоративті жанжалдарды реттеу;
- Жарғыда, сондай-ақ, АМӨЗ ҚЖЖ бекітілген құжаттарында көзделген өзге де функциялар.

ҚК құзыреттілігі ҚР заңнамасымен және АМӨЗ Жарғысымен анықталады. ҚЖЖ шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға Қадағалау кеңесінің құқығы жоқ.

АМӨЗ ҚК негізгі құзыреттіліктері:

- Бизнес-жоспарды, жыл сайынғы Бюджетті, оларға түзетулерді бекіту және орындауды бақылау;
- жылдық қаржылық есептілікті алдын-ала бекіту;
- АМӨЗ қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;
- АМӨЗ жалпы тәуекел-тәбетін бекіту;
- АМӨЗ Басқарма мүшелері үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- АМӨЗ басқарушы қызметкерлерін лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақыны төлеу, сыйлықақы беру, марапаттарды төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау;
- құны АМӨЗ активтер құнының жалпы мөлшерінен 25 және одан да көп пайыз сомасына тең болатын мәмілелерді жасасу;
- АМӨЗ қаржылық міндеттемелерін (кредиттер, қарыздар, қаржылық көмек, кепілдіктер) 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден астам соманы құрайтын шамаға арттыру.

АМӨЗ ҚК мүшелерінің жауапкершілігі:

- Қадағалау кеңесі АМӨЗ ҚЖЖ алдында жауап береді.
- ҚК мүшелері ҚК АМӨЗ атқарушы органының қызметін бақылауды дұрыс емес жүзеге асыру салдарынан әрекеттерінен (әрекетсіздігімен) келтірілген шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауап береді.
- ҚК мүшелері ҚЖЖ талабы бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін, сонымен бірге олар АМӨЗ атқарушы органының қызметіне қатысты дұрыс емес бақылауды бірлескен іске асырудан туындаған шығындар үшін бірлесіп жауап береді.

- ҚК мүшелері үшінші тұлғалар алдында АМӨЗ атқарушы органының қызметіне қатысты дұрыс емес бақылауды жүзеге асырудан туындаған АМӨЗ төлем қабілетсіздігі (банкроттығы) нәтижесінде осы тұлғаларға келтірілген шығындар үшін АМӨЗ бірлесіп жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

ҚК мүшелеріне («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілдеріне) сыйақыны төлеу көзделмеген.

Қадағалау кеңесінің Төрағасын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалау кеңесінің сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі «АМӨЗ» ЖШС Қатысушыларының жалпы жиналысымен анықталады.

/ «АМӨЗ» ЖШС ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы
«АМӨЗ» ЖШС Қадағалау кеңесінің Төрағасы
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының
мұнай өңдеу және мұнай химиясы жөніндегі
орынбасары



Туған күні: 6 желтоқсан 1970 жыл

Білімі: 1991 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген, мамандығы – «Заңгер». 2002 жылы «Инженер-технолог» мамандығы бойынша Атырау мұнай және газ институтын бітірген.

Жұмыс тәжірибесі:

Еңбек қызметін 1994 жылы «Манас» ШК менеджері болып бастаған, осыдан кейін «Бата» ЖШС менеджері және «Абыз» ЖШС атқарушы директоры болып жұмыс істеген.

1999 жылдан бастап «АМӨЗ» ААҚ бірінші вице-президентінің көмекшісі, Директорлар кеңесінің хатшысы болған. Сол жылы «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ бас менеджері, «АМӨЗ» ААҚ реконструкциялау жобасын басқару жөніндегі топтың бас менеджерінің орынбасары, ағымдағы қызметті бақылау жөніндегі сектордың меңгерушісі, АМӨЗ жобасын басқару департаментінің ағымдағы қызметті корпоративтік басқару және мониторингі секторының бас маманы болып жұмыс істеген.

2002 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ мұнайды, газды және мұнай-химияны өңдеу департаменті директорының орынбасары, осыдан кейін мұнай-химияны дамыту департаменті директорының орынбасары болып тағайындалған.

2003 жылдан бастап 2006 жылға дейін «АМӨЗ» ЖШС салынып жатқан кәсіпорындар дирекциясының күрделі құрылыс басқармасының басшысы, бас директоры, Салынып жатқан кәсіпорындар дирекциясының қаржы директоры ретінде жұмыс істеген.

2006 жылы «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалған.

2009 жылдан бастап 2013 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары, мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі басқарушы директоры, кеңесші болған.

2013 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары – «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ бас директоры болып тағайындалған.

2016 жылдың тамыз айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ аға вице-президенті.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі атқарушы вице-президенті.

2019 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары.

2020 жылдың шілде айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының мұнай өңдеу және мұнай химиясы жөніндегі орынбасары.

Марапаттары: «Құрмет» орденімен, «ҚР Конституциясына 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет белгісімен және Құрмет грамотасымен, «Трансформациялау мақсаттарын жылжытуда танытқан көшбасшылығы үшін» «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының грамотасымен, ҚР ІІМ ТЖ комитетінің азаматтық қорғаныс қызметінің 20 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен, «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР Энергетика министрлігінің медалімен марапатталған.





Мельник Виктория Евгеньевна

«АМӨЗ» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу және мұнай
химиясы департаменті операциялық басқару
секторының бас маманы

Туған күні: 27 шілде 1985 жыл

Білімі: 2008 жылы «Қаржы және кредит, биржалық ісі» мамандығы бойынша Ф.М. Достоевский атындағы Омск мемлекеттік университетін бітірген, мамандығы – «Экономист».

Жұмыс тәжірибесі:

Еңбек қызметін 2005 жылы «KSP Steel» ЖШС ӨФ жоспарлау-экономикалық бөлімінің 2 санаттағы экономист лауазымында бастаған.

2010–2011 жылдары мұнай мен мұнай өнімдерін сатуымен айналысатын «Refinery Company RT» ЖШС экономикалық талдау және бюджеттендіру қызметінің менеджері лауазымында жұмыс істеген.

2012–2014 жылдары – «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ еншілес компаниясында «Eurasia Munaі Іmpex» ЖШС экономикалық талдау және бизнес-жоспарлау департаменті директорының орынбасары.

2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін – авиациялық отынды сатуымен, әуе кемелеріне жанармай құйымен айналысатын «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС бас менеджері, экономикалық талдау

және бизнес-жоспарлау қызметінің жетекшісі.

2015–2016 жылдары – «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ инвестициялық жоспарлау және тарифтік реттеу департаменті директорының орынбасары.

2016–2017 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу департаментінің бас менеджері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ МӨЗ жаңғырту жобаларын басқару өңдеу департаменті директорының орынбасары.

2017 жылдың тамыз айынан бастап 2020 жылдың шілде айына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу департаментінің операциялық қызметін басқару бөлімінің басшысы.

2020 жылдың шілде айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Мұнай өңдеу және мұнай химиясы департаментінің операциялық басқару секторының бас маманы.

Марапаттары: «ПМХЗ» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрмет грамоталарымен және медальдарымен марапатталған.





Дандыбаева Жанара Әуезханқызы
«АМӨЗ» ЖШС Қадағалау кеңесінің Төрағасының мүшесі

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Корпоративтік қаржыландыру басқармасының қарызды тарту бойынша секторының бас маманы

Туған күні: 20 мамыр 1978 жыл

Білімі: 1999 жылы Қостанай ауылшаурашылық институтының экономикалық факультетін бітірген, мамандығы – «Экономист-қаржыгер». 2002 жылы Алматы қаласындағы Халықаралық бизнес академиясын бітірген және «Әлеуметтік саласындағы және салалардағы экономика және менеджмент» мамандығы бойынша ғылым магистрі академиялық дәрежесі берілген.



Жұмыс тәжірибесі:

Еңбек қызметін 1999 жылы «Қазақстанкаспийшельф» ААҚ маркетинг департаментінің маманы лауазымында бастаған.

2000 жылдан бастап 2002 жылға дейін «ГИС-Центр» ЖШС сервистік компаниясында жобаның менеджері лауазымында жұмыс істеген.

2002 жылдан бастап 2011 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ келесі лауазымдарда жұмыс істеген: даму департаментінің, мұнай өнімдерін сату және бөлшек сауда желісін дамыту департаментінің, корпоративтік даму және инвестициялық басқару департаментінің бас менеджері, корпоративтік даму және қаржыландыру департаментінің бас менеджері және директорының орынбасары.

2011 жылдан бастап 2013 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу және мұнай химиясы департаментінің 1 санаттағы менеджері және мұнай өңдеуді және мұнай химиясын дамыту департаментінің 1 санаттағы менеджері және сарапшысы.

2013 жылдан бастап 2016 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаменті директорының орынбасары.

2016–2017 жылдары – МӨЗ жаңғыртуды басқару департаментінің бас менеджері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ТПМ Дивизионы экономика және қаржы департаментінің қазынашылық

және корпоративтік қаржыландыру бөлімінің басшысы.

2017 жылдың желтоқсан айынан бастап 2020 шілде айына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаменті директорының орынбасары.

2020 жылдың шілде айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Корпоративтік қаржыландыру басқармасының қарызды тарту бойынша секторының бас маманы.

Марапаттары: «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-ӨМ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрмет грамоталарымен және медальдармен марапатталған.

/ ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2020 жылы 11 отырыс өткізілген: 24 мәселе қарастырылған, оның ішінде 22 мәселе бетпе-бет отырыстарда қарастырылған.

2020 жылы Қадағалау кеңесі қарастырған мәселелер

Кадрлік мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> ■ АМӨЗ қызметкерлерінің жалпы санын бекіту ■ өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату, 2020 жылдың 9 қазанынан бастап Қадағалау кеңесінің жаңа хатшысын тағайындау
Қаржылық мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> ■ 2019 жылға АМӨЗ жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту ■ шығындарды және макроэкономикалық көрсеткіштерді есепке ала отырып, 2020–2024 жылдарға түзетілген АМӨЗ Бизнес-жоспарын, оның ішінде 2020 жылға бюджетін бекіту ■ АМӨЗ на 2021–2025 жылдарға АМӨЗ Бизнес-жоспарын бекіту, сонымен қатар 2021 жылға АМӨЗ бюджетін бекіту
Стратегиялық сипатындағы мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> ■ «Сұйылтылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС жарғылық капиталындағы АМӨЗ қатысу үлесінің 50% иеліктен шығаруы туралы» мәселесін алдын ала келісу ■ Сұйылтылған мұнай газын өндіру және жеткізу, таза жоғары октанды жанармай мен тазартылған пропилен компоненттерін өндіру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерін АМӨЗ жасауын келісу

БҚ және ҚКХ қызметінің тиімділігін бағалау мәселелері	<ul style="list-style-type: none"> ■ 2019 жылға АМӨЗ корпоративті НҚК және басшы қызметкерлерінің нақты мәндері мен қорытынды көрсеткіштерін, басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту ■ 2020 жылға АМӨЗ корпоративтік НҚК, Бас директоры (Басқарма Төрағасы) мотивациялық НҚК карталарын, сонымен қатар 2020 жылға АМӨЗ Басқарма мүшелері қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту ■ 2019 жылдың жұмыс қорытындылары бойынша АМӨЗ Бас директорына (Басқарма Төрағасына) және Басқарма мүшелеріне сыйақының мөлшерін анықтау және төлеу ■ АМӨЗ Қадағалау кеңесі хатшысының мақсаттар орындауын бағалауды бекіту және 2020 жылдың I-III тоқсандар қорытындылары бойынша сыйлықақы төлеу ■ 2020 жылға АМӨЗ Қадағалау кеңесі хатшысының мақсаттар қойылуын бекіту
Ішкі құжаттарды бекіту мәселелері	<ul style="list-style-type: none"> ■ АМӨЗ қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру бойынша қағидаларды бекіту ■ қызметкерлердің санын оңтайландыру бойынша жобасы шеңберінде жұмыстан шығарылатын АМӨЗ қызметкерлеріне Әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламасын бекіту ■ АМӨЗ кадрлік резервін қалыптастыру және жұмыс істеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту ■ АМӨЗ бас қызмет орындарына/жұмыс кәсіптеріне қабылдауға конкурстық іріктеу қағидаларын бекіту ■ АМӨЗ Салық есептік саясатын бекіту
БК қызметінің мәселелері	<ul style="list-style-type: none"> ■ 2020 жылға АМӨЗ Қадағалау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту ■ 2019 жылға АМӨЗ Қадағалау кеңесінің қызметі туралы есепті қарастыру ■ 2019 жылы АМӨЗ Қадағалау кеңесінің отырыстарында қабылданған шешімдер орындалуын шолу және шешімдері жүзеге асырылуын бағалау

/ БАСҚАРМА

«АМӨЗ» ЖШС басқармасы оның ағымды қызметін басқаратын алқалы атқарушы органы болып табылады, АМӨЗ Қатысушылары Жалпы жиналысының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындайды. Өз қызметін атқаратын кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, АМӨЗ Жарғысын, ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері зиян келтірілу мүмкіндігін алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдап, бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілік жүйелерінің тұтастығын, соның ішінде тәуелсіз аудит жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті. АМӨЗ Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне ҚЖЖ келісімінсіз АМӨЗ мүліктік пайдасын алуға

бағытталған АМӨЗ мәмілелерді (оның ішінде сыйға тарту, қарыз, қайтарымсыз пайдалану, сатып алу-сату және басқа шарттарын) жасауға тыйым салынған. АМӨЗ және үшінші тұлғалар арасында жасалған мәмілелер үшін, АМӨЗ, сондай-ақ үшінші тұлғалардан да сыйақыны қабылдап, АМӨЗ үшінші тұлғалардың қатынастарында олардың атынан және мүдделерінде әрекет ету.

Басқарманың құзыретіне заңнамада, Жарғыда немесе қағидаларда және Жалпы жиналыста қабылданған басқа құжаттарда анықталған Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын АМӨЗ қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

Басқарма:

- АМӨЗ заңнамаға және/немесе Серіктестіктің Жарғысына сәйкес Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді жасасу туралы;
- АМӨЗ қаржы міндеттемелерін (қарыздар, кредиттер, қаржы көмек, кепілдіктер) оның меншікті капиталдың мөлшерінен 1 бастап 10 пайызға дейінгі шамасына үлкейту туралы шешімдерді қабылдайды;
- жылдық қаржы есептілікті мақұлдайды;
- Серіктестік филиалдарының және өкілдіктерінің жұмысын үйлестіреді және бағдарлайды;
- Серіктестік негізгі тәуекелдерінің күйі туралы Қадағалау кеңесіне

2020 Жылдың ішінде барлығы

ӨТКІЗІЛДІ

ҚАРАЛДЫ

23

Басқарма отырысы

160

мәселе

уақытында хабарлап, АМӨЗ есеп саясаты мен салықтық есептеу саясатын әзірлеуді және Қадағалау кеңесінің бекітуіне ұсынуды қамтамасыз етеді;

- АМӨЗ ҚЖЖ және ҚК қарауына шешім шығару солардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша құжаттарды АМӨЗ мүддесінде адал және орынды әрекет ете отырып, дайындайды.



/ БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ



Данбай Шухрат Абдурашитұлы
Бас директор
(Басқарма Төрағасы)

Данбай Шухрат Абдурашитұлы 1963 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Кентау қаласында дүниеге келді. «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша «Қайнар» университетінде, «Іскерлік басқару докторы» мамандығы бойынша Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей ауыл шаруашылығы және мемлекеттік қызметі академиясында (Мәскеу қ.) оқыған. 2018 жылдың 28 ақпанынан бастап 2020 жылдың 26 қазанына дейін И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінде кәсіби қайта дайындықтан өткен және «Энергетикалық көшбасшылық» бағдарламасы бойынша «Іскерлік басқарудың атқарушы шеберінің» (Executive Master of Business Administration) дәрежесіне ие болған.

Әртүрлі жылдарда мұнай жеткізу және қайта өңдеу бойынша ірі коммерциялық құрылымдарды басқарған («Гелиос» ЖШС бас директоры, «Қазақстан – отын-энергетикалық кешені» ЖШС бас директоры), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС экономика және қаржы жөніндегі бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу және мұнай химиясы бойынша блогының атқарушы директоры лауазымында жұмыс істеген, 2009 жылдың қыркүйек айынан бастап 2017 жылдың қараша айына дейін – «ПМХЗ» ЖШС бас директоры, 2018 жылдың маусым айынан бастап 2019 жылдың 15 ақпанына дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнайды өңдеу бойынша басқарушы директоры болып жұмыс істеген.

Ол нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындардағы коммерциялық есеп айырысуды ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі туралы бірқатар мақалалар мен жарияланымдардың авторы болып табылады.

Ш.А. Данбай әлеуметтік саласында үлкен жұмысты жүргізеді: «Атырау облысының Бокс федерациясы» ҚБ Президенті болып табылады, «Павлодар аймағының Бокс федерациясы» ҚБ Президенті, «Нұр Отан» партиясының Павлодар облыстық филиалы Саяси кеңесі Бюросының мүшесі, Павлодар облыстық мәслихатының депутаты болған (V, VI шақырылымдар).

«Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының Құрмет грамотасымен,

Кәсіби одақтар федерациясының Құрмет грамотасымен, KAZENERGY, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Жастарды патриоттық тәрбиелеуге сіңірген еңбегі үшін», «Қайырымдылығы үшін САУАП», Павлодар облысының 75 жылдығына орай, зауыттың 35 жылдығына орай, «ҚазГипроНефтеТранс» Инжиниринг компаниясы» (КГНТ) ЖШС 45 жылдығына орай, «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне 25 жыл», «Еңбекке адалдығы үшін» медальдарымен, «Облысқа айрықша сіңірген еңбегі үшін» және «Қазақстан полициясына 25 жыл» төс белгілерімен марапатталған, Павлодар қаласының құрметті тұрғыны.





Сүлейменов Еркін Борисович

«АМӨЗ» ЖШС өндіріс жөніндегі бас директорының бірінші орынбасары – бас инженері,
Басқарма мүшесі

Туған күні: 18 сәуір 1972 жыл


Білімі:

1994 жылы Атырау мұнай және газ институтын бітірген, мамандығы – «Инженер-химик-технолог», 2001 жылы – «Инженер-экономист» мамандығы бойынша. 2016 жылы «Алматы Менеджмент Университетінде» МБМ іскерлік басқару магистрі дәрежесіне ие болған.

Кәсіптік қызмет:

Еңбек жолын АМӨЗ технологиялық қондырғысының операторы лауазымынан бастаған, әртүрлі жылдары зауыттың қондырғылары басшысының, цех басшысының орынбасары, техникалық бөлімінің басшысы, бас технолог – техникалық бөлімінің басшысы, мұнай өңдеу департаментінің директоры, технология және өндіріс жөніндегі бас инженерінің орынбасары, технология жөніндегі бас инженерінің орынбасары, өндірістік активтерінің сенімділігін және механикалық тұтастығын қамтамасыз ету бойынша департаментінің директоры, технология жөніндегі атқарушы директоры, өндіріс жөніндегі бас директорының бірінші орынбасары лауазымдарында жұмыс істеген. 2019 жылдың тамыз айында «АМӨЗ» ЖШС өндіріс жөніндегі бас директорының бірінші орынбасары – бас инженері лауазымына тағайындалған.

2021 жылы Атырау қалалық мәслихатының депутаты болып сайланған.



Ақанова Луиза Бахтиярқызы

Корпоративтік функциялар жөніндегі бас директорының орынбасары,
Басқарма мүшесі

Туған күні: 25 ақпан 1976 жыл

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, факультеті – «Бухгалтерлік есеп және аудит», мамандығы – «Экономист».

Кәсіптік қызмет:

Еңбек жолын 1997 жылы бағалы қағаздар жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясында жетекші маманы лауазымынан бастаған, ал осыдан кейін бас маман және Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті секторының меңгерушісі лауазымына ауыстырылған.

2001 жылдан бастап 2004 жылға дейін ҚР Ұлттық банкінде және ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша агенттігінде Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақы зейнетақы қорларын қадағалау департаментінің


бас маманы лауазымында жұмыс істеген.

2004 жылдың қараша айында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Активтерді басқару департаментінің бас менеджері лауазымына қабылданған және осыдан кейін Активтерді басқару департаменті директорының орынбасары және директоры лауазымдарында жұмыс істеген.

2013 жылдың қазан айында «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры лауазымына шақырылған.

2016 жылдың қыркүйек айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Қайта өңдеу және маркетинг» бизнес-бағыты Дирекциясының директоры лауазымында жұмыс істеген.





Садвокасова Ардақ Мұқанбетқалиқызы
Бас бухгалтер,
Басқарма мүшесі

Туған күні: 3 маусым 1961 жыл

Білімі:

Қарағанды Мемлекеттік университеті (1983 ж.).

Кәсіптік қызмет:

ҚҚС бөлімінің бас салық инспекторы, Қарағанды қ. Кеңес ауданы салық комитетінің мемлекеттік емес ұйымдарға салық салу секторының басшысы (1984–1998 жж.); «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ салықтар жөніндегі жетекші маманы (1998–2000 жж.); «Кар-Тел» ЖШС салықтар жөніндегі жетекші маманы (2000–2001 жж.); «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ бас бухгалтерінің орынбасары (2001–2003 жж.); «МГҚК

ҚазҚұрылысСервис» АҚ бас бухгалтері (2003–2006 жж.); «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ бас бухгалтері (2006–2012 жж.); «Petroleum Operating» ЖШС бас бухгалтері, бас директорының кеңесшісі (2012–2016 жж.), «Кипрос» ЖШС әлеуметтік объектілер жөніндегі инспектор (2016 жылдың маусым айынан бастап, қазан айына дейін); «Москоммерцбанк» (АҚ) Коммерциялық банкінің бухгалтерлік есеп департаментінің ХҚЕС жөніндегі есептілік бөлімінің басшысы (2016–2018 жж.); «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Негізгі бизнес-функциялардың өзгеруі және ERP енгізу» жобасының бухгалтерлік есеп бағытының жетекшісі (2018–2018 жылдың шілде айы).



Жұмағалиев Берік Ғаниұлы
Құқықтық қамтамасыз ету
департаментінің директоры,
Басқарма мүшесі

Туған күні: 11 қыркүйек 1963 жыл

Білімі:

Қарағанды Мемлекеттік университеті (заң факультеті).
Мамандығы – «Құқықтану».

Кәсіптік қызмет:

Қарағанды қалалық атқарушы комитетінің әкімшілік органдардың жұмысы жөніндегі инспектор (1987–1988 жж.); Мичурин агро өнеркәсіптік фирмасы – техникумының заңды кеңесшісі (1988–1990 жж.); жеміс-көкөніс базасының заңды кеңесшісі, бас инженері, директорының орынбасары (1990–1993 жж.); «Жаңа технологиялар маркетингі» компаниясының қаржы директоры, Мәскеу қ. (1993 ж.); Ресей көмір-шикізаттық бірлескен банкінің (Руссобанк) валюталы операциялар бөлімінің аға экономисті, Мәскеу қ. (1993 ж.); «Алем Bank Kazakhstan» Қарағанды басқармасы басшысының орынбасары (1993–1994 жж.);

«Қазкоммерцбанк» ААҚ шарттық-құқықтық бөлімі басшысының орынбасары, шарттық-құқықтық бөлімінің басшысы, филиалдармен жұмыс істеу жөніндегі басқармасы басшысының орынбасары (1994–1997 жж.); «Банк ТұранӘлем» ЖАҚ заң департаментінің директоры (1997–1998 жж.); «Kazakhstan Legal Group» ЖШС директорының орынбасары (1998–1999 жж.); ҚР ЭЖСМ Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің 6 бөлімінің аға маманы, бөлімінің басшысы (1999 ж.); «Kazakhstan Legal Group» ЖШС директорының орынбасары (1999–2000 жж.); «Астана холдинг» заңды департаментінің директоры, вице-президенті (2000–2003 жж.); «Каспий Нефть» АҚ ЕҰ вице-президенті (2003–2005 жж.); «DSM басқарушы компаниясы» ЖШС серіктесі (2006–2009 жж.); Baltikums Bank AS Өкілдігі жетекшісінің орынбасары (Латвия) (2011–2012 жж.); «Транко» АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі директоры (2017–2018 жж.).

/ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

2020 жылдың қорытындылары бойынша Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының сомалық мөлшері 125 098 803 теңгені құраған және осы сома Жетекші қызметкерлерге және Қадағалау кеңесінің хатшысына еңбекақысын төлеу қағидала-

рына сәйкес 2020 жылы Басқарма құрамында болған кезде Басқарма мүшелеріне «АМӨЗ» ЖШС төленген ақшалай нысандағы жалақының сомасын және барлық ынталандыру түрлерін қамтиды.

/ КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ



Абдирасилов Бауыржан Есенгелдіұлы

Тәуекелдерді басқару және менеджмент жүйесін дамыту бөлімінің бастығы – компаенс-офицер

«Зауыттың жоғарғы басшылығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мәселелері бойынша кесімді ұстанымы бар. АМӨЗ өз күнделікті жұмысында қолданыстағы заңнамасының нормаларын басшылыққа алады және іскерлік әдеп қағидаттарымен сыйыспайтын кез келген мінез-құлыққа, атап айтқанда, алақол және заңға қайшы бизнес жүргізу тәсілдеріне «нөлдік» төзімділік қағидаттарын ұстанады.

АМӨЗ зауыт пен оның бизнес-әріптестері барлық адамдарға әділетті және тең қатынасты көтермелеп, жоғары этикалық нормалар мен стандарттарға сәйкес болу, оның ішінде адамның негізгі құқықтарын сақтау, қауіпсіз және сауатты еңбек жағдайларын, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету және этикалық стандарттарға сәйкес қаржы қызметті жүзеге асыру үшін бар күшін салады».

АМӨЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар саласындағы саясат», «Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу саясаты» және «Ақпараттың құпиялылығы саясаты» сияқты құжаттар бекітілген. Осы құжаттарда АМӨЗ Компаенс-саясатының негізгі қағидаттары, атап айтқанда, іскерлік әдеп, мүдделер қақтығысын реттеу және зауыттың компаенс-жүйесінің күйін тұрақты бақылау қағидаттары көрсетілген. Бұл құжаттар АМӨЗ үшін негізгі нормативтік компаенс-құжаттары болып табылады және олардың лауазымына қарамастан, барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

«АМӨЗ» ЖШС Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар саласындағы саясатында зауыттың сыбайлас жемқорлық қызметіне араласуға қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттары мен міндеттері көрсетілген, Сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша «АМӨЗ» ЖШС қолданған шаралары сипатталған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар саласындағы қызметкерлер мен басқа тұлғалардың міндеттері, сондай-ақ осы саясаттың ережелерін сақтамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапкершілігі белгіленген.

Барлық қызметкерлер қолын қойып танысқан «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар саласындағы міндеттемесі әзірленген және енгізілген.

«АМӨЗ» ЖШС сыбайлас жемқорлықты алдын алу үшін профилактикалық шараларын қабылдайды, яғни корпоративтік мәдениет, ұйымдастырушылық құрылым элементтерін, ең алдымен жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және оларды азайтуға бағытталған қағидалар мен процедураларды енгізеді.

Зауыттың мақсаты кез келген нысан мен көріністердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қызметкерлердің жеке позициясын қалыптастыруы болып табылады. Осы мақсатта «АМӨЗ» ЖШС Саясатты ұйымның барлық деңгейлерінде енгізу және оның мазмұнын өз қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларға жеткізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. «АМӨЗ» ЖШС Саясаттың негізгі талаптары бойынша жүйелі оқыту жолымен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін арттыруға және оны тәжірибеде пайдалануға қолдау көрсетеді.

«АМӨЗ» ЖШС қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс мәселелері бойынша оқыту өткізілді. Осы үшін тренинг және білімді тексеру қызметтерін көрсететін арнайы компаниясы тартылады.

Оқыту ұйымдастырылған кезінде Компаенс-саясатының мақсаттары мен міндеттері, оқуға қатысатын тұлғалардың санаты, оны өткізу уақытына байланысты оқыту түрі есептелген. Ең алдымен, оқыту

келесі санаттағы қызметкерлер үшін өткізіледі:

- ұйымның басшылығы;
- жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлер;
- ұйымдағы сыбайлас жемқорлықты алдын алуға жауапты қызметкерлер;
- айрықша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерге байланысты қызметпен айналысатын қызметкерлер.

«АМӨЗ» ЖШС қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын шешу бойынша саясаты мүдделер қақтығысын басқарады, сонымен қатар сақталуы олардың лауазымдық міндеттемелерінің айқын және алаламай орындалуын қамтамасыз ететін қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мінез-құлқына қойылатын талаптарын анықтайды.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қызметкер және/немесе лауазымды тұлға мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жедел және толық ашуға, сондай-ақ оны шешуге белсенді қолдау көрсетуге міндетті. Мүдделер қақтығысын шешу үшін комиссия құрылады, оның құрамына барлық мүдделі тараптар кіреді.

Жедел желі немесе бірыңғай электрондық поштасы, хабарланған фактілеріне жауап қайтару процедурасы сияқты ұсынылған тәсілдерімен жемқорлық мінез-құлық немесе алаяқтық белгілері туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу тәртібін белгілейтін Ақпараттың құпиялылығы саясаты қолданылады.

ҚР заңнамасының, АМӨЗ стандарттарының, қағидаттарының және ережелерін әлеуетті немесе жасалған бұзушылықтар, оның ішінде жетекшілік жағдай теріс пайдалану, өкілеттіктерін асыра пайдалану, зауытқа немесе оның контрагенттеріне зиян келтіру жағдайлары анықталған жағдайда, бұзушылық туралы nysana@cssc.kz электрондық мекенжайы және 8 (800) 080-30-30 ақысыз телефон желісі бойынша «Жедел желісіне» хабарлауға қажет. Өтінішті аты-жөнін көрсетпей жолдауға болады. Өтініш қабылданғаннан кейін, көрсетілген бұзушылықтар туралы хабарламаларды қарауға жауапты комплаенс-қызметінің қызметкерлері кейінгі процедурамен таныстырады.

АМӨЗ келіп түскен хабарламалардың, бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғасы туралы, сондай-ақ басқа да қатысты тұлғалар туралы мәліметтердің құпиялылығына кепілдік береді. АМӨЗ алаңдаушылық танытып, дайындалған немесе жасалған бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларға қатысты кез келген кемсіту шаралары қабылданбайды.

/ КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

АМӨЗ корпоративтік құндылықтар бекітілген, мүдделі тараптармен іскерлік мінез-құлық пен қарым-қатынастардың маңызды қағидалары мен қағидаттары анықталған Корпоративтік әдеп кодексі қолданылады. Кодекстің ережелері лауазымына қарамастан, зауыт-

тың барлық қызметкерлеріне тең дәрежеде қолданылады. Зауыттың әрбір қызметкері Кодекстің ережелері мен талаптарына ұстануға міндеттемесімен танысуға, қабылдауға және жазбаша түрде растауға міндеттенеді.

АМӨЗ негізгі корпоративтік құндылықтары:



/ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАТТАР

АМӨЗ қызметі келесі қағидаттарға негізделген:

Ашықтық

АМӨЗ коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат және Қазақстан Республикасының заңнамасында қорғалатын өзге де ақпарат қорғауын есепке ала отырып, зауыт туралы, оның жетістіктері мен қызметінің қорытындылары туралы ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады.

Жауапкершілік

АМӨЗ Серіктестіктің қатысушылары мен қоғам алдындағы экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер және ұзақ мерзімді құнының өсуі және де ұзақ мерзімді келешекте тұрақты дамуы үшін өз жауапкершілігін түсінеді.

Айқындық

АМӨЗ шешімдері мен әрекеттері мүдделі тараптар үшін белгіленген тәртіпте айқын әрі ашық болуы тиіс. АМӨЗ Қатысушылар мен Мүдделі тараптарға істердің күйі туралы шынайы және уақытында хабарлайды.

Мінез-құлықтың әдептілігі

АМӨЗ қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттері адалдық, ашықтық, айқындық командалық рух пен сенім, адал ниеттілік пен әділдік сияқты жоғары адамгершілік құндылықтарда негізделуі тиіс. АМӨЗ қызметкерлері өз қызметін құрметтің, төзімділіктің, қайырымдылықтың және әдептіліктің негізінде жүзеге асырады.

Құрмет

АМӨЗ заңнама, жасасқан шарттар немесе іскерлік қатынастар шегінде пайда болатын барлық Мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейді.

Заңдылық

АМӨЗ мен оның қызметкерлерінің шешімдері, әрекеттері және мінез-құлқы ҚР заңнамасына, зауыттың Жарғысына, АМӨЗ Даму стратегиясына және Қатысушылардың шешімдеріне қатаң, толық және сөзсіз сәйкес келуі тиіс.

Кәсібилік

АМӨЗ кәсіби және жеке дамуға мүмкіндік бере отырып, қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етіп, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға ұмтылады.

Әділеттілік

АМӨЗ меритократия, әділдік және объективтілік қағидаттарын ұстанады, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдай жасайды және әрбір қызметкердің зауыттың қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды; барлық деңгейдегі қызметкерлердің түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасады.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік

АМӨЗ барлық көріністердегі сыбайлас жемқорлықты қабылдамайды. Барлық мүдделі тараптармен ынтымақтастықта зауыт сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар шеңберінде зауыттың қабылданатын әрекеттері туралы олардың хабардарлығын арттыру үшін сындарлы диалогты дамытуға тырысады.

Мүдделер қақтығысын болдырмау

АМӨЗ Мүдделі тараптармен қарым-қатынаста тараптар бір-біріне адал, әділ, ашық және айқынды әрекет етуге міндетті болатын фидуциарлық қатынастарды орнатуға және сақтауға сене отырып, мүдделер қақтығысын болдырмау, анықтау және жою бойынша шараларды қабылдайды.

Экологиялық жауапкершілік

АМӨЗ энергия үнемдеуді қамтамасыз етіп, табиғи ортаға теріс әсерін азайтып, ресурстар мен уақытты ұқыпты және де жауапкершілікпен пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды енгізіп, қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланғаны және қолайлы қоршаған орта сақталғаны үшін өз жауапкершілігін түсінеді.

Қауіпсіздік

АМӨЗ адамның өмірін жоғары құндылық ретінде есептейді және салауатты өмір салтын қолдауға және қызметкерлердің денсаулығын қорғауға ерекше назар аударуға тырысады. АМӨЗ әлемдік стандарттарға сәйкес еңбек қауіпсіздігін, қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге тырысады.

/ ІШКІ АУДИТ

АМӨЗ барлық бөлімшелер кіріктірілген менеджмент жүйесінің бекітілген процедураларын ұстануын тексеру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық, нормативтік және басқа да талаптарына сәйкес Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі, экологиялық және энергетикалық менеджменттің сапасы жүйесін жақсарту бойынша жолдарын анықтау үшін тәуекел-

дерді басқару және менеджмент жүйелерін даму бөлімі ішкі аудитті жүргізеді.

Ішкі аудиттер зауыттың біріктірілген менеджмент жүйесінің тиімді жұмыс істеудің ажырамас бөлігі болып табылады және жоғары басшылықтың шешімдерін талап ететін мәселелерді уақытында анықтауға мүмкіндік береді.

«АМӨЗ» ЖШС ішкі аудит циклі



Ішкі аудит объектілері

Реттік №	КМЖ және тәуекел-менеджмент бойынша ішкі аудит жүргізілетін объектілерінің атауы	Аудиттер саны	Ескертпе
1	Орталық аппарат, зауыт басқармасы	24	Жоғары жетекшілік, зауыт басқармасының құрылымдық бөлімшелері
2	Мұнай өңдеуді және терең күкіртсіздендіруді өндіру (МӨТКӨ)	9	Технологиялық қондырғылар
3	Коксты және күкіртті өндіру (КжКӨ)	5	Технологиялық қондырғылар
4	Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау	5	Тауарлы-шикізаттық парк, мұнай өнімдері құйылатын эстакадалар
5	Жылу және электр энергиясын өндіру	4	Буды, электр энергиясын, химиялық тазартылған суды өндіру жөніндегі бөлімшелер
6	Орталық зауыттық зертхана	3	Тауарлық және өтімді өнімдерді талдаулық бақылау
7	Мұнайдың терең өңдеуін өндіру (МТӨӨ)	7	Технологиялық қондырғылар
8	Хош иісті көмірсутектерді өндіру	5	Технологиялық қондырғылар
9	Аутсорсингке берілген үдерістер	5	Қосымша үдерістер
ЖИЫНЫ:		67	Жыл сайынғы ішкі аудит жүргізілуі тиіс

Қашықтықтан жұмыс істеу ауысуға көшуге байланысты, 2020 жылы ішкі аудиттер жүргізілуі қиындатылған.

Жалпы 2020 жылы 31 аудит жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша 89 ұсыным берілген.



4

Тәуекелдерді басқару

- 142 Тәуекел – менеджмент жүйесі
- 144 Тәуекелдер картасы
- 146 Ішкі бақылау жүйесін енгізу
- 147 Негізгі тәуекелдер

ҚАУІПСІЗДІК

САПА

ТҰРАҚТЫЛЫҚ

/ ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі АМӨЗ стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге жағымсыз әсер ете алатын әлеуетті тәуекелді жағдайларын уақытында сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Корпоративтік тәуекелдерді басқару және шоғырландырылған негізіндегі тәуекелдерді басқару жүйесінің маңыздылығын, сондай-ақ АМӨЗ Қадағалау кеңесінің тәуекелдерді басқарудың жоғары стандарттарын қолдану қажеттілігі туралы үміттерін түсініп, 2017 жылдан бастап АМӨЗ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысын жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, негізгі бағыттарға жетекшілік ететін жетекшілер қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасына «Тәуекелдерді басқару бойынша тік үдерісін енгізу» көрсеткіші енгізілген. Бұл көрсеткіш АМӨЗ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару бойынша тік үдерісін енгізуге бағытталған шаралар жиынтығының іске асырылуы дәрежесін сипаттайды.

АМӨЗ тәуекелдердің күйін уақытында сәйкестендіру, бағалау, талдау, басқару және мониторингін жүргізуі мақсатында АМӨЗ компаниялар тобы бойынша «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ (ҚМГ) жүзеге асырылған жобасы шеңберінде іске қосылған тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ТБАЖ) қолданады. ТБАЖ уақытпен еңбек ресурстарын едәуір қысқартуға, сондай-ақ тәуекелдерді есепке ала отырып, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ақпаратты оперативті қалыптастыруға, сондай-ақ оларды митигациялау бойынша іс-шаралардың жоспарларымен бірге НҚК қол жеткізуге әсер ететін АМӨЗ барлық елеулі тәуекелдердің бөлігіндегі өзекті ақпаратты уақытында беруге жағдай жасайды. Зауыттағы тәуекел-мәдениеті АМӨЗ барлық құрылымдық бөлімшелерін және аутсорсингтік ұйымдарды тәуекелдерді басқару үдерісіне еліктіру жолымен, сондай-ақ АМӨЗ Қадағалау кеңесі, Басқармасы және қызметкерлері арасында жүйелі түрде ақпарат алмасу арқасында дамыған.

«Атырау МӨЗ» ЖШС тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы



/ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

Зауыттың қызметі келесі салалардағы әртүрлі тәуекелдердің әсеріне ұшыратылуы мүмкін:

1. өндірістік үдерісіне байланысты өндірістік тәуекелдер;
2. өндірістік емес бизнес-үдерістеріне байланысты өндірістік емес тәуекелдер;
3. басқаруға қиын немесе басқарылмайтын сыртқы ортаның тәуекелдері.

Қадағалау кеңесі жыл сайынғы негізінде АМӨЗ Тәуекелдерінің тіркелімін, Тәуекелдерінің картасын, Тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын бекітеді.

Тәуекелдердің тіркеліміне және картасына сәйкес 2020 жылы көрсетілген салалар бойына 8 тәуекел анықталған және бағаланған. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқару бойынша іс-шаралар әзірленген, тәуекелдердің иеленушілері анықталған. Негізгі тәуекелдер динамикасына және оларды митигирлеу бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Соның нәтижелері бойынша Басқармаға және Қадағалау кеңесіне тоқсан сайынғы есеп жіберіледі.

Тән тәуекел-факторлар

5					
4	R1	R6,R7			
3		R2			
2			R4,R5, R8		R3
1					
	1	2	3	4	5

Ықтималдық

Қалдық тәуекел-факторлар*

5					
4					
3	R6*, R7*				
2	1*	2*			
1			R4*,R5*, R8*		R3*
	1	2	3	4	5

Ықтималдық

* алдын алу іс-шараларын орындалуын есепке ала отырып

№ Тәуекел-факторының атауы

Өндірістік емес тәуекелдер

- R1 Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттер
- R2 Компанияның активтеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттер

Өндірістік тәуекелдер

- R3 Табиғи әсерлер, катаклизмдер
- R4 Жабдықтың жұмыс істеуі нақты технологиялық режимдерінің оны пайдалану нормаларына сәйкес келмеуі
- R5 Жабдықтың жұмыс істеуі нақты технологиялық режимдерінің оны пайдалану нормаларына сәйкес келмеуі
- R6 Қызметкердің қал-жағдайының нашарлауы
- R7 Қызметкердің қал-жағдайының нашарлауы
- R8 Жөндеу үшін арналған қосалқы бөлшектер мен материалдардың уақытында емес жеткізуі



/ ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ



Авезов Жеткербай Сейтімбетұлы

Тәуекелдерді басқару және менеджмент жүйесін дамыту бөлімінің тәуекел-менеджері

«Зауыттағы «Тәуекелдер басқарудың жаңа моделін енгізу» ҚМГ жобасы шеңберінде ішкі бақылау жүйесі бойынша әдістемелік құжаттар бейімделген және бекітілген (бұдан әрі – ІБЖ).

ІБЖ – бұл зауыт өз операциялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз етуге және бизнес-үдерістегі (бұдан әрі – БҮ) үдерістік деңгейіндегі тәуекелдерді минимизациялауға бағытталған тиімді және ұтымды қызметке жағдай жасайтын үдерістер мен процедуралар, мінез-құлық пен әрекеттер нормаларының жиынтығы.

ІБЖ енгізуі жүктелген функцияларын қалыпты орындау барысында жетекшілікке немесе қызметкерлерге дұрыс емес әрекеттерді болдырмауға немесе уақытында анықтауға мүмкіндік береді. ІБЖ қолдануға ұсынылған бірінші тәсілдеме Бірінші, екінші және үшінші деңгейлердегі үдерістер анықталған, сәйкестендірілген тәуекелдерді өтетін қолданыстағы бақылаушы процедуралары бар үдерісінің тәуекелдер мен бақылағыштар матрицасы әзірленген «Кезеңді жабу және бөлек қаржы есептілігін дайындау» БҮ таңдалған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі, ішкі бақылау жүйесі және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі туралы білімді үнемі қолдау және жетілдіру, сондай-ақ зауыттың қызметтері мен бөлімшелерінде осы бағыттардағы жұмысты одан әрі қолдау мақсатында «ІБЖ және ҚҮБЖ негіздері» тақырыбы бойынша бес күндік онлайн-оқыту өткізілген. Оқуға зауыттың 35 маманы қатысқан.

«Атырау МӨЗ» ЖШС тәуекелдерді тәуекел-менеджмент жүйесін жетілдіру шеңберінде 2021 жылы қызметтің үздіксіздігін басқару (бизнестің үзілуіне әкелетін тәуекелдерді басқару) жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс жалғастырылады».

/ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

2020 жылы зауыттың негізгі тәуекелдерін басқару бойынша жоспарланған жұмыс толығымен орындалған. АМӨЗ олардың жүзеге асырылуы мүмкіндігін азайту және ықтимал қаржы шығындарды азайту/алдын алу үшін негізгі тәуекелдерге ден қою шараларын қабылдаған.

Өндірістік тәуекелдер

Өндірістік объектілері мен алаңдардағы апаттық және штаттан тыс жағдайлар, техногендік апаттар салдарынан қоршаған ортаға жағымсыз экологиялық әсер

ету, өндірістік персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру тәуекелі.

АМӨЗ өндірістік қызметі өндірістік сипатына байланысты әлеуетті қауіпті болып табылады. Өндірістік объектілері мен алаңдардағы апаттық және штаттан тыс жағдайлар қорытындысында, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің қорытындысында қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету, өндірістік персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру жоғары тәуекелі бар. Осындай тәуекелдер жүзеге асырудың салдары зауыттың беделіне,

өндірістік және қаржы қызметіне жағымсыз әсер етеді.

Өндірістік тәуекелдерін барынша азайту мақсатында АМӨЗ келесі іс-шараларды жүргізеді:

1. нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдыққа уақытында техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету;
2. қайта құрылымдауды, жаңғыртуды уақытында жүргізу;
3. оңтайлы технологиялық режимді есептеу және жабдық жұмысының оңтайлы режимдерін әзірлеу;
4. жемірілуге әкелуі мүмкін қауіпті факторларды уақытында диагностикалау және анықтау;
5. қызмет көрсетуші қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында зауыт:

1. жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулар алдын алуды;
2. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту мен білім тексеруді уақытында жүргізуді, жұмыс орындалатын жерінде оларды өткізуге жауапты лауазымды тұлғалардың және жұмыстар жетекшілерінің болуын;
3. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-техникалық шараларды жүзеге асырады.

Мақсаты ҚМГ және оның үлестес заңды тұлғаларының мүліктік мүдделері мен жауапкершілігін сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін корпоративтік тәуекелдерді сақтандыру бағдарламасын орналастыру тәртібін белгілеуі болып табылатын ҚМГ Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасы шеңберінде АМӨЗ жыл сайын сақтандыру жағдайының басталуы қорытындысында мүлікті залал келтірілуден (кездейсоқ опат болу, жоғалу немесе зақымдану қатерінен) ерікті сақтандыру шарты жасалады. АМӨЗ КМГ Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасына енгізілген.

Сақтандыру нарығы үшін өндірістік объектілердің ағымдағы жағдайы туралы ақпарат жинау және есеп дайындау, өндірістік алаңдарды тексеру және кәсіпорындағы өртке қарсы және апатқа қарсы жүйелерді, сондай-ақ сақтандыру тәуекелдерін азайтуға арналған басқа да шаралар мен техникалық құралдарды егжей-тегжейлі зерттеу, тәуекел-сюрвей (сақтандыру инженерлік қарауы) шеңберінде жүзеге асырылады. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлемдік тәжірибесін есепке алатын тәуекел-сюрвей барысында берілетін ұсынымдар зауытта технологиялық қондырғылар мен жабдықтардың ақаусыз жұмысын арттыру үшін қолданылады.

Әлеуметтік тәуекел

Жұмысшылардың әлеуметтік көңіл толмауы рұқсат етілмеген ереуілдерге әкелуі мүмкін. Рұқсат етілмеген ереуілдер қаупін төмендету үшін негізгі бағыттары әлеуметтік ахуалды бақылау және талдау, проблемалық мәселелерді шешуге арналған іс-шараларды уақытында әзірлеу болып табылады. Бұл үшін әлеуметтік ахуалдың мониторингін жүргізуге және көтерілетін мәселелерді бірлесіп шешуге, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарын жүргізуге арналған құралы болып табылатын АМӨЗ жұмыс беруші мен жұмысшылар арасындағы ішкі коммуникациялар, оның бірінші жетекшінің еңбек ұжымдарымен міндетті есеп беру кездесулері, басқарманың өндірістік персоналымен кездесулері және басқалар енгізілген.

Жастар кеңестері жастар ортасымен белсенді диалог жүргізудің белсенді алаңы болып табылады. АМӨЗ жас жұмыскерлердің белсенді өмірлік ұстанымының қалыптасуын, жастарды тартуды және әлеуметтік және өндірістік өмірге тікелей қатысуды көздейтін ҚМГ бірыңғай жастап саясаты жүйесіне белсенді қатысады.

Коронавирустың пандемиясы тәуекелі

2020 жылы 2019-пCoV коронавирус штаммының таралу қаупі бүкіл елдің экономикасына, оның ішінде АМӨЗ қызметіне де жағымсыз әсер еткен.

Зауыт үшін ықтимал салдар:

- зауыт жұмысшыларының 2019-пCoV штаммымен жұқтыруы, зауыт жұмысшыларының немесе мердігер компанияларының арасында зауыттың аумағында аурудың таралуы;
- мұнай өнімдерін түсіруге келіп түсетін өтініштердің төмендетілуі;
- 2020 жылы валюталық бағамының өсуіне байланысты АҚШ долларындағы қарыздар бойынша шығындардың үлкейтілуі.

Пандемияның ықтимал әсерін азайту үшін келесі іс-шаралар жүргізілді:

- операциялық шығындарын оңтайландыру, инвестициялық шығындарды қайта қарау;
- бірінші, екінші, үшінші санатты қоса алғанда, ҚР ДСМ Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы анықтаған тізіміне кіретін елдерінен келетін келушілердің, қызметкерлердің және сонымен қатар елдің аймақтарынан келетін ҚР азаматтарының зауыттың аумағына физикалық кіру мүмкіндігін шектеу іс-шаралары күшейтілген;
- зауыттың жұмысшыларын шетелге және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша іссапарларға жіберуге тыйым салынған;

- кеңестер мен жиналыстардың саны азайтылған. Мәдени-көпшілік іс-шаралар тоқтатылған. Оперативті жоспарлама мен кеңестер үшін бейнеконференцбайланыс құралдары пайдаланады.

Өндірістік емес тәуекелдер

Өтімділік тәуекелі

АМӨЗ үшін негізгі тәуекелдер өтімділік пен қаржы жөнінен орнықтылығына байланысты тәуекелдер болып табылады. Жеткілікті қаржы ресурстардың жоқтығы қарыздық міндеттемелер бойынша ковенанттардың сақтамауына әкелуі мүмкін, сондай-ақ стратегиялық маңызды жобаларының іске асырылуына және дамудың жоғары қарқындарының сақталуына қауіп төндіреді. Осы тәуекелдерді еңсеру үшін технологияларды қолданумен бірге АМӨЗ операциялық қызметті жақсартуға, күрделі шығындарға анық басымдық беруге, сондай-ақ Серіктестіктің активтері мен жобалары портфельдерін оңтайландыруға бағытталған.

Салық тәуекелі

АМӨЗ негізгі сыртқы тәуекел-факторы ҚР салық заңнамасын әртүрлі түсіндіруі болып табылатын салық тәуекелдің әсеріне ұшыратылуы мүмкін. АМӨЗ жүргізілген салықтық тексерулердің қорытындысы бойынша салық заңнамасын құқыққа қайшы түсіндіруінде негізделген салықтар-

дың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қосымша есептеуіне қатысты салық органдарының шешімдеріне әсер ете алмайды.

Салықтық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында зауыт салықтық басқару үдерістерін жетілдіреді, салық аудиттерді жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекел

АМӨЗ мүдделеріне емес ресурстардың бөлінуі, жеке пайда табу мақсатында АМӨЗ зиян келтіруі, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің жасалғандығы туралы кез келген фактілер қаржы залалдың мөлшеріне қарамастан АМӨЗ қызметінде мүлдем қолайсыз болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша басқа заңнамалық актілерінің субъектісі бола отырып, АМӨЗ:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (ішкі себептер бойынша) талдау;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
4. шешімдер қабылдау процедураларының есеп беруге міндеттілігін, бақылауға алынатындығын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдерін бекіту;
5. іскерлік әдептің нормаларын қабылдау және сақтау;

6. мүдделер қақтығысын алдын алу бойынша міндеттемелерді қабылдаған.

АМӨЗ келесі құжатталған процедуралар әзірленген және бекітілген:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат;
- Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу бойынша саясат;
- Құпиялық түрде ақпараттандыру саясаты.

Зауыт ішкі бақылау жүйелерін енгізу және нығайту, үшінші тұлғалардың тарабынан, сондай-ақ АМӨЗ қызметкерлерінің тарабынан да заңсыз және әділетсіз әрекеттерін алдын алу, зауыт қызметкерлерінің тарабынан құқыққа қайшы және адал емес әрекеттер жасалғандығы туралы фактілері бойынша ішкі тергеуді жүргізу тәртібін бекіту бойынша бірыңғай саясатын құру бойынша жүйелі жұмысты жүргізіп жатыр. АМӨЗ-да сенім телефоны жұмыс істейді.

Сыртқы ортаның тәуекелдері

Валюталық тәуекел

Тәуекел – АҚШ долларына қатысты теңге бағамының жоғарылауы болып табылады.


АМӨЗ қарыз портфелінің негізгі бөлігі – шетелдік мердігерлердің қатысуымен стратегиялық жаңғы-

рту жобаларын қаржыландыруға тартылған АҚШ долларында берілген қарыздар болып табылады. Осыған байланысты АҚШ долларына қатысты теңге бағамының өсуі қарызға қызмет көрсету құнының өсуіне және кредит құнының өсуіне әкелуі мүмкін.

Осы тәуекелді барынша азайту үшін АМӨЗ теңгедегі валюталық қарыздарды неғұрлым қолайлы шарттарында қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау жолымен валюталарға және сыйақы мөлшерлемесіне қатысты кредиттік портфелінде бірқатар оң өзгерістерді жүзеге асырады.

Бедел тәуекелі

АМӨЗ іскерлік бедерге және инвесторлармен, серіктестермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қатынастарға әсер ететін бедел тәуекеліне ұшыратылуы мүмкін. АМӨЗ осы тәуекелді басқару бойынша бірқатар іс-шараларды ұйымдастырған, оның ішінде зауыттың қызметі туралы БАҚ жарияланымдардың мониторингін жүргізеді, зауыт туралы мақалаларды БАҚ жариялайды, зауыт қызметінің әртүрлі аспектілерін көрсету үшін жетекшіліктің сөз сөйлеуді ұйымдастырады, сонымен қатар БАҚ жағымсыз жарияланымдарға уақытында жауап береді.



Қосымша. Қаржы есептілік.

- 154 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі
- 160 Қаржылық жағдай туралы есеп
- 161 Жиынтық кіріс туралы есеп
- 162 Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп
- 163 Капиталдағы өзгерістер туралы есеп
- 164 Қаржылық есептілікке ескертпелер
- 206 Глоссарий

ҚАУІПСІЗДІК
САПА
ТҰРАҚТЫЛЫҚ

2020 ЖЫЛЫ ЗАУЫТТЫҢ
ТАУАРЛЫҚ ПАРКІНДЕ
ЖАНАРМАЙЛАРДЫҢ САҚТАУ
КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ

57 мың тоннаға
дейін





«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-тің қатысушыларына, қадағалау кеңесі мен басшылығына

Пікір

Біз «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-тің (бұдан әрі «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2020 жылғы 31 желтоқсанға Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Біз бұл мәселе қаржылық есептілікке қатысты негізгі құралдар қалдықтарының елеулігіне, құнсыздануды талдау негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, мұнай бағасының және теңгенің айырбас бағамының тұрақсыздығы, инфляцияның және қарыз ақша құнының ұлғаюы және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік Ұйымның негізгі құралдарының құнсыздануына іс жүзінде әкеп соқтыра алады.

Біз құнсызданудың талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтетін құн есебі үшін бағалау мәселелері бойынша мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық. Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырдық.

Дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағалар және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қоса алғанда елеулі жорамалдар. Елеулі бағалауға мұнайды қайта өңдеу жоспары, келешек күрделі және операциялық шығындар жатады.

Біз күтілетін күрделі және операциялық шығындарды басшылықтың жоспарларымен және нақты шығындармен салыстырдық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін тексердік және және сезімталдылық талдауын бағаладық.

Біз қаржылық есептілікте құнсыздануға жасалған тесттер туралы ашып көрсетулерге талдау жасадық.

Негізгі құралдар мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат қаржылық есептіліктің **4-ескертпесінде** келтірілген.

Қарыз шарттары бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау

Белгілі бір несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Ұйым қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді сақтауы тиіс. Мұнайды қайта өңдеу тарифі мен пайдалану шығыстарының көлемі әсер ететін түсім және пайда көлеміне тәуелді болатын көрсеткіштер бұзылады деген ықтималдылық бар, сондықтан біз аудит барысында осы мәселеге ерекше назар аудардық. Көрсеткіштердің бұзылуы мерзімінен бұрын өтелумен қатар, айтарлықтай айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады. Белгіленген көрсеткіштерді сақтау аудит үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылды, өйткені қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есепте пайыздар есептелетін міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 14-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Басшылықтың және қадағалау кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Қадағалау кеңесі Ұйымның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерге, мерзімінен бұрын өтеу талаптарының шарттары мен дефолт оқиғаларына талдау жасадық. Біз қаржылық көрсеткіштердің сақталуына қатысты банктен растаудың болуын тексердік. Біз қаржылық көрсеткіштердің есептеулерінде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік. Біз қаржылық есептіліктегі міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің сақталуы туралы ашып көрсетулерге талдау жасадық.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін Ұйымның қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Ұйым аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз қадағалау кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз қадағалау кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз қадағалау кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Қайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Қайрат Медетбаев
Аудитор

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы № МФ-0000137 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 19 ақпан

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	694.969.679	720.177.335
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		576.533	656.045
Материалдық емес активтер		2.845.417	2.729.723
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		722.480	470.715
Айналымнан тыс қаржы активтері		1.600.137	718.077
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	7	4.535.752	3.809.900
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	8	-	2.984.669
Көйінге қалдырылған салық активтері	27	9.771.193	9.281.960
Қорлар, айналымнан тыс	9	2.070.552	1.587.020
Басқа да айналымнан тыс активтер	6	-	3.679.636
		717.091.743	746.095.080
Айналымдағы активтер			
Қорлар	9	6.635.419	5.588.697
Сауда дебиторлық берешек		352.898	74.263
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		851.990	697.060
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	10	1.172.676	14.073.443
Берілген аванстар		1.712.531	3.736.582
Басқа да айналымдағы активтер		239.527	104.086
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	36.180.980	97.431.749
		47.146.021	121.705.880
Сатуға арналған активтер	12	3.096.539	16.510
		50.242.560	121.722.390
Активтердің жиыны		767.334.303	867.817.470

6-47 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	13	47.807.399	47.807.399
Қосымша төленген капитал	13	18.855.203	18.610.515
Меншікті капиталдың басқа да құрамдастары	13	(973.551)	(1.064.596)
Жинақталған залал		(46.548.413)	(34.036.920)
Капитал жиыны		19.140.638	31.316.398
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер мен қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	14	466.258.607	526.986.822
Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік	15	31.568.250	40.171.950
Сауда кредиторлық берешек, ұзақ мерзімді бөлік	19	103.115	115.169
Жалдау бойынша міндеттемелер, ұзақ мерзімді бөлік	16	879.398	1.380.123
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер, ұзақ мерзімді бөлік	17	1.434.639	1.976.284
Бағалау міндеттемелері, ұзақ мерзімді бөлік	18	2.714.190	-
		502.958.199	570.630.348
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Несиелер мен қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	14	196.049.258	195.880.116
Облигациялар, қысқа мерзімді бөлік	15	13.623.860	12.670.690
Жалдау бойынша міндеттемелер, қысқа мерзімді бөлік	16	844.434	680.200
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер, қысқа мерзімді бөлік	17	158.688	342.759
Бағалау міндеттемелері	18	1.317.264	1.317.264
Сауда кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бөлік	19	5.011.876	41.171.205
Салықтар және төленуге жататын басқа да төлемдер	20	4.408.354	667.700
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	21	23.039.682	12.531.574
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		782.050	609.216
		245.235.466	265.870.724
Міндеттемелер жиыны		748.193.665	836.501.072
Капитал мен міндеттемелер жиыны		767.334.303	867.817.470

2021 жылғы 19 ақпанда шығарылуға қол қойылды және рұқсат етілді.

Бас директор



Бас директордың корпоративтік функциялар жөніндегі орынбасары



Бас бухгалтер



6-47 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	22	207.553.944	200.385.965
Көрсетілген қызметтер мен өткізілген өнімнің өзіндік құны	23	(117.777.432)	(104.877.957)
Жалпы пайда		89.776.512	95.508.008
Жалпы және өкімшілік шығыстар (Теріс)оң бағамдық айырма, нетто	24	(3.881.459)	(3.399.891)
Операциялық жалдаудан түскен кіріс		153.994	99.042
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	7	1.932.922	1.347.022
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес	8	645.360	391.785
Негізгі құралдардың шығынынан болған залал		(449.324)	(2.112)
Басқа да кірістер		647.634	211.147
Басқа да шығыстар		(3.246.022)	(128.208)
Операциялық пайда		33.069.621	99.495.506
Қаржылық кірістер	25	12.100.402	8.516.923
Қаржылық шығыстар	26	(63.047.884)	(65.300.711)
Салық салынғанға дейінгі (залал)/пайда		(17.877.861)	42.711.718
Табыс салығы бойынша үнемділік(шығыстар)	27	489.233	(10.905.689)
Бір жылғы (залал)/пайда		(17.388.628)	31.806.029
Басқа да жиынтық кіріс			
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс			
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша қайта бағалаудан түскен кіріс	17	91.045	55.905
Салықтар шегерілген жылғы жиынтық (залалдың)/кірістің жиыны		(17.297.583)	31.861.934

2021 жылғы 19 ақпанда шығарылуға қол қойылды және рұқсат етілді.

Бас директор



Бас директордың корпоративтік функциялар жөніндегі орынбасары



Бас бухгалтер



6-47 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		263.661.579	250.321.046
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(76.937.381)	(53.301.292)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(10.341.036)	(9.261.668)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(42.013.049)	(38.161.907)
Басқа да төлемдер		(1.850.644)	(1.241.821)
Төленген табыс салығы		(264)	(1.056)
Төленген пайыздар		(49.011.876)	(48.665.873)
Алынған пайыздар		876.440	534.569
Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		84.383.769	100.221.998
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(40.961.930)	(8.987.381)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(456.804)	(4.915)
Алынған дивидендтер	7, 8	1.757.070	1.426.336
Банк депозиттерін орналастыру, нетто		(36.325)	(401.558)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім		2.136	61.285
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		1.083.465	-
Бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлестерін сатудан түскен түсімдер		5.754.474	-
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(32.857.914)	(7.906.233)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Қарыздарды өтеу	14	(273.335.061)	(312.369.696)
Қарыздардан түскен түсімдер	14	173.794.398	199.395.500
Облигациялар бойынша өтеу	15	(11.845.800)	(5.749.350)
Облигациялар бойынша түсімдер	15	-	56.223.000
Жалдау бойынша өтеу		(799.424)	(763.405)
Төленген дивидендтер		(74)	(352)
Басқа да төлемдер		(841.418)	(3.846.040)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(113.027.379)	(67.110.343)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаны)/ ұлғаюы		(61.501.524)	25.205.422
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		248.815	(748.332)
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несие залалдары резервінің өзгеруі		1.940	(890)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары	11	97.431.749	72.975.549
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	11	36.180.980	97.431.749

2021 жылғы 19 ақпанда шығарылуға қол қойылды және рұқсат етілді.

Бас директор

Бас директордың корпоративтік функциялар жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



Ш.А. Дарбай
Л.Б. Аканова
А.М. Сафокасова

6-47 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа резервтер	Өтелмеген залал	Жиыны
2019 жылғы 1 қаңтарға						
Бір жылғы таза кіріс		-	-	-	31.806.029	31.806.029
Басқа да жиынтық кіріс	17	-	-	55.905	-	55.905
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		-	-	55.905	31.806.029	31.861.934
Қарыздардың өтелуіне орай қайта жіктеу		-	(5.049.888)	-	5.049.888	-
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды дисконттау		-	4.877.135	-	-	4.877.135
2019 жылғы 31 желтоқсанға		47.807.399	18.610.515	(1.064.596)	(34.036.920)	31.316.398
Бір жылғы таза залал		-	-	-	(17.388.628)	(17.388.628)
Басқа да жиынтық кіріс	17	-	-	91.045	-	91.045
Бір жылғы жиынтық кіріс/ (залал) жиыны		-	-	91.045	(17.388.628)	(17.297.583)
Қарыздардың өтелуіне орай қайта жіктеу	14	-	(4.877.135)	-	4.877.135	-
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды дисконттау	14	-	5.121.823	-	-	5.121.823
2020 жылғы 31 желтоқсанға		47.807.399	18.855.203	(973.551)	(46.548.413)	19.140.638

2021 жылғы 19 ақпанда шығарылуға қол қойылды және рұқсат етілді.

Бас директор

Бас директордың корпоративтік функциялар жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



Ш.А. Дарбай
Л.Б. Аканова
А.М. Сафокасова

6-47 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания») 2004 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. 2016 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның 99% қатысушысы 2017 жылы жойылған «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ ҚМ») болып табылды. 2020 жылдың 31 желтоқсанына Компания капиталы үлесінің 99%-ы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-на (бұдан әрі – «ҚМГ ҰК») тиесілі.

ҚМГ ҚМ АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады және ҚМГ ҰК толығымен бақыланатын еншілес ұйымы болып табылады. ҚМГ ҰК «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ), 90%) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (10%) арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметінің бақылауында және тиісінше, ҚМГ ҰК-ның барлық еншілес ұйымдары мен өзге де мемлекеттік кәсіпорындар қаржылық есептілікте байланысты тараптар ретінде қарастырылады (28-ескертуге).

Мұнайды қайта өңдеу, мұнайды қайта өңдеу өнімдерін өндіру және өткізу Компания қызметінің негізгі бағыттары болып табылады. Компания Батыс Қазақстандағы жалғыз ірі мұнай өңдеуші зауыт болып табылады. Шикі мұнайды қайта өңдеу тарифін есептеу әдіснамасы ҚМГ ҰК-мен келісіледі және оны Компанияның Қадағалау Кеңесі бекітеді. Соның негізінде Компания мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтерін көрсетуден түсетін түсімнің үлкен бөлігін алатын тарифтік мөлшерлемелер ҚМГ-мен және ҚР Энергетика министрлігімен келісіліп, Компаниямен бекітіледі.

Компания кеңсесінің орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Зейнолла Қабдолов даңғылы, 1-үй.

Covid-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай

2020 жылғы сәуір-желтоқсанда Компанияда нарықта мұнай өнімдерінің көп болуына орай мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтерін көрсетуден түсетін түсімнің азғантай төмендеуі байқалды. Сұраныстың азаюы Covid-19 пандемиясымен және карантин шараларымен негізделген. Covid-19 ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілді. Барлық елеулі операциялар бухгалтерлік есепте көрсетіліп, қаржылық есептілікте ұсынылды. Covid-19 пандемиясы айтарлықтай өзгерістерді келтірмеді. Бұл қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі жорамалына сүйене отырып дайындалды.

Компанияның активтер мен міндеттемелерге қатысты маңызды есепті бағалаулары мен пайымдаулары 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептіліктің Ескертпелерінде ашылып көрсетілген. Бағалаулар мен пайымдаулардың нәтижелері бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсанға активтер мен міндеттемелердің құнын түзету қажет болмады.

ДДҰ ұсынымдарына сәйкес Компания өзінің әкімшілік және өндірістік үй-жайларында жұқтыруды алдын алу бойынша қызметкерлердің (оның ішінде мердігерлік, сервистік және аутсорсингтік компаниялардың) денсаулығын сақтау шараларын қолға алды. Қызметкерлердің бір бөлігі қашықтан жұмыс істеу әдісіне ауыстырылды, жұмыс орындары барынша мұқият тазартылып отырды, жеке қорғану құралдары берілді, дене температурасы күнделікті өлшеніп отырды, ауруға күдік бола қалғанда тестілеу жасалып отырды.

2. КОМПАНИЯНЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Бұл қаржылық есептілік, есеп саясатында және қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталғанды қоспағанда, тарихи құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген және қаржылық есептіліктегі сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңселектенген.

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыны бухгалтерлік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ ол басшылықтан Компанияның есеп саясатын қолдану процесінде пайымдауларды қолдануды талап етеді. Пайымдауларды қолданудың барынша жоғары дәрежесін немесе барынша жоғары күрделілікті қолдануды болжайтын қызмет аялары немесе жорамалдар мен бағалаулар қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-ескертуде ашылып көрсетілген. Мұндай бағалаулар қаржылық есептілікті дайындау күніне қолда бар ақпаратқа негізделген. Осылайша, нақты нәтижелер осы бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. КОМПАНИЯНЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Үздіксіз қызмет қағидаты

Компания басшылығы осы қаржылық есептілікті активтердің сатылуын және әдеттегі қызметтің барысында міндеттемелердің таяу арада өтелуін болжайтын қызметтің үздіксіздігі қағидатының негізінде дайындады. Бұл пайымдауды шығару кезінде Компания басшылығы Компания қаржылық жағдайды, қолданыстағы ниеттерді және Компанияның қолындағы қаржы ресурстарын ескерді. 2020 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы міндеттемелер оның ағымдағы активтерінен 194.992.906 мың теңгеге (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 144.164.844 мың теңге) асты. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігінің сомасы, есептелген сыйақыны қоса алғанда, 209.673.118 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 208.550.806 мың теңге) болды, олардың 41.758.093 мың теңгесі (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 41.882.401 мың теңге) ҚМГ ҰК қарыздарының қысқа мерзімді бөлігін білдіреді.

Ұзақ мерзімді қарыздар мен есептелген сыйақының ағымдағы бөлігін төлеу операциялық қызметтен алынған ақша қаражатының есебінен, сондай-ақ қолдағы қарыздарды қайта қаржыландыру есебінен жоспарлануда.

Қаржылық есептілік Компания өз қызметін таяу арада үздіксіз негізде жалғастыра алатындығының негізінде дайындалған. Компания, қазіргі уақытта, өтімділік пен тиімділікті арттыруға бағытталған бастамаларды жасауда. Атап айтқанда, Компания 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап шикі мұнайды қайта өңдеу тарифін тоннасы үшін 37.436 теңгеден 41.466 теңгеге дейін ұлғайтты. Компания басшылығы жоғарыда аталған бастамалар Компанияға өз қызметін кем дегенде 2021 жылдың ішінде жалғастыру үшін өтімділіктің қажетті деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді деп есептейді.

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Компания 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

«Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерде бизнес болып есептелу үшін қызмет түрлері мен активтердің интеграцияланған жиынтығына кем дегенде үлес және принципалды маңызы бар процесс кіруі тиіс екендігі түсіндіріледі, олар бірігіп едәуір шамада қайтарымның пайда болуына ықпалдаса алады. Бұл ретте бизнеске қайтарымдылықтың пайда болуына қажетті барлық үлестер мен процестер міндетті түрде кірмей қалуы да түсіндіріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбеді, бірақ егер Компания бизнестерді біріктіру мәмілесін жасайтын болса, келешекте қолданылуы мүмкін.

7 ХҚЕС-ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Базалық пайыздық мөлшерлемелі реформалау»

«Қаржы құралдары: мойындау және бағалау» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер базалық пайда мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы хеджирлеудің қарым-қатынастарына әсер етеді, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша және/немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне немесе өлшеміне қатысты белгісіздіктер пайда болса. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені оның пайыздық мөлшерлемелерге негізделген хеджирлеудің қарым-қатынастары жоқ.

«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын ұсынады, соған сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бүркеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есептіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады».

Түзетулерде маңыздылық бүтіндей қарастырылатын қаржылық есептілік контекстінде ақпараттың (бөлек не болмаса басқа ақпаратпен жиынтығында алынған) сипатына немесе сандық маңыздылығына байланысты болатындығы түсіндіріледі. Егер бұл қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге тұрарлық болса, ақпараттың бұрмалануы елеулі болып табылады. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді және оның әсері келешекте де болмайды деп күтілуде.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. КОМПАНИЯНЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

2018 жылғы 29 наурызда шығарылған «Қаржылық есептілікті ұсынудың концептуалдық негіздері»

Концептуалдық негіздер стандарт болып табылмайды және Концептуалдық негіздердің бірде бір ережесінің стандарттың қандай да бір ережесіне немесе талабына басым түсетіндей күші жоқ. Концептуалдық негіздердің мақсаты мынада: ХҚЕС жөніндегі Кеңеске стандарттарды әзірлеуге жәрдемдесу; стандарттардың бірде бірі белгілі бір операцияны немесе басқа да оқиғаны реттегенде, есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржы есептерін жасаушыларға жәрдемдесу; және барлық тараптарға стандарттарды түсінуде және түсіндіруде жәрдемдесу. Бұл құжат өздерінің есеп саясатын Концептуалдық негіздердің ережелеріне сәйкес әзірлейтін ұйымдарға ықпалын тигізеді.

Концептуалдық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдаманы, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды мойындау критерийлерін қамтиды, сондай-ақ кейбір маңызды ережелерді түсіндіреді. Бұл құжаттың қайта қаралуы Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару»

2020 жылғы 28 мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару». Бұл түзету Covid-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалдау бойынша иеліктен шығарулар болған жағдайда жалдау шарттарының түрлендірулерін есепке алу бөлігінде жалға алушылар үшін 16 ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдік ретінде жалға алушы жалға беруші Covid-19 пандемиясымен байланысты ұсынған жалдау бойынша иеліктен шығару жалдау шартының түрлендіруі болып табылатындығын сараламау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешімді қабылдайтын жалға алушы Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығарумен негізделген жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін мұндай өзгеріс есепте, егер ол жалдау шартының түрлендіруі болып табылса, 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сай көрсетілетіндей етіп ескеруі тиіс.

Бұл түзету 2020 жылғы 1 маусымнан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. КОМПАНИЯНЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» (жалғасы)

17 ХҚЕС (IFRS) 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым 17 ХҚЕС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Компанияға қатысты қолданылмайды.

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

2020 жылғы қаңтарда ХҚЕС жөніндегі Кеңес 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76 тармақтарына түзетулерді шығарды, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеуге қатысты талаптар түсіндіріледі. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы деп нені түсінуге болады;
- міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңына болуы тиіс;
- міндеттемелердің жіктелуіне ұйымның міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдылығы да ықпалын тигізбейді;
- міндеттеменің талаптары оның жіктелуіне ықпалын тигізбейді, тек егер айырбасталатын міндеттемеге өндірілген туынды құрал өз бетімен үлестік құрал болып табылмаса ғана.

Мұндай түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта Компания бұл түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы жіктелуіне ықтимал ықпалын және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша талаптарды қайта қарау қажеттілігін саралайды.

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Бизнесерді біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды – «Концептуалдық негіздерге сілтемелер». Бұл түзетулердің мақсаты – 1989 жылы шығарылған «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» арналған сілтемелерді, стандарттың талаптарына айтарлықтай өзгертулерді енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған «Қаржы есептерін ұсынудың концептуалдық негіздеріне» арналған сілтемелерге ауыстыру.

Сондай-ақ Кеңес 37 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін 3 ХҚЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 (IFRIC) КРМФО Түсіндірмелерін қосты.

Сол уақытта Кеңес шартты активтерге қатысты 3 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданыстағы талаптарын түсіндіріп беруді шешті, әрі оларға «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» арналған сілтемелерді ауыстыру ықпалын тигізбейді. Мұндай түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және перспективті түрде қолданылады.

16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды, ол ұйымдарға негізгі құралдар объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу процесінде жасалған бұйымдарды сатудан және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін күйге келтіруден түсетін қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салады. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды.

Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым бұл түзетулерді алғаш рет қолданатын кезеңде ең бірінші болып ұсынылған қаржылық есептіліктің басталу күніне (немесе содан кейін) пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдардың объектілеріне қатысты ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Бұл түзетулер Компанияға айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. КОМПАНИЯНЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Ауыртпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары»

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды, оларда ұйым қандай шығындарды шарттың ауыртпалық түсіретіндігін немесе залал келтіретіндігін бағалау кезінде ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі.

Түзетулер «шартпен тікелей байланысты шығындарға» негізделген тәсілді қолдануды көздейді. Тауарларды беруге немесе қызметтерді көрсетуге арналған шартпен тікелей байланысты шығындарға бұл шартты орындауға арналған қосымша шығындар, сол сияқты шартты орындаумен тікелей байланысты бөлінген шығындар жатады. Шартпен тікелей байланысты емес жалпы және әкімшілік шығындар оларды шарт бойынша контрагент ашық түрде өтеуге тиіс болған жағдайлардан басқа, алынып тасталады.

Мұндай түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Компания бұл түзетулерді солар бойынша бұл түзетулерді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басына өз міндеттерін орындамаған шарттарға қолданады.

«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым

2018-2020 жылдардағы кезең үшін ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру процесінің шеңберінде ХҚЕС жөніндегі кеңес «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Бұл түзетуге сай 1 ХҚЕС-тің (IFRS) D16(a) тармағын қолдануды шешкен еншілес ұйым бас ұйымның ХҚЕС-ке өту күніне сүйене отырып, бас ұйымның қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы. Бұл түзету 1 ХҚЕС-тің (IFRS) D16(a) тармағын қолдануды шешкен қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға қолданылады.

Мұндай түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы

2018-2020 жылдардағы кезең үшін ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру процесінің шеңберінде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым бұл түзетуді ұйым бұл түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе содан кейін) түрлендірілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолдануы тиіс.

Мұндай түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Компания бұл түзетуді ол бұл түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе содан кейін) түрлендірілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданады.

- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте қалпына келтіріледі және салық салынатын пайда орын алады деген ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса БЖК құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ (жалғасы)

Салық салу (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Компания кейінге қалдырылған салық активтерін және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін, егер оның ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға арналған заңмен қорғалған құқығы болған және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органы белгілі бір ұйымнан өндіріп алатын пайда салығына жатқан жағдайда, соның операцияларына салық салынса не болмаса түрлі ұйымдардан, операцияларына салық салынса, әрі олар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша нетто-негізде есеп айырысуларды жасағысы келсе не болмаса жүзеге асырса, не болмаса бұл активтерді өткізгісі және бұл міндеттемелерді кейінге қалдырылған міндеттемелердің немесе активтердің едәуір сомасының өтелуі немесе орны толтырылуы күтілетін әрбір келешек кезеңдерде бір мезгілде өтелген жағдайда, өзара есепке алады.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Компанияның қызметі негізінен мұнайды, тұрақты газ конденсатын және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеумен байланысты. Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім тауарларға немесе қызметтерге бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Компания мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Компания түсімді алуды көздейтін ол жасаған барлық шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, өйткені барлық жағдайларда ол шарт бойынша өзіне міндеттемелер алған негізгі тарап болып табылады.

Көрсетілетін қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарға сай орындалуға жататын жеке міндеттер болып табылады. Шарттарда түсім құрамында танылатын ауыспалы өтемақы (айыппұл) көзделген.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімге жататын маңызды бухгалтерлік пайымдаулар, бағалаулар мен жорамалдар туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі 4-ескерпнеде көрсетілген.

Қаржыландырудың айтарлықтай компоненті

Әдетте, Компания сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдерді алады. 15 ХҚЕС-те (IFRS) көзделген практикалық сипаттағы жеңілдікті пайдалану нәтижесінде Компания сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен сатып алушының мұндай тауардың немесе қызметтердің ақысын төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтіп отырса, шарттарда қаржыландырудың едәуір құрамдасының ықпалын ескере отырып өтемақының уәде етілген сомасын түзетпейді.

Шарт бойынша қалдықтар

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Компанияға шартсыз болып табылатын өтемақыға құқық береді. Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты «Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейінгі бағалау» бөлімінде қарастырылады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді беру міндеті, әрі солар үшін Компания сатып алушыдан өтемақыны алды (не болмаса сол үшін өтемақы төленуі тиіс). Егер сатып алушы өтемақыны Компания тауарды немесе қызметті сатып алушыға бермес бұрын төлейтін болса, төлем жасалған сәтте немесе төлем төленуге тиісті болатын сәтте (қайсысының бұрын басталуына қарай) шарт бойынша міндеттеме танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Компания шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда түсім ретінде танылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Компанияның қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін кіріс сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ мұндай баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалауға қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін: Компанияның болжаулары мен бағалауы ол қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Компания бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдарды пайдалы қолдану мерзімі

Компания негізгі құралдар объектілерінің қалған пайдалы қызмет ету мерзімін, кем дегенде әрбір есепті жылдың соңына бағалайды. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы бағалаулардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, есепті бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі. Мұндай бағалаулар негізгі құралдардың баланстық құнына және пайда немесе зиян туралы есепте көрсетілген амортизацияға елеулі ықпал етуі мүмкін.

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Басшылық тәуелсіз бағалаушыны тарту арқылы 2020 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша өзінің ұзақ мерзімді активтерінің өтелетін құнын бағалайды.

Ақша қаражатын әкелетін бірліктің өтелетін сомасы дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдалана отырып есептеледі. Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа алынған құнынан салық салынғанға дейін алынды. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. Меншікті капиталдың құны Компанияның инвестициялары бойынша күтілетін кірістіліктен есептеп шығарылады. Қарызға алынған капиталдың құны Компания қызмет көрсетуге міндетті болатын пайыздық қарыздарға негізделген. Тиесілі тәуекел жеке бета факторды қолдану арқылы қосылды. Бета фактор жалпыға қолжетімді нарықтық деректерге сүйене отырып бағаланған.

Жыл сайынғы негізде бекітілетін бизнес-жоспар болжамды ақша ағындары үшін ақпараттың негізгі дерек көзі болып табылады. Ол мұнай өнімдерін сату көлемдері, түсім, шығыстар мен күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды. Мұнай бағасы, сондай-ақ шығыстардың инфляция деңгейі сияқты түрлі жорамалдар қолдағы бағаларды, басқа да макроэкономикалық факторларды және тарихи үрдістер мен құбылуларды ескереді. 2025 жылға дейінгі (қоса) болжамды ақша ағындары басшылықтың операциялық және күрделі шығындардағы әлеуетті өзгерістер туралы ағымдағы бағалауын ескере отырып, Компанияның бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген.

Негізгі құралдардың өтелетін құны ретінде толлинг нобайына сай пайдалану құны қабылданды.

Пайдалану құндылығын айқындау кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдар мыналар болып табылды:

	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Мұнайды қайта өңдеу тарифінің болжамы (тоннасына теңге)	41.466	41.466	41.466	41.466	41.466
Мұнайды қайта өңдеу көлемі (мың тонна)	5.355	5.355	5.355	5.355	5.355
ҚР тұтыну бағаларының индексі (инфляция)	5,80%	5,40%	5,30%	5,90%	5,90%

Ақша ағындары салық салынғанға дейінгі капиталдың орташа алынған құнын пайдалана отырып дисконтталды, әрі ол 11,36% тең болды. 2020 жылғы 30 қарашаға негізгі құралдардың өтелетін құны 895.553.585 мың теңге болды, бұл олардың баланстық құнынан асады. Дисконттау мөлшерлемесі 1%-ға азайған/ұлғайған жағдайда өтелетін құн тиісінше 133.015.061/94.429.827 мың теңгеге ұлғаяды/азаяды.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Сауда дебиторлық берешек пен шарттық активтері бойынша күтілетін несиелер залалдарына бағалау резерві

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша күтілетін залалдарды бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, құнсыздану залалдарын айқындау және несиелер тәуекелінің сдәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсызданудың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады. Компанияның КНЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базальқ жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін КНЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Компания дефолт ықтималдылығын (PD) айқындау үшін пайдаланатын ішкі несиелік рейтингнің тағайындау жүйесі;
- солар бойынша КНЗ топшілік негізде бағаланғанда қаржы активтерін топтарға біріктіру;
- КНЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды айқындау, мысалы, бір жылға шегіне отырып мұнай бағасын, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері.

2020 жылғы 31 желтоқсанда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелер залалдарының резерві және басқа да ағымдағы активтер 9.587 мың теңге (2019 жылғы: 293.439 мың теңге) болды.

Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер

Жұмыскерлердің белгіленген төлемдері бар сыйақы жоспары бойынша міндеттемелердің ағымдағы құны және ағымдағы қызметтердің тиісті құны ақпараттық бағалауға сәйкес айқындалады, әрі ол демографиялық және қаржылық жорамалдарға, оның ішінде жұмыс барысында және содан кейін болған өлімге, персонал санының өзгеруі жөніндегі статистикаға, дисконт мөлшерлемесіне, жалақы мен төлемдердің келешек деңгейіне және шектелген дәрежеде, зейнетақы жоспарының активтеріне күтілетін кірістерге негізделген. Егер шешуші жорамалдарда одан кейін өзгерістер қажет болған жағдайда, бұл жұмыскерлердің төлемдеріне арналған шығындардың келешек сомаларына айтарлықтай ықпал ете алады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда жұмыскерлерге төлемдер бойынша таза міндеттеме 1.593.327 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2.319.043 мың теңге) болды. Барынша толық ақпарат 17-ескертемеде келтірілген.

Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, салық заңнамасындағы өзгерістерді, сондай-ақ салық салынатын келешек табыс сомаларын және оларды алу мерзімдерін түсінуге қатысты айқынсыздық бар. Операциялардың айтарлықтай әр-алуандығын, сондай-ақ жорамалдардың ұзақ мерзімді сипаты мен күрделілігін есепке ала отырып немесе осындай болжалдардың келешек өзгерістері есептілікте көрсетілген шығыстар сомасын немесе пайдаға салынатын салық бойынша кірістер сомасын түзетуге әкеп соқтырады.

Осы сияқты резервтердің өлшемі түрлі факторларға тәуелді болады, мысалы, алдыңғы аудиттің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасын түрлі етіп түсіндіруіне тәуелді болады. Түсіндірулердегі осындай айырмашылықтар басым болатын шарттарға қарай мәселелердің көпшілігі бойынша туындап қалуы мүмкін. Салық салуға қатысты белгісіздік факторлары 29-ескертемеде ашылып көрсетілген.

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Барынша толық ақпарат 30-ескертемеде ашылып көрсетілген.

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдардағы қозғалысқа мыналар жатады:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2018 жылғы							
31 желтоқсанға	4.236.459	264.849.146	557.602.223	22.325	35.152.882	3.204.542	865.067.577
Түсімдер	70.934	-	146.534	-	2.571.287	36.972.060	39.760.815
Есептен шығару	-	(17.539)	(66.558)	(112)	(376.602)	-	(460.811)
МЕА-ға аудару	-	-	-	-	-	(1.869.626)	(1.869.626)
Басқа да айналымнан тыс активтерге аудару	-	-	-	-	(976.535)	-	(976.535)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтерге аудару	-	-	-	-	(840.135)	-	(840.135)
Ауысулар	-	7.680.529	15.174.002	-	902.411	(23.756.942)	-
2019 жылғы							
31 желтоқсанға	4.307.393	272.512.136	572.856.201	22.213	36.433.308	14.550.034	900.681.285
Түсімдер	-	443.769	806.119	-	768.632	21.498.033	23.516.553
Есептен шығару	-	(81)	(170.870)	-	(4.907.026)	-	(5.077.977)
МЕА-ға аудару	-	-	-	-	-	(154.668)	(154.668)
Сатудан активтерге аударымдар	-	-	-	-	-	(1.381.755)	(1.381.755)
ТМҚ-дан аударым	-	-	102.488	-	1.516.587	-	1.619.075
Ауысулар	-	23.263.861	(8.256.483)	20.229	7.424.231	(22.451.838)	-
2020 жылғы							
31 желтоқсанға	4.307.393	296.219.685	565.337.455	42.442	41.235.732	12.059.806	919.202.513
Жинақталған тозу және құнсыздану							
2018 жылғы							
31 желтоқсанға	-	(25.873.769)	(106.139.059)	(21.595)	(6.721.629)	-	(138.756.052)
Тозу бойынша аударымдар	-	(7.212.169)	(30.294.728)	(185)	(5.470.073)	-	(42.977.155)
Есептен шығару	-	7.997	65.188	112	375.045	-	448.342
Басқа да айналымнан тыс активтерге аудару	-	-	-	-	464.404	-	464.404
Пайдалану құқығы нысанындағы активтерге аудару	-	-	-	-	316.511	-	316.511
2019 жылғы							
31 желтоқсанға	-	(33.077.941)	(136.368.599)	(21.668)	(11.035.742)	-	(180.503.950)
Тозу бойынша аударымдар	-	(10.054.299)	(30.961.172)	(187)	(7.327.707)	-	(48.343.365)
Есептен шығару	-	78	170.850	-	4.443.553	-	4.614.481
Басқа да аударымдар және қайта топтасулар	-	(1.501.173)	1.475.665	(1.476)	26.984	-	-
2020 жылғы							
31 желтоқсанға	-	(44.633.335)	(165.683.256)	(23.331)	(13.892.912)	-	(224.232.834)
Қалдық құны							
2020 жылғы							
31 желтоқсанға	4.307.393	251.586.350	399.654.199	19.111	27.342.820	12.059.806	694.969.679
2019 жылғы							
31 желтоқсанға	4.307.393	239.434.195	436.487.602	545	25.397.566	14.550.034	720.177.335

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

2020 жылдың 31 желтоқсанына және 2019 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның барлық негізгі құралдары «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған (14-ескертеме).

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалануда жүрген толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны 38.481.658 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 21.387.899 мың теңге) болды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, аяқталмаған құрылыстың құрамына Басқа да айналымнан тыс активтерден 3.255.804 мың теңге сомаға технологиялық қондырғыларға (өндірісте бір жылдан артық пайдалану мерзімімен катализаторлар, абсорбенттер және басқалары) жүктелмеген ұзақ мерзімді реактивті активтер қайта жіктелген (6-ескертеме).

6. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР

Басқа да айналымнан тыс активтер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Қоймадағы катализаторлар	-	3.448.048
Басқасы	-	231.588
Жиыны	-	3.679.636

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, «Басқа да айналымнан тыс активтер»-ден аяқталмаған құрылыстың құрамына 3.255.804 мың теңге сомаға технологиялық қондырғыларға (өндірісте бір жылдан артық пайдалану мерзімімен катализаторлар, абсорбенттер және басқалары) жүктелмеген ұзақ мерзімді реактивті активтер қайта жіктелген (5-ескертеме).

7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдасқан компанияға инвестициялар 2014 жылғы қарашада пайда болған «РТИ-АНПЗ» ЖШС-тің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін 55 мың теңгеге ақша қаражатымен сатып алу және 1.477.218 мың теңге сомаға мүлікті салу (жер учаскесін пайдалану құқығы) арқылы «РТИ-АНПЗ» ЖШС-тегі инвестицияларымен көрсетілген. Бұл компания қызметінің негізгі түрі – теміржолдарды салу және пайдалану; вагондарды мұнай өнімдерін тасу үшін булау, жуу және дайындау; вагондарды сырттан және іштен жуып шаю; вагондарды тексерумен және тиеуге дайындықпен ілесіп жүретін қызметтерді көрсету; жуу-булау станцияларын пайдалану.

Компанияның «РТИ-АНПЗ» ЖШС-не қатысуы үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып қаржылық есептілікте ескеріледі. Төменде келтірілген кестеде Компанияның «РТИ-АНПЗ» ЖШС-ке салған инвестициялары бойынша жалпыланған қаржылық ақпарат қамтылған:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты	1.434.356	866.653
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	409.614	192.904
Өзге де қысқа мерзімді активтер	346.020	269.255
Ұзақ мерзімді активтер	22.238.336	24.439.969
Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	(5.186.713)	(2.611.977)
Қысқа мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешек	(14.146)	(1.163.652)
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	(416.711)	(371.027)
Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	(2.963.026)	(6.544.177)
Ұзақ мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешек	(39.642)	(1.926.181)
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	(688.915)	(452.100)
Меншікті капитал	15.119.173	12.699.667
Инвестицияның баланстық құны	4.535.752	3.809.900

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Компанияның қаржылық есептілігіне қосылған «РТИ-АНПЗ» ЖШС-тің қаржы нәтижелеріндегі Компанияның үлесі былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жыл	2019 жыл
Түсім	13.813.276	12.244.285
Өзіндік құны	(4.938.376)	(4.633.426)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(292.576)	(291.037)
Басқа да шығыстар	(7.819)	(56.355)
Басқа да кірістер	319.289	42.020
Қаржылық кірістер	89.048	106.160
Қаржылық шығыстар	(1.042.172)	(1.396.660)
Салық салынғанға дейінгі пайда	7.940.670	6.014.987
Пайда салығы бойынша шығыстар	(1.497.596)	(1.524.915)
Бір жылғы таза пайда	6.443.074	4.490.072
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	6.443.074	4.490.072
Компанияның бір жылғы пайдасындағы үлесі (30%)	1.932.922	1.347.022

«РТИ-АНПЗ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының шешіміне сай 2018-2019 жылдар үшін 273.221 мың теңге сомасында, 2020 жылдың 1-3 тоқсаны үшін – 933.849 мың теңге сомасында қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша дивидендтер төленді. РТИ-АНПЗ-ға салынған инвестициялардың баланстық құны тиісінше азайды.

8. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар 2014 жылғы мамырда СМГСІП жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын 2.200.000 мың теңгеге ақша қаражатымен сатып алу арқылы Компанияның «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС-не (бұдан әрі – «СМГСІП») салған инвестицияларымен білдірілген. Сатып алу күніне таза активтердің әділ құны 3.076.674 мың теңгені құрады. Таза активтерді сатып алу құны мен әділ құнын бағалау арасындағы 661.663 мың теңге мөлшеріндегі айырма СМГСІП негізгі құралдарының құнына толығымен жатқызылды. СМГСІП қызметінің негізгі түріне Қазақстан Республикасының ішкі нарығына және шетелге қайта сатудан кірісті ала отырып, үш жақты келісімдерге сәйкес Компанияның берушілерінен сатып алынған сұйытылған газды сату кіреді.

СМГСІП қатысушыларының жалпы жиналысының шешімдеріне сай 2020 жылы 550.000 мың теңге сомасында 2019 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша дивидендтер төленді. СМГСІП-ға салынған инвестициялардың баланстық құны тиісінше азайды.

2020 жылғы 30 қыркүйектен бастап СМГСІП-ға салынған инвестиция «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер мен тоқтатылған қызмет» 5 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сай сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді мойындау критерийлерін қанағаттандыра бастады және 3.080.029 мың теңге жалпы баланстық құнымен сатуға арналған активтердің құрамына аударылды (12-ескерме).

Компанияның СМГСІП-ге қатысуы үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып қаржылық есептілікте ескерілді. Төменде бірлескен кәсіпорын туралы жалпыланған қаржылық ақпарат көрсетілген, әрі ол ХҚЕС-ке сай дайындалған қаржылық есептілігіне негізделеді, сондай-ақ бұл ақпаратты шоғырландырылған қаржылық есептілікте инвестицияның баланстық құнымен салыстырып тексеру.

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты	-	1.093.750
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	-	337.868
Басқа да қысқа мерзімді активтер	-	1.008.925
Ұзақ мерзімді активтер	-	5.154.467
Қысқа мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешек	-	(1.344.290)
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	-	(281.382)
Меншікті капитал	-	5.969.338
Инвестицияның баланстық құны	-	2.984.669

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

8. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Компанияның қаржылық есептілігіне қосылған Компанияның СМГСІП-ның қаржы нәтижелеріндегі үлесі 2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығындағы кезең үшін көрсетілген (*СМГСІП-ге салынған инвестицияларды сатуға арналған активтерге аудару күні 2020 жылғы 30 қыркүйекте орын алды):

Мың теңгемен	2020 жыл*	2019 жыл
Түсім	5.521.663	9.071.614
Өткізудің өзіндік құны	(3.440.296)	(5.771.486)
Өткізу шығыстары	(628.628)	(1.440.671)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(301.154)	(411.168)
Басқа да шығыстар	(174.874)	(460.948)
Басқа да кірістер	472.696	433.229
Қаржылық кірістер	2.547	9.875
Қаржыландыру бойынша шығындар	-	(3.467)
Салық салынғанға дейінгі пайда	1.451.954	1.426.978
Табыс салығы бойынша шығыстар	(161.234)	(643.408)
Бір жылғы кіріс	1.290.720	783.570
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	1.290.720	783.570
Компанияның бір жылғы кірістері үлесі (50%)	645.360	391.785

9. ҚОРЛАР

Айналымдағы қорлар

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айналымдағы қорлар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Шикізат пен материалдар	5.090.107	3.621.594
Қосалқы бөлшектер	1.132.900	1.369.132
Химиялық реагенттер	439.619	547.970
Басқасы	70.047	61.925
	6.732.673	5.600.621
Минусы: ескірген қорлар бойынша резерв	(97.254)	(11.924)
Жиыны	6.635.419	5.588.697

Айналымнан тыс қорлар

2020 жылғы 31 желтоқсанға 2.070.552 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1.587.020 мың теңге) сомасындағы апатты қорға 380.326 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 380.326 мың теңге) сомаға аппараттар мен құбырлардағы технологиялық мұнай, 11.044 мың теңгеге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 11.044 мың теңге) құбырдағы метанол, 821.136 мың теңге сомаға (2019 жылғы 31 желтоқсан: 821.136 мың теңге) аппараттар мен құбырлардағы мұнай өнімдері, 858.046 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 374.514 мың теңге) сомаға қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Компанияның негізгі құралдарын апатты жөндеуге арналған қосалқы бөлшектердің ең аз қоры қосылған.

Ескірген қорлар бойынша резервтегі өзгеріс былайша берілген:

Мың теңгемен	2020 жыл	2019 жыл
1 қаңтарға	11.924	20.049
Бір жылда қалпына келтіру	(1.104)	(9.543)
Бір жылға есептеу	86.434	1.418
31 желтоқсанға	97.254	11.924

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. БАСҚА САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

Айналымдағы бөлік

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа салықтар бойынша алдын ала төлем теңгемен көрсетілген және былайша білдірілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Мүлікке салынатын салық	733.293	1.594.148
Ақциздер	393.567	240.570
Өтелуге жататын ҚҚС	24.625	12.231.442
Басқа салықтар	21.191	7.283
Жиыны	1.172.676	14.073.443

11. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламалары былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Банктердегі ағымдағы шоттар, АҚШ долларында	29.978.169	75.611.076
Банктердегі ағымдағы шоттар, теңгемен	6.202.317	21.820.671
Ресей рублімен банктердегі ағымдағы шоттар	494	2
Жиыны	36.180.980	97.431.749

2020 жылғы 31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несие залалдарының резерві 501 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2.441 мың теңге) болды.

2020 жылдың ішінде теңгемен ашылған ағымдағы шоттардағы ақша қаражатының 5% мөлшерінде (2019 жылы: 5%) сыйақы, теңгемен депозит шоттарындағы сыйақы 0,5-10% мөлшерінде (2019 жылы: 0,5-8,25%) есептелді.

12. САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатуға арналған активтер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Компанияның СМГСП БК БК-ға қатысу үлесі (8-ескертпе)	3.080.029	-
Сатуға арналған басқа да активтер	16.510	16.510
Жиыны	3.096.539	16.510

Компанияның жылғы 30 қыркүйектен бастап СМГСП БК БК-да қатысу үлесі «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер мен тоқтатылған қызмет» 5 ЖҚЕС (IFRS) мойындау критерийлерін қанағаттандыра бастады, осыған орай инвестиция сатуға арналған активтердің құрамына ең төменгі құны бойынша аударылды.

13. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және толығымен төленген жарғылық капиталы 47.807.399 мың теңге болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 47.807.399 мың теңге).

Қосымша төленген капитал мыналардан алынған несиелер мен қарыздарды дисконттаудан болған жинақталған кірісті білдіреді: ҚМГ ҚМ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме немесе пайызсыз қаржылай көмек, ҚМГ ҰК-дан пайызсыз қаржылай көмек бойынша (14-ескертпе).

Меншікті капиталдың басқа да құрамдастары тәжірибенің негізінде түзетулердің және актуарлық жорамалдарда өзгерістер ықпалының салдары болған белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламасының таза міндеттемесінің жинақталған қайта бағалануын білдіреді.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. НЕСИЕЛЕР МЕН ҚАРЫЗДАР

Несилер мен қарыздар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Валюта	Шарт бойынша пайыздық мөлшерлеме	Өтеу мерзімі	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Қытайдың Экспорт-импорт Банкі	АҚШ доллары	6 ай LIBOR + 4,1%	2018-2026 жылдар	287.387.235	350.041.654
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	Теңге	11%	2020-2024 жылдар	41.207.404	-
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	АҚШ доллары	5%	2021 жылғы шілде	21.517.095	-
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	АҚШ доллары	5%	2021 жылғы желтоқсан	20.627.454	-
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	АҚШ доллары	5%	2019-2024 жылдар	-	52.771.145
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	АҚШ доллары	5%	2020 жылғы желтоқсан	-	38.322.765
Жапондық Халықаралық Ынтымақтастық Банкі	АҚШ доллары	4,64%			
		6-ай LIBOR + 1,1%	2016-2025 жылдар	60.098.211	65.253.957
ҚМГ ҰК / ҚМГ ҚМ	Теңге	-	2021 жылғы шілде	31.038.592	31.137.117
ҚМГ ҰК / ҚМГ ҚМ	Теңге	3,5%	2026-2032 жылдар	11.846.892	11.263.894
ҚМГ ҰК / ҚМГ ҚМ	Теңге	-	2021 жылғы желтоқсан	10.719.501	10.745.284
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	АҚШ доллары	5%	2016-2025 жылдар	59.523.947	63.915.985
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	10,99%	2019-2023 жылдар	47.793.759	61.431.248
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	7,99%	2019-2026 жылдар	25.150.881	25.051.441
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	9%	2014-2023 жылдар	10.064.401	12.932.448
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	7,99%	2020-2026 жылдар	35.332.493	-
Несилер мен қарыздар				662.307.865	722.866.938
Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома				(196.049.258)	(195.880.116)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар				466.258.607	526.986.822

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ АҚ)

ҚДБ АҚ-нан алынған қарыздардың төленуін қамтамасыз ету ретінде Компания өзінің арлық негізгі құралдарын кепілмен қамсыздандыруға ұсынды.

2020 жылғы 15 қаңтарда «Мұнайды терең өңдеу кешенінің» құрылысына арналған шартты қаржыландыру мақсатында Компания ҚДБ АҚ-нан 7,99% сыйақы мөлшерлемесімен 46.061.800 мың теңге сомаға қарыз алды. Негізгі борыш пен сыйақының төлемі жарты жылдық төлемдердің негізінде 2020 жылғы маусымнан бастап жүзеге асырылуда. Бастапқыда танылған кезде бұл қарыз жылдық 15,2% тиімді мөлшерлемесі бойынша негізгі борыш сомасының келешекте ақшалай төленуін дисконттау арқылы есептелген 35.059.591 мың теңге мөлшерінде танылған. Дисконттаудан 11.002.209 мың теңге мөлшерінде түскен кіріс жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық кірістердің құрамында танылды (25-ескертпе).

2020 жылғы 27.749.438 мың теңге жалпы сомаға, төлем кестесіне сай, ҚДБ АҚ-нан алынған қарыздар бойынша негізгі борыш, 16.483.691 мың теңге сомаға сыйақы өтелді.

Басшылықтың пікірінше осы қарыз бойынша барлық қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды Компания 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша орындады деп жорамал жасайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ ҰК)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның «Мұнайды терең өңдеу кешені» құрылысының инвестициялық жобасын қаржыландыруды ұйымдастыру шығыстарын өтеу үшін жылдық 3,5% мөлшерлемесі бойынша амортизациялық құны 396.928 мың теңге, 9.942.914 мың теңге және 1.507.050 мың теңге болатын ҚМГ ҰК-дан алынған үш ұзақ мерзімді қарызы бар. Бастапқы мойындау кезінде Компания бұл қарыздарды 12% тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындады.

Пайызсыз қаржылық көмек

2020 жылғы шілдеде Компания ҚМГ ҰК-дан бір жыл мерзімге 33.000.000 мың теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылай көмек алды. Бастапқыда танылған кезде бұл қарыз 13% тиімді мөлшерлемесі бойынша негізгі борыш сомасының келешекте ақшалай төленуін дисконттау арқылы есептелген 29.255.152 мың теңге мөлшерінде танылған. 3.744.848 мың теңге мөлшерінде дисконттаудан болған айырма капиталдың құрамында танылды.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. НЕСИЕЛЕР МЕН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ ҰК) (жалғасы)

Пайызсыз қаржылық көмек (жалғасы)

2020 жылғы желтоқсанда Компания бір жыл мерзімге 12.000.000 мың теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылай көмек алды. Бастапқыда танылған кезде бұл қарызды Компания 13% тиімді мөлшерлемесі бойынша негізгі борыш сомасының келешекте ақшалай төленуін дисконттау арқылы есептелген 10.623.025 мың теңге мөлшерінде мойындады. 1.376.975 мың теңге мөлшерінде дисконттаудан болған айырма капиталдың құрамында танылды.

2020 жылғы шілдеде және желтоқсанда қаржылай көмектің өтелуіне орай Компания 4.877.135 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты қосымша-төленген капиталдан жинақталған залалға қайта жіктелді.

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ

2020 жылғы желтоқсанда Компания КПА-ны салу – стратегиялық инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін 5,25% сыйақы мөлшерлемесімен тартқан қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында 2019 жылғы қаңтарда «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-нан алған қарызды мерзімінен бұрын толық өтеді. Сыйақы мен негізгі борышты төлеу амалдары 2019 жылдың шілдесінен бастап жарты жылдық төлемдермен жасалады.

Компания 2020 жылы төлеген негізгі борыш пен сыйақы сомасы тиісінше 55.479.179 мың теңге және 3.528.185 мың теңге болды (тиісінше баламасы 135.000 және 8.809 мың АҚШ доллары).

2020 жылғы желтоқсанда «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, The Export-Import Bank of China кредитор-банктердің алдындағы ағымдағы міндеттемелерді өтеу мақсатында 2019 жылы алынған қарыз толығымен өтелді. Есепті кезеңде 41.447.367 мың теңге (баламасы 100.000 мың АҚШ доллары) сомаға негізгі борыш, 1.123.311 мың теңге (баламасы 2.746 мың АҚШ доллары) сомаға сыйақы төленді.

2020 жылғы шілдеде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, The Export-Import Bank of China, Japan Bank for International Cooperation кредитор-банктердің алдындағы ағымдағы міндеттемелерді өтеу мақсатында Компания «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-нан жылдық 5% мөлшерінде тиянақталған мөлшерлемемен 21.040.000 мың теңге (баламасы 51.000 мың АҚШ доллары) сомаға қарыз алды. Есепті кезеңде 462.715 мың теңге (баламасы 1.091 мың АҚШ доллары) сыйақылар төленді.

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ мен «АМӨЗ» ЖШС арасында жасалған 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № KS 01-11-24 Несие желісін беру туралы келісімге сәйкес, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-нан алынған қарыздарды ішінара/толық ішкі қайта қаржыландыру мақсатында, Компания 2020 жылғы желтоқсанда жылдық 11% мөлшерінде тиянақталған мөлшерлемемен, 17.611.190 мың теңге және 23.477.838 мың теңге сомаға екі траншты алды. Негізгі борыш пен сыйақылардың төлемі жарты жылдық төлемдердің негізінде 2021 жылғы қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

Сондай-ақ 2020 жылғы желтоқсанда қолдағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында, Компания «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-нан жылдық 5% мөлшерінде тиянақталған мөлшерлемемен 20.603.000 мың теңге (баламасы 49.000 мың АҚШ доллары) сомаға қысқа мерзімді қарыз алды. Сыйақыны өтеу мерзімі – ай сайын, 2021 жылғы қаңтардан бастап, негізгі борышты – 2021 жылғы желтоқсанда.

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-мен несие келісімдеріне сай бұл қарыздар бойынша ковенанттар жоқ.

Қытайдың Экспорт-Импорт Банкі (EXIM Bank)

«Мұнайды терең өңдеу кешенінің» құрылысын қаржыландыру мақсатында Компания Қытайдың Экспорт-Импорт Банкімен 4,1% + 6m LIBOR сыйақы мөлшерлемесімен 1.130.409 мың АҚШ доллары сомасына несие келісімін жасады, негізгі борыш 2018-2026 жылдар аралығында төленуі тиіс. Сыйақы жартыжылдық төлемдердің негізінде төленеді.

2020 жылдың қаңтары мен шілдесінде Компания 91.491.390 мың теңге және 21.002.281 мың теңге сомаға (тиісінше баламасы 235.576 мың АҚШ доллары және 53.331 мың АҚШ доллары) негізгі борыш пен сыйақыны төледі.

Басшылықтың пікірінше осы қарыз бойынша барлық ковенанттарды Компания 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша орындады деп жорамал жасайды.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. НЕСИЕЛЕР МЕН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Жапондық Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (JBIC)

«Мұнайды терең өңдеу кешенінің» құрылысын қаржыландыру мақсатында Компания Жапондық Халықаралық Ынтымақтастық Банкімен 297.500.000 АҚШ доллары сомасына (баламасы 100.992.325 мың теңге) несие келісімін жасады, оның ішінде: 178.500.000 АҚШ долларын (баламасы 60.595.395 мың теңге) (А траншы) жылдық 4,64% сыйақы мөлшерлемесімен Жапондық Халықаралық Ынтымақтастық Банкі және 119.000.000 АҚШ долларын (баламасы 40.396.930 мың теңге) (Б траншы) 6m LIBOR + жылдық 1,10% сыйақы мөлшерлемесімен Bank of Tokyo MUFG берді. Негізгі борыш 2016 жылдан бастап 2025 жылға дейін төленуі тиіс. Сыйақы жартыжылдық төлемдердің негізінде төленеді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Б траншы бойынша берешекті толығымен өтеді (119.000 мың АҚШ доллары).

2020 жылғы маусымда және желтоқсанда Компания 12.175.187 мың теңге және 3.289.569 мың теңге сомаға (тиісінше баламасы 29.750 және 8.047 мың АҚШ доллары) негізгі борыш пен сыйақыны төледі.

Басшылықтың пікірінше осы қарыз бойынша барлық ковенанттарды Компания 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша орындады деп жорамал жасайды.

15. ОБЛИГАЦИЯЛАР

Шығарылған облигациялар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Шығарылған облигациялар	44.195.550	51.649.650
Төленуге жататын купондық сыйақы	996.560	1.192.990
	45.192.110	52.842.640
Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома	(13.623.860)	(12.670.690)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар	31.568.250	40.171.950

«Самұрық-Қазына» ҰОҚ Қатысушыларының Жалпы жиналысы мен Басқармасының 2019 жылғы 10 қаңтардағы шешіміне сәйкес Компания «Астана» Халықаралық қаржы орталығы» биржасында 150.000.000 АҚШ доллары жалпы сомаға (баламасы 56.223.000 мың теңге) бір бағалы қағаздың номиналды құнының баламасы 1.000 АҚШ доллары болатын 150.000 дана көлемінде купондық облигацияларды орналастырды. Облигациялар «Самұрық-Қазына» ҰОҚ-қа атаулы сату мақсатында орналастырылды және тиісінше, биржада одан әрі қайта сатылуға арналмаған. Облигациялардың айналу мерзімі 2024 жылдың 21 қаңтарына дейін (5 жыл). Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі жылдық 5% құрайды және облигациялардың барлық айналыс мерзіміне белгіленген болып табылады. Негізгі борыштың өтелуі және сыйақының төленуі облигацияларды шығару күнгі бағамға индекстелген, өтеу күнгі бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады. Төлем 2019 жылдың шілдесінен бастап жарты жылдық төлемдермен жасалады. Тартылған қаражат қолдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға арналған.

Купондық сыйақыны төлеу кезеңділігі мен облигациялар бойынша негізгі борышты өтеудің графикасына сай 2020 жылғы 11.845.800 мың теңге сомаға негізгі борыш пен 2.510.932 мың теңге сомаға купондық сыйақы өтелді.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

16. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Компания 2022-2023 жылдарға дейін кепілдік берілген қызмет ету мерзімімен катализаторлардың жалдау шарттарын жасады. Жалдау шарттары бойынша келешек кезеңдердің және сатып алу құқығымен жалдаудың ең аз жалдау төлемдері, сондай-ақ таза ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны кестеде келтірілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан		2019 жылғы 31 желтоқсан	
	Ең аз төлемдер	Төлемдердің келтірілген құны	Ең аз төлемдер	Төлемдердің келтірілген құны
Бір жыл ішінде	905.534	775.317	823.093	637.944
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	767.340	708.054	1.438.879	1.266.628
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	1.672.874	1.483.371	2.261.972	1.904.572
Қаржылық шығыстарды шегере отырып	(189.503)	-	(357.400)	-
Ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны	1.483.371	1.483.371	1.904.572	1.904.572

Компанияның жерді және басқа да жабдықты (серверлер) уақытша пайдалану әрі жалдау шарттары бар.

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан		2019 жылғы 31 желтоқсан	
	Ең аз төлемдер	Төлемдердің келтірілген құны	Ең аз төлемдер	Төлемдердің келтірілген құны
Бір жыл ішінде	80.205	69.117	54.791	42.256
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	167.477	101.196	94.978	78.584
Бес жылдан жоғары	263.332	70.148	98.654	34.911
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	511.014	240.461	248.423	155.751
Қаржылық шығыстарды шегере отырып	(270.553)	-	(92.672)	-
Ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны	240.461	240.461	155.751	155.751

17. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Компанияның жұмыскерлерге тиесілі сыйақылардың белгіленген төлемдермен бірге жоспарлары бар, олар негізінен зейнетақыға қосымша төлемдерден және барлық жұмыскерлер үшін қолданылатын мерейтой күндеріне арналған төлемдерден тұрады. Бұл төлемдер қамтамасыз етілмеген.

Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар	1.324.814	1.262.355
Басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар	109.825	713.929
Қысқа мерзімді төлемдер	158.688	342.759
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің жиыны	1.593.327	2.319.043
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	(158.688)	(342.759)
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	1.434.639	1.976.284

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Келесі кестелерде жиынтық күйде 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдардың тиісті жоспарлары үшін жиынтық кіріс туралы есепте танылған таза төлемдер шығыстарының құрамдастары көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жыл	2019 жыл
Өткізудің өзіндік құнында көрсетілді (23-ескертпе)	(377.305)	513.984
Қаржылық шығыстарда көрсетілді (26-ескертпе)	203.844	169.605
Жалпы және өкімшілік шығыстарда көрсетілді (24-ескертпе)	(86.958)	112.815
Басқа да жиынтық кірісте көрсетілді	(91.045)	(55.905)
Төлемдер бойынша таза шығыстар	(351.464)	740.499

Жұмыскерлерге тиесілі сыйақылардың белгіленген төлемдерімен бірге жоспарлар бойынша міндеттемелердің баланстық құнындағы өзгерістер 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жыл	2019 жыл
Жыл басына белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттеме	2.319.043	2.028.767
Ағымдағы қызметтердің және өткен жылдар қызметтерінің құны	(481.720)	532.027
Пайыздар бойынша шығындар (26-ескертпе)	203.844	169.605
Жыл ішінде төленген сыйақы	(374.251)	(450.225)
Басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық зияндар	17.456	94.774
Еңбек ету қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар бойынша актуарлық (кірістер)/зияндар	(91.045)	(55.905)
Кезең соңына белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша міндеттеме	1.593.327	2.319.043

Бұдан әрі жұмыскерлерге тиесілі сыйақылардың белгіленген төлемдері бар Компанияның жоспарлары бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған негізгі жорамалдар көрсетілген:

Мың теңгемен	2020 жыл	2019 жыл
Дисконт мөшерлемесі	10%	8,79%
Келешек жылдары инфляцияның күтілетін деңгейі	6%	7%
Жалақының келешек өсуі	7%	7%
Зейнетақының келешек өсімі	7%	7%

18. БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Бағалау міндеттемелері былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Салық тәуекелдері	Баланс даланы жою және қалпына келтіру резерві	Жиыны
2020 жылғы 1 қаңтарға	1.317.264	-	1.317.264
Есептелгені	-	3.936.874	3.936.874
Есепті бағалаудағы өзгеріс	-	(1.274.917)	(1.274.917)
Дисконт амортизациясы	-	52.233	52.233
2020 жылғы 31 желтоқсанға	1.317.264	2.714.190	4.031.454
Қысқа мерзімді	1.317.264	-	1.317.264
Ұзақ мерзімді	-	2.714.190	2.714.190

Салық тәуекелдері

2018 жылғы желтоқсанда, Мұнайды терең өңдеу кешенінің аяқталмаған күрделі құрылыстан пайдалануға берілген нысандарға Компания 1.317.264 мың теңге сомда мүлік салығы бойынша резервті есептеді.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

18. БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ (жалғасы)

Экологиялық бағдарлама бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерв

2020 жылдың ішінде Компания 3.936.874 мың теңге сомаға мұндай қызметтерді көрсетудің бағалау құнын пайдалана отырып буланған даланы жою және қалпына келтіру резервін құрды, ол жиынтық кіріс туралы есепте басқа да шығыстардың құрамында танылды. 2020 жылғы желтоқсанда жаңартылған ақпараттың негізінде (Булану далаларын жою және құнын қалпына келтіру жобасын іске асыру және бағалау құнын өзгерту мерзімін қысқарту) бұрын құрылған резерв қайта қаралды. Осыған орай, есепті бағалаудағы өзгерістер 1.274.917 мың теңге болды. 2020 жылдың ішінде қаржылық шығыс 52.233 мың теңге болды.

19. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

